

Д. Майхиев

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

10

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің
10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал



Алматы “Мектеп”

Майхиев Д.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық: Әдістемелік нұсқау.
Жалпы білім беретін мектептің 10-сынып мұғалімдеріне арналған құрал.
1- және 2-бөлімдер. — Алматы: Мектеп, 2019. — 237 б.

© Майхиев Д.

© “Мектеп” баспасы,
көркем безендірілуі

Барлық құқықтары қорғалған

Басылымның мүліктік құқықтары
“Мектеп” баспасына тиесілі

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан тәуелсіздікке ие болған күннен бастап мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша барлық қажетті іс-шараларды қабылдауда.

Осыған байланысты оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру және де бәрінен бұрын қазақстандықтардың мемлекет қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, оларды әскери іске үйрету зор маңызға ие болуда.

Жеткіншек ұрпақта Отанға шексіз берілгендікті, Қазақстан Республикасын қорғауға дайындықты қалыптастыру аса маңызды міндеттердің бірі, оны шешуге Алғашқы әскери және технологиялық дайындық (АӘЖТД) пәні бағытталған.

АӘЖТД пәнінде Қазақстан Республикасы азаматтарын Қарулы Күштер қатарындағы әскери қызметке даярлау жүйесінің бір бөлігі болып табылатындығын ескерген маңызды. Осыған орай оқытушы орындайтын міндеттердің бірі оқушыларда Қазақстан Қарулы Күштеріндегі әскери қызметке сенімділік пен саналы дайындық сезімін қалыптастыру болып табылады.

АӘЖТД пәні басқа да оқу пәндері сияқты мынадай функцияларды:

- білім берушілік (оқушыларды әскери істегі білім, дағдылар мен шеберліктер жүйесімен қаруландыру);
- тәрбиелік (Қазақстан азаматының дүниеге ғылыми көзқарасын, белсенді әлеуметтік позициясын қалыптастыру);
- дамытушылық (шығармашылықпен ойлауды қалыптастыру), сондай-ақ психологиялық дайындықты жүзеге асыру үшін тағайындалған.

АӘЖТД пәнін зерделеу теориялық, сондай-ақ практикалық сабақтарда да жүргізіледі. Теориялық сабақтар көбінесе дидактикалық материалды, оқытудың техникалық құралдары мен инновациялық әдістерін пайдаланумен, әңгімелеу және әңгімелесу нысанында өткізіледі. Практикалық сабақтар қарулар мен әскери-техникалық мүлікті, жеке қорғану құралдарын, аспаптар мен басқа да жабдықтарды пайдаланумен, зерделенген материалды бекітуге бағытталған.

АӘЖТД пәнінің 10-сыныптағы оқушыларға арналған 30 сағат көлеміндегі далалық оқу жиынын (лагерьлік) көздейтінін атап өтеміз.

АӘЖТД пәнінің оқу-далалық сабақтарға арналған оқытудың қолданылатын әдістері бойынша мыналарды:

- оқушыларда бірқатар физикалық және психологиялық қасиеттерін дамыту үшін нақты мүмкіндіктерді;
- әскери өмір жағдайларына жылдамдатылған бейімделу үшін қажетті әскери білім мен дағдылар жүйесімен қаруландыруды көздейді.

АӘЖТД оқу пәні күрделі болып табылады, оқытушыдан толып жатқан оңды қасиеттерді, мысалы, әскери іс, жалпы және әскери педагогика, әскери және оқушы психологиясы бойынша терең, жан-жақты білімді, сондай-ақ әдістемелік жоғары шеберлікті талап етеді.

Сондай-ақ оқытушының оңды қасиеттері әскери іс бойынша өздігінен білім алу үшін де қажет. Қазіргі уақытта елдің саяси басшылығы республикада өмірге қабілетті және басқарылатын жүйесі бар оңтайлы, жауынгерлік қабілетті құралымдар, бөлімдер мен бөлімшелерді құрғандығын білу қажет.

Жүргізілетін жұмыс мемлекеттің заңнамалық базасына негізделген, ол Қазақстан Республикасын қорғау оның әрбір азаматының қасиетті борышы мен міндеті болып табылатындығын белгілеген.

Қазақстан Республикасының заңдары мен заңнамалық актілері мектептегі жастардың бастапқы әскери дайындығын көздейді, өйткені республика азаматтары Қарулы Күштердің қатарында заңмен белгіленген тәртіппен және түрлерде әскери қызмет атқарады. Кіріспе сабақта, сондай-ақ оқушыларға сабақтарға дайындық, киім нысаны мен оқу процесіне қажет болатын аспаптар туралы әңгімелеу де маңызды.

Құрметпен, автор

“Алғашқы әскери және технологиялық дайындық” бойынша

10-сыныпқа арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Сабақ нөмірі	Тақырыптың аты және сабақтың мазмұны	Сағаттар саны	Өткізілетін күні	Әдебиет оқу құралдары	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1	Тақырыбы: Оқушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындығының мақсаттары, міндеттері мен мазмұны. “Қазақстан Республикасының қорғаныс және Қарулы Күштер туралы”, “Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы”, “Ұлттық қауіпсіздік туралы”, “Азаматтық қорғану”, “Білім туралы” Қазақстан Республикасының Заңдарын, “Алғашқы әскери дайындық пәнін жүргізу және ұйымдастыру” және оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру ережелерін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығы. “Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды.	1		АӘЖТД оқулығы	
I тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі					
2	1-тақырып. Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері	1			
1	2	3	4	5	6

	Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы <i>Конституциясының</i> негізгі ережелері. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, олардың құрамы және атқаратын қызметтерін;				
3	2-тақырып. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері. Әскери бөлімнің жауынгерлік туы. Әскери анттың әскери қызметкерлерге қоятын талаптары. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының қасиетті борышы және міндеттері.	1			
4	3-тақырып. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары Экстремизм түрлері: саяси, діни, экономикалық және экологиялық. Экстремизм, терроризм, олардың өзіндік сипаттары. Қазіргі әлемдегі террорлық қауіп-қатерлердің ұлғаю себептерін қамтиды.	1			
II тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары					
5	4-тақырып. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа әскерлер және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары, олардың әскери ұжым қызметі мен тұрмыс-тіршілігіндегі маңызы. Әскери қызметкерлердің жалпы міндеттері. Әскери атақ және айыру белгілерін	1			
1	2	3	4	5	6

6	5-тақырып. Әскери қызметшілер және олардың өзара қарым-қатынастары Бастықтар және бағыныштылар, аға және кіші әскерилер, олардың құқықтары мен міндеттері. Әскери әдептілік ережесі және әскери қызметкерлердің тәртібі. Бұйрық, оны беру және орындау тәртібі. Бастықтарға және шені жоғарыларға мәлімдеме жасау.	1			
7	6-тақырып. Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы Әскери тәртіп, марапаттау және жазалау. Әскери тәртіпті сақтау бойынша әскери қызметшілердің міндеттері. Сарбаздарға көрсетілетін марапат түрлері. Сарбаздарға берілетін тәртіптік жазалауларды қамтиды.	1			
III тарау. Тактикалық дайындық					
8	7-тақырып. Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері – Бөлімшені ұйымдастыру. Штаттық қарулану және ұрыстық техника. Бөлімшенің ұрыстық мүмкіндіктерін қамтиды.	1			
IV тарау. Атыс дайындығы					
9	8-тақырып. Калашников автоматты мен қол пулеметі. Қару және патрондарды қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары. Калашников автоматты және қол пулеметінің атқаратын қызметі, ұрыстық қасиеті, жалпы құрылысы және жұмыс істеу механизмі.	1			
1	2	3	4	5	6

10	9-тақырып. Калашников автоматын қол пулеметін жартылай бөлшектеу және жинақтау Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау – Автоматты жартылай бөлшектеу және жинақтау; Калашников автоматының атқаратын қызметі, бөлшектері мен механизмдерінің, патронының құрылысын;	1			
11	10-тақырып. Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау – Автоматтың керек жарақтары. Автоматтың атудан кейінгі тазалау және майлау тәртібі. Автоматты сақтау. Автоматтың оқтарын тексеру және атысқа дайындау. Ату кезіндегі кідірістер және оны жою амалдарын;	1			
12	11-тақырып. Жарықшақтық гранаталары Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, Ф-1, РГО) атқаратын қызметі және ұрыстық қасиеті. Гранаталар мен тұтандырғыштың құрылысы. Гранатаны лақтырған кездегі бөлшектері мен механизмдерінің жұмысы. Гранатаны лақтыруға дайындауды қамтиды.	1			
V тарау. Саптық дайындық					
13	12-тақырып. Сап және оның элементтері. Саптық қалып Сап және оның элементтері. Саптық тұрыс – Сап және оның элементтері. Алдын ала және орындауға берілетін пәрмендер. Сапқа тұрғанға дейінгі және саптағы сарбаздың міндеттері Саптық тұрыс. “Сапқа тұр!”, “Түзел!”, “Тік тұр!”, “Еркін тұр!”, “Реттел!”, “Тоқтат!”, “Баскімдеріңді (киімді) ШЕШ!”, “Баскімдеріңді (бас киімді) КИ!” пәрмендерін орындауды;	1			
1	2	3	4	5	6

14	13-тақырып. Орнында бұрылулар. Саптық және жорықтық адым Бір орында орындалатын бұрылулар. Саптық және жорықтық адым – Бір қатарлы саптан екі қатарлы сапқа және қайтадан бір қатарлы сапқа түру. Саптық және жорықтық адыммен қозғалысты қамтиды.	1			
VI тарау. Әскери топография					
15	14-тақырып. Жергілікті жерде картасыз бағдарлау Бағдарлау туралы түсінік. Компаспен, аспан денелерінің және жергілікті заттар бойынша көкжиек тұстарын анықтау. Өзінің орналасқан жері туралы мәлімдеме жасауды қамтиды.	1			
16	15-тақырып. Магниттік азимутты анықтау Азимут және оны анықтау. Жергілікті жерде бағдарлаудың заманауи дербес жабдықтары. Спутниктік-навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтерді қамтиды: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo.	1			
VII тарау. Әскери роботтық техникалардың негіздері					
17	16-тақырып. Әскери роботтық техникалардың негіздері Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалану.	2			
18	17-тақырып. Роботтарды басқару алгоритмі Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері.	2			
19	18-тақырып. Роботтарға арналған тапсырмалар Роботтардың атқара алатын қызметтері. Жекелеген такти-калық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібін қамтиды.	2			
VIII тарау. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері					

20	19-тақырып. Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы. Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуы.	1			
21	20-тақырып. Ядролық қару және оның сипаттамасы Ядролық жарылыстардың түрлері. Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары және олардан қорғану тәсілдері. Ядролық зақымдау ошағы және оның сипаттамасы. Нейтронды оқ-дерілердің зақымдаушы әсерінің ерекшеліктері.	1			
22	21-тақырып. Химиялық қару Химиялық қару және оны қолдану белгілері. Ұлаушы заттар, олардың ұлағыш қасиеті және олардан қорғану тәсілдері туралы қысқаша түсінік. Химиялық зақымдау ошағы, зақымдаудың алғашқы және екінші аумағын.	1			
23	22-тақырып. Биологиялық (бактериологиялық) қару Биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақымдаушы әсері, қолдану белгілерін анықтау. Бактериологиялық құралдар, олардың ұлағыш әсері және олардан қорғану құралдары туралы қысқаша сипаттама. Бактериологиялық зақымдау ошағы, оның сипаттамасы. Бактериологиялық зақымдау ошағында жүргізілетін іс-шаралар. Карантин және обсервацияны.	1			
24	23-тақырып. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары Жалпы әскери газтұмылдырық, оның атқаратын қызметі және құрылысы. Азаматтық газтұмылдырықтар құрылысының ерекшеліктері. Сауыт-қорғанысты (маска) таңдау,	1			
1	2	3	4	5	6

	жарамдылығын тексеру, газтұмылдылықты жинау және қалтаға салу. Газтұмылдылықты алып жүру және пайдалану тәртібі, зақымдалған адамға газтұмылдылық кигізу тәсілдері. Жарамсыз газтұмылдылықты, тыныс алу мүшелерін қорғаудың қарапайым құралдарын пайдалану.				
25	24-тақырып. Теріні қорғаудың жеке құралдары Теріні қорғауға арналған қарапайым құралдар, қосымша герметизациялау және сіндіру арқылы олардың қорғаныс қасиеттерін арттыру. Арнайы қорғаныс киімінің (Л-1 жеңіл қорғаныс кеудеше, сүзгілі қорғаныс киімі, жалпыөскери қорғаныс жабдығы) атқаратын қызметімен және оларды пайдалану ережелерімен танысу.	1			
26	25-тақырып. Ұжымдық қорғану құралдары Радиацияға қарсы тасалар мен панаханалар, олардың қорғау қасиеттері, жалпы құрылысы және іштей жабдықталуы. Қарапайым тасаны паналау.	1			
27	26-тақырып. Эвакуациялау және халықты бөліп жайғастыру Азаматтық қорғаныс дабылы және ол бойынша өрекет ету тәртібі. Эвакуациялау және орналастыру тәсілдері мен тәртібі. Эвакуацияланаушылардың міндеттері, олардың керек-жарақтары, қажетті жеке мүліктері, құжаттары мен азық-түліктері. Эвакуация бекетіндегі төртіп, жүру бағыты және орналасатын орынға келу ережелер тәртібін.	1			
28	27-тақырып. Террорлық қауіп-қатер кезіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі Террорлық актілер бойынша қауіп-қатер төнген және террор болған кездегі азаматтардың атқаратын өрекеттері. Түрлі	1			
1	2	3	4	5	6

	деңгейдегі қауіп-қатер төнген кезде әрекет ету тәртібі. Лаңкестік қауіпінің алдын алуға ақпараттық технологияның тиімділігін біледі.				
29	28-тақырып. Табиғи апат аймақтарындағы тұрғындардың әрекеттері Табиғи апаттар, зілзалалар, олардың сипаттамалары және келтіруі мүмкін салдары. Табиғи апаттар және зілзалалар кезіндегі адамдардың әрекет ету тәртібі. Адамдардың табиғи апат салдарын жоюға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізуге қатысулары.	1			
30	29-тақырып. Жарақат алу, қан кету және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек Жарақат және олардың асқыну себептері туралы түсінік. Қансырау түрлері және олардың сипаттары. Күйік шалу себептері және олардың ауырлық деңгейлері. Естен танудың себебі. Жарақат алу және қансыраған кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Асептика және антисептика туралы түсінік.	1			
31	30-тақырып. Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек Сүйектің сынуы және оларды анықтау туралы түсінік. Соғып алу, шығып кету, буынның созылуы және оларды анықтау белгілері. Шина салудың негізгі ережелері. Түрлі қайғылы оқиға орын алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері; үсік шалу, күнге күйу және жылудың әсері, олардың алдын алу және көрсетілетін алғашқы медициналық көмек. Электр тогы соққан кезде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек және көмек көрсеткен кезде сақтауы керек қауіпсіздік шараларын қамтиды.	1			

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Кіріспе сабақ”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ө.:
Сыныбы:	
Сабақтың тақырыбы	Кіріспе сабақ
Бұл сабақта оқытудың қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары- на сілтеме)	Жас ұрпақтың мемлекет қауіпсіздігі үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, оларды Қарулы Күштер қатарындағы әскери қызметпен таныстыру.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды ҚР ҚЖ-дегі әскери қызметтің заңнамалық негіздерімен, оқытудың бұл пәні бойынша оқушылардың құқықтарымен және міндеттерімен таныстыру.
Бағалаудың өлшем шарт- тары	Барлық оқушылар: Оқушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындығының мақсаттарын, міндеттерін және мазмұнын; Қазақстан Республикасының “Қорғаныс және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері туралы”, “Әскери қыз-мет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы”, “Ұлттық қауіпсіздік туралы”, “Азаматтық қорғау тура-лы”, “Білім туралы” Заңдары. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 19.12.2014 жылғы “Алғашқы әскери дайындықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру Қағидаларын бекіту туралы” №606-Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2.12.2014 жылғы “Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының же-келеген түрлерін мемлекеттік тіркеу мен есепке алу, механикалық көлік құралдары жүргізушілерін дайындау, емтихандар қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру Қағидаларын бекіту туралы” №862-Бұйрығы. Оқушы-лардың алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша сабақтардағы құқықтары мен міндеттерін біледі. Оқушылардың көпшілігі: ҚР Заңдарын біледі және сұрақтарға жауап береді. Оқушылардың басым көпшілігі: Сұрақтар құрастырады, өз көзқарастарын талдай отырып, әңгімелесуді жүргізе алады.

Тілдік міндеттер	Кейбір оқушылар: өртүрлі ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық; Қазақстан Республикасының “Қорғаныс және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері туралы” Заңы; Қазақстан Республикасының “Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы” Заңы; Қазақстан Республикасының “Ұлттық қауіпсіздік туралы” Заңы; Қазақстан Республикасының “Азаматтық қорғау туралы” Заңы; Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы; Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 19.12.2014 жылғы “Алғашқы әскери дайындықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы” № 606-Бұйрығы. Оқушылардың алғашқы әскери және технологиялық дайындық бойынша сабақтардағы құқықтары мен міндеттері.	
Құндылықтарды дарыту	Сабақ ол бұдан кейінгі міндетті ұжымдық талқылаумен жұмыстардың ұжымдық, топтық және жұптық түрлерін кезектестіру есебінен қол жеткізілетін құрметтеу, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылықты дарытуға бағытталған; сабақты ұйымдастырудың мұндай нысаны оқушыларда шығармашылықпен және сыни тұрғыдан ойлана білетін тілектес және тіл табысатын жекетұлға қасиеттерін дамытуға бағытталған.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері	
Мұның алдындағы білім	Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталу кезеңі	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын аудару. Білімді өзектендіру Оқушыларға “Отанды қорғау” және қорғаныстың: ішкі және сыртқы түрлері түсініктерін еске түсіру ұсынылады.	Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының “Қорғаныс және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері туралы”, “Әскери қызмет және әске-

	Оқушылар әртүрлі ақпараттар бар карточкаларды пайдалана отырып, тақта жанындағы Венн диаграммасын толтырады. Жүппен жұмыс істей отырып, оқушылар Отанды қорғаудың әрбір түрі бойынша ақпарат мысалдарын бөліп орналастырулары қажет. Карточкалар тізбесі: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері; Мемлекетті қорғау; Әскери қызмет; Ұлттық қауіпсіздік; Азаматтық қорғау; Алғашқы әскери және технологиялық дайындық. Мұғалім оқушылар назарын кейбір карточкалардың ақпаратын Отанды ішкі қорғауға, сондай-ақ мемлекетті сырттан қорғауға да жатқызуға болатындығына аударады.	ри қызметшілердің мәртебесі туралы”, “Ұлттық қауіпсіздік туралы”, “Азаматтық қорғау туралы”, “Білім туралы” Заңдары, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 19.12.2014 жылғы “Алғашқы әскери дайындықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру Қағидаларын бекіту туралы” № 606-Бұйрығы. Оқулық, оқу бағдарламасы, “Қазақстан және Орта Азия” картасы, оқулық және пән бойынша дәптер.
Сабақтың ортасы (30 мин)	Оқушылар Қазақстан Республикасын қорғаудың ерекшеліктері туралы қорытынды жасайды. <i>Оқушылар “Алғашқы әскери және технологиялық дайындық” пәнін оқытудың мақсаттарын тұжырымдайды.</i> Оқушыларға оқулық тараулары сипаттамасының қысқаша мазмұнын пайдалана отырып, оқулықтың алғы сөзін оқып шығу ұсынылады. Оқулық мазмұнымен танысу және оқулық материалдарына талдау жасау. Топта оқулық мазмұнын талдау және оқыту пәнінің мақсаттары мен міндеттерін түсіну. Сабақтар мен мұғалімнің сабақтарда тәртіп пен қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша талаптарына адал ниетті көзқарастың қажеттігі туралы қорытындылар жасау. Мұғалімнің сабақтарда	

	тәртіп пен қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау жөніндегі талаптарын дәптерге жазып алу және материалды толық меңгергенге дейін зерделеу.	
Сабақтың соңы	Рефлексия. “Бір минуттық эссе” тәсілі. Сабақ тақырыбының маңызды сәттерін және нәнің түсініксіз болғандығын жазу. Үй тапсырмасы. §1, оқып шығу және пікірталас үшін сұрақтар дайындау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсының тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ын-талану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады;	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша өлшемшарттармен бағалау; – “бір минуттық эссе”.	• Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; • қызметті алмастыру.

• топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау		
---	--	--

**I тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ
КҮШТЕРІ — МЕМЛЕКЕТТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕПІЛІ**

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері — мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§1. Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Оқушыларда әскери іс пен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызмет негіздерін ой елегінен өткізіп, түсінуді қалыптастыру
Сабақтың мақсаты	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздерін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы мен құрамын білу
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: “мемлекет қорғанысы”, “әскери қауіпсіздік”, “Қарулы Күштер” анықтамаларын білетін болады; Қазақстан Республикасын қорғаудың конституциялық негіздерін біледі; Қазақстан Қарулы Күштерінің түрлерін, басқа әскерлері мен әскери құралымдарын ажырата білетін болады. Оқушылардың барлығы: Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекетті қорғау мәселелері бойынша негізгі ережелері бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады; Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы мен құрамын білетін болады. Оқушылардың басым бөлігі: Қазақстан Республикасы Конституциясының мемлекетті қорғау мәселелері бойынша талаптарынан шығатын ақпаратты талдай алады;

	Қарулы күштер туралы ақпаратқа талдау жасай алады, әскерлер түрлері мен тектерін міндеттері мен қолданылу мақсаттары бойынша ажырата алатын болады. Кейбір оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: Мемлекетті қорғау, әскери қауіпсіздік, Қарулы Күштер, агрессия, халықаралық құқық, әскери жағдай, жұмылдыру, ұжымдық қауіпсіздік жүйесі, ұлттық қауіпсіздік.	
Құндылықтарды дарыту	Сабақ елдер арасындағы бейбітшілік пен келісудің маңыздылығын түсіну мен білімді қалыптастыруға бағытталған. Оқушылар Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Конституциясына, Әскери доктрина мен басқа да заңнамалық нормаларға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылатындығын түсінулері тиіс. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстандық қоғамда “Мәңгілік ел” – ұлттық бірлік, қоғамдағы татулық пен келісім, жоғары руханилылық, тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығы идеясы дамытылуда.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарындағы әскери қызметтің заңнамалық негіздері	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы (5 мин)	Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жинақтау. Сабақ мақсаттарын белгілеу. Білімді өзектендіру Мұның алдындағы кіріспе сабақ тақырыбын жаңа тақырыппен біріктіретін қысқаша сюжет ұсынылады. Ойлануға берілетін сұрақтар. Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар (интербелсенді) тақтада ұсынылған сұрақтарға жауап береді.	Оқулық Мысалдары бар карточкалар

	Ұсынылған кілт сөздерді пайдалана отырып, сөздердің мәнін түсіндіру: “агрессия”, “халықаралық құқық”, “әскери жағдай”, “жұмылдыру”, “ұжымдық қауіпсіздік жүйесі”, “ұлттық қауіпсіздік”. Оқушыларға оларға кілт сөздер: мемлекетті қорғау, әскери қауіпсіздік, Қарулы Күштер деген кілт сөздер жазылған қағаз парақтары үлестіріледі. Оқушыларды топтарға бөлу. Сабақ тақырыбына жұмылдыру.									
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушыларға “Инсерт” сыни тұрғыдан ойлану стратегиясын пайдалана отырып, параграфты оқып шығу ұсынылады (“V құсбелгісі” белгісімен <i>белгілі ақпаратты</i>; “плюс +” белгісімен <i>жаңа ақпаратты</i>, жаңа білімді белгілейді; “сұрақ ?” белгісімен <i>ненің түсініксіз</i> екенін және қосымша мәліметтерді талап ететіндері; “минус –” белгісімен <i>егер оқушылар өзгеше ойланса</i>, сол белгіленеді). Оқушыларға дәптерде оны өз белгілеріне сәйкес кестеге орналастыра отырып, ақпаратты жүйелендіру ұсынылады. <table border="1"> <tr> <td>V</td> <td>+</td> <td>–</td> <td>?</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> Кестені толтыру үшін мәтінге қайтадан оралу қажет, осылайша ойлана, зейін қоя оқу қамтамасыз етіледі. Кестенің әрбір бағанын кезектестіре талқылау. Бұл ретте оқушылардың өз позициясын оқулық мәтініне сілтеме жасай отырып қорғауы, сенімді дәлелдерді оқып беруі маңызды.	V	+	–	?					Оқулық, кестесі бар дәптер Сұрақтары бар карточкалар
V	+	–	?							

	Шағын топтарға (3–5 адам) біріктіруге және нәтижелерді талқылауға болады. Сергіту минуты Карточкалар бойынша ақпарат сипаттарын анықтауға тапсырма (оқулықпен жұмыс) (Пб – мұғалім “Түсініктеме”) Пішімдік бағалау Тапсырмалар Өрбір топқа тапсырмалар таратылады. 1-топ. Қазақстан мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуде басқа мемлекеттерге қатысты қандай саясат жүргізеді? 2-топ. Қазақстан сыртқы агрессия және өзінің қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда қандай әрекет жасайды? 3-топ. Қазақстан үшін қауіпсіздіктің қандай жүйесі неғұрлым қолайлы? 4-топ. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін іс-шаралардың қандай жүйесі іске асырылады? Білімді тексер. “Жуан және жіңішке сұрақтарға” жауаптар. 1. ҚР Қарулы Күштері қай жылы құрылды? 2. ҚР Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы кім болып табылады? 3. Қазақстан Республикасының қорғанысы дегеніміз не? 4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдары мен азаматтарының мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қандай міндеттері бар? 5. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері не үшін тағайындалған? 6. Сендер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскерлерінің	
--	---	--

	түрлері мен тектері орындайтын қандай міндеттерді білесіңдер? Топтар мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы эссе жазады, командалардың жұмысын жалпылайды, бағалайды.	
Сабақтың соңы	Рефлексия. “Шабадан” тәсілі. Үй тапсырмасы: §1, оқулық тапсырмаларын орындау	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсының тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	• Мұғалім тарапынан бағалау: • ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшем шарттарымен бағалау; • “бір минуттық эссе”	• Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; • сергектік минуты; • қызметті алмастыру

Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбеген болса, неліктен олай екендігі туралы ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?	Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.
--	---

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сыныбы:	
Сабақтың тақырыбы	§2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері
Бұл сабақта оқытудың қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері мен Әскери анттың талаптарын білу
Сабақтың мақсаты	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздермен танысу және олардың азамат (әскери қызметші), қоғам мен мемлекет үшін маңызын түсіну; әскери ант мәтінімен танысу, әскери қызметтің өнегелілік және кәсіптік талаптарын түсіну.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін әскери рәміздердің маңыздылығын; – Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік нышандары туралы” Жарлығының талаптарын;

	– әскери антты, әскери қызметтің өнегелілік және кәсіптік талаптарын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері туралы” Жарлығының әскери қызметшілер, азаматтар, қоғам мен мемлекет үшін әскери нышандардың рухани және өнегелілік маңызды мәселелері, негізгі ережелері бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады; – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімінің Жауынгерлік туы мен Әскери анттың тағайындалуын білетін болады. Кейбір оқушылар: – Қазақстан Республикасы Президентінің “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздер туралы” Жарлығының талаптарынан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады; – Қарулы Күштер, әскери ант, әскери қызметтің өнегелілік және кәсіптік талаптары туралы ақпаратына талдау жасай алады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: “Бөлімнің жауынгерлік туы”, “Әскери ант”, “Әскери қызмет”, “Қарулы күштердің рәміздері”	
Құндылықтарды дарыту	Сабақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері нышандарының құндылығын түсіндіруге бағытталған. Оқушылар Қазақстанды қарулы қорғау Қазақстан Республикасы Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдары мен Әскери доктринаға қатаң сәйкестікте жүзеге асырылатынын түсінулері тиіс. ҚР ҚК нышандары әскери қызметтің идеологиялық және заңдық негізі болып табылады	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Мемлекет қорғанысының конституциялық негіздері	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру.	Оқулық, көрсетілім

	Сабақтың мақсатын белгілеу. Білімді өзектендіру: Бірінші сабақтың тақырыбын жаңа тақырыппен біріктіретін қысқаша сюжет ұсынылады. Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар (интербелсенді) тақтада ұсынылған сұрақтарға жауап береді. Кілт сөздерді пайдалана отырып сөздердің мәнін анықтау, бөлімнің жауынгерлік туы, әскери ант, әскери қызмет, Қарулы Күштердің нышандары. <i>Оқушыларға сарбаз, абырой, ерлік, борыш кілт сөздері жазылған парақтар таратылады. Оқушыларды топтарға бөлу.</i> Сергіту минуты	Мысалдар келтірілген карточкалар								
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушыларға “Инсерт” сыни ойлану стратегиясын пайдалана отырып, параграфты оқып шығу (“Джигсо” әдісімен) ұсынылады. Оқушыларға оны кестеге өз белгілеулеріне сәйкес орналастыра отырып, ақпаратты жүйелеу ұсынылады: <table><tr><td>V</td><td>+</td><td>–</td><td>?</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> Пішімделген бағалау Тапсырмалар Әрбір топқа тапсырмалар үлестіріледі. 1. Қазақстан мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай іс-тәжірибелік шаралар қабылдайды? 2. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскерлер тектері қандай рөл атқарады?	V	+	–	?					Оқулық, кестесі бар дәптер Сұрақтары бар карточкалар
V	+	–	?							

	3. Мемлекеттік шегараны күзету бойынша ҚР ҰҚК Шекаралық әскерлерінің орны мен рөлі қандай? 4. Кілт сөздерді пайдалана отырып, негізгі жайттарды нақтылаңдар және олардың өзара байланысынан мысал келтіріңдер: <i>Қарулы Күштердің нышандары, әскери бөлімнің жауынгерлік туы, әскери ант, әскери қызмет.</i> Білімдеріңді тексер. Қарулы Күштердің нышандарымен жұмыс.	
	1. Сендер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері рәміздерінің қандай сипаттамаларын білесіңдер? 2. Құрлықтық әскерлердің Туына қойылатын жалпы талаптар мен сипаттамасы қандай? 3. Әуе шабуылынан қорғану күштерінің туына қойылатын жалпы талаптар мен сипаттамасы қандай? 4. Әскери-теңіз күштері Туына қойылатын жалпы талаптарды санамаляндар және сипаттамасы қандай? 5. Бөлімнің жауынгерлік туына қоятын жалпы талаптар мен сипаттамасы? 6. Әскери ант мазмұнының моральдық және өнегелілік құндылықтарын қарастырыңдар.	
Сабақтың соңы (4 мин)	Өзара бағалау 9–10 балл — материал жақсы меңгерілген; 4–8 балл — материал меңгерілген; 0–3 балл — материалды қайталау қажет. Рефлексия 1. Зерделенген материал мені ... қызықтырды. 2. Материал қызықты болып көрінді, өйткені... 3. Ойлануға мәжбүрледі...	

	4. Ойлауға ... жетеледі. 5. Менің ҚР Қарулы күштеріне деген көзқарасымды өзгертті, өйткені мен ... білдім. Үй тапсырмасы. §2, оқулық тапсырмаларын орындау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі. • Меңгерілетін оқу курсының тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады. • Топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	• Мұғалім тарапынан бағалау: • ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшем шарттарымен бағалау; • “бір минуттық эссе”.	• Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; • сергектік минуты; • қызметті алмастыру; • сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау

Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбеген болса, сіз оның неліктен екендігі туралы ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?	Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.
---	---

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері — мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§3. Экстремизм және терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери істің негіздері бойынша білімді қалыптастыру, ұлттық қауіпсіздікке қатерлермен таныстыру.
Сабақтың мақсаты	Қазіргі кезде террористік қатерлердің өсу себептерін есепке алумен олардың сипатты белгілерін айқындай отырып, экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептерін айқындау.
Бағалау өлшем-шарттары	Барлық оқушылар: – экстремизм мен терроризмнің пайда болу себептерін білетін болады; экстремизмнің түрөзгерістерімен танысады; – экстремизм мен терроризмнің сипатты белгілерін, заманауи дүниеде террористік қатерлердің өсу себептерін біледі.

	Оқушылардың көпшілігі: – Қазақстан Республикасының “Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы” Заңының (28.12.2016 ж. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен); – Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі “Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы” №416-І Заңының (11.07.2017 ж. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізгі ережелері бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады. Кейбір оқушылар: – Қазақстан Республикасының “Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы” Заңының (28.12.2016 ж. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) талаптарынан шығатын ақпаратты талдай алады; – Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі “Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы” №416-І Заңының (11.07.2017 ж. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) талаптарынан шығатын ақпаратты талдай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: экстремизм; экстремизмнің түрлері: – саяси; – ұлттық; – діни; – экономикалық; – экологиялық және т.б.; терроризм
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушыларға Отанды қорғауға деген жауапкершілік сезімін дарытуға бағытталған. Оқушылар экстремистік қызметтің негізінде мемлекеттің конституциялық негіздеріне қарама-қайшы немесе жоққа шығаратын радикал идеялардың жатқандығын түсінулері тиіс. Оқушылар радикалды идеяларды тасымалдауыштармен тұрақты алдын алу жұмысын жүргізу, әлеуетті қатерлерді жоюдың құқық қорғау орындары қызметінің ажырамас бөлігі болып табылатындығын түсінулері тиіс. Алдын алу жұмысы қауіпсіздік деңгейін төмендетеді, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, халықтың қоғамдық өміріне қолдау жасайды.
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері, орыс тілі
Мұның алдындағы білім	Қазақстанның заманауи тарихын, мемлекетті қорғаудың заңнамалық негіздерін, әскери анттың талаптарын білу

Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын жұмылдыру. Сабақтың мақсатын белгілеу. Білімді өзектендіру Бұл тараудың, мұның алдындағы сабақтардың тақырыптарын жаңа тақырыппен біріктіретін қысқаша сюжет ұсынылады. Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар (интербелсенді) тақтада ұсынылған сұрақтарға жауап береді. Кілт сөздерді пайдалана отырып, сөздердің мәнін әңгімелеу: – экстремизм; экстремизм түрлері: – саяси; – ұлттық; – діни; – экономикалық; – экологиялық және т.б.; терроризм. Оқушыларға кілт сөздер жазылған қағаз парақтары үлестіріледі. Оқушыларды топтарға бөлу	Оқулық, тұсаукесер, Қазақстан Республикасының “Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы” Заңы (28.12.2016 ж. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен); Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі “Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы” №416-І Заңы (11.07.2017 ж. берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен). Мысалдар келтірілген карточкалар.
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушыларға “Инсерт” сыни ойлау стратегиясын пайдалана отырып параграфты, оқулық материалын оқып шығу ұсынылады. Кестені толтыру үшін мәтінге қайтадан оралу қажет, осылайша ойлана, зейін қоя оқу қамтамасыз етіледі. Кестенің әрбір бағанын кезектестіре талқылау. Бұл ретте оқушылардың өз позициясын қорғауы, оған сілтеме жасай отырып, мәтінді оқуы маңызды.	Оқулық, кестесі бар дәптер

	Шағын топтарға (3–5 адам) бірігуге және нәтижелерді талқылауға болады. Сергектік минуты Карточкалар бойынша ақпарат сипатын анықтауға тапсырма (оқулықпен жұмыс)	
	ҚБ (15 мин)	
Сабақтың соңы	Рефлексия 1. Бүгін мен ... білдім. 2. ... қызықты болды. 3. ... қиын болды. 4. Мен мынаны түсіндім 5. Енді мен ... орындай аламын Мен ... ие болдым. 6. Мен ... үйрендім. 7. Менде ойдағыдай болды. Үй тапсырмасы: §3 және оқулықта берілген тапсырмаларды орындау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсы тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ын-талану байқалса, ол тақырыпты ақ	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама; – тест	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – сергектік минуты; – қызметті алмастыру; – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау

параттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де қол жеткізбеген болса, неліктен екендігі туралы ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. “Білімді тексер” айдарындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

І ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

І тарау. “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі”

§1. Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері

1-сұрақ

Қазақстан Республикасы қандай мемлекеттермен шектеседі?

- А. Ресей, Қытай, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан.
- В. Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан.
- С. Ресей, Қытай, Өзбекстан, Өзірбайжан, Түрікменстан.
- Д. Ресей, Қытай, Өзбекстан, Ауғанстан, Түрікменстан.

2-сұрақ

Қазақстан Республикасының Конституциясы қашан қабылданды?

- А. 1995 жылғы 30 тамызда.
- В. 1995 жылғы 1 желтоқсанда.
- С. 1995 жылғы 25 қазанда.
- Д. 1995 жылғы 16 желтоқсанда.

3-сұрақ

“Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шегарасы туралы” Заң бойынша Қазақстан өз аумағын (құрлықта, су және ауа кеңістігінде) қорғайды:

- A. Шегаралық қызметпен.
- B. Қарулы Күштерімен.
- C. Ұлттық ұланмен.
- D. Аумақтық қорғаныспен.

4-сұрақ

Өз тағайындалуы мен мазмұны бойынша Қазақстанға қарсы агрессияны тойтарудың негізгі құралы болып табылады:

- A. Шегаралық қызмет.
- B. Қарулы Күштер.
- C. Ұлттық ұлан.
- D. Аумақтық қорғаныс құралымдары.

5-сұрақ

ҚР Қарулы Күштерінің құрамына кіреді:

- A. Құрлықтық әскерлер.
- B. Әскери-әуе күштері.
- C. Әскери-теңіз күштері.
- D. Жоғарыда санамаланғанның бәрі.

§2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері

6-сұрақ

Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы ... нышаны болып табылады:

- A. Әскери қадір-қасиеттің, айбындылық пен даңқтың.
- B. Әскери бөлімшенің әскери тарихының.
- C. Әскери дайындық бойынша жетістіктердің дәлелдемесі.
- D. Әскери қызметшілердің әскери оқу-жаттығулардағы табыстарының.

7-сұрақ

Жауынгерлік ту әскери бөлімде... сақталады:

- A. Барлық уақытта, оның аталуы мен нөмірленуі өзгертілген кезеңде.
- B. Оның аталуы мен нөмірленуінің өзгеруіне қарамастан, барлық уақытта.
- C. Барлық уақытта, бөлімнің аталуы өзгертілгенге дейін.
- D. Барлық уақытта, бөлімнің нөмірленуі өзгертілгенге дейін.

8-сұрақ

Жауынгерлік ту өз әскери бөлімінде ... болады:

- A. Ерекше уақыттың барлық жағдайлары мен мән-жайлары кезінде.
- B. Бейбіт уақыттың барлық жағдайлары мен мән-жайлары кезінде.

- С. Соғыс уақытындағы барлық жағдайлар мен мән-жайлар кезінде.
D. Бейбіт және соғыс уақытының барлық жағдайлары мен мән-жайлары кезінде.

9-сұрақ

Әскери ант Қазақстан Республикасы Президентінің ... Жарлығымен бекітілді:

- A. 1992 жылғы 25 тамыздағы.
B. 1991 жылғы 25 тамыздағы.
C. 1993 жылғы 25 тамыздағы.
D. 1994 жылғы 25 тамыздағы.

10-сұрақ

Бүгінгі күні нағыз жауынгерге айналу – бірінші кезекте ... болуды білдіреді:

- A. Тілалғыш.
B. Тәртіпті.
C. Бағынышты.
D. Жуас.

§3. Экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары

11-сұрақ

Экстремизм – бұл:

- A. Саяси қызмет нысаны, ол демократия қағидаттарын тікелей жоққа шығарады және төзбестік практикасына негізделген.
B. Саяси қызмет нысаны, ол демократия қағидаттарын жоққа шығарады және төзбестік идеологиясына негізделген.
C. Саяси қызмет нысаны, ол парламенттік демократия қағидаттарын тікелей немесе жанама түрде жоққа шығарады және төзбестік идеологиясы мен практикасына негізделген.
D. Саяси қызмет нысаны, ол парламентаризм қағидаттарын жоққа шығарады және төзбестікке негізделген.

12-сұрақ

Экстремизм өзінің кез келген көрінісінде ... әрекет болып табылады:

- A. Саяси.
B. Экономикалық.
C. Демографиялық.
D. Экологиялық.

13-сұрақ

Экстремистер саяси күресін ... мақсатымен жүргізеді:

- A. Қолданыстағы биліктің партиялық қызметіне күштік (қарулы) әдістермен нұқсан келтіру.

В. Саяси өкімет билігінің қызметіне күштік (қарулы) әдістермен нұсқан келтіру.

С. Мемлекеттің ішкі саяси тұрақтылығына күштік (қарулы) әдістермен нұсқан келтіру.

Д. Қолданыстағы өкімет билігі қызметіне күштік (қарулы) әдістермен нұсқан келтіру.

14-сұрақ

Қоғамдық тәртіп пен заңдарды бұзушылық әрқашанда ... қатер төндіреді:

А. Мемлекет пен бейбіт халық өмірінің қауіпсіздігіне.

В. Мемлекет пен ауыл халқы өмірінің қауіпсіздігіне.

С. Мемлекет пен қалалардағы бейбіт өмір қауіпсіздігіне.

Д. Мемлекет пен көшелердегі қауіпсіздікке.

15-сұрақ

Экстремизм және терроризммен тиімді күрес ... ғана мүмкін болады:

А. Халықаралық ұйымдардың күш-жігерлерін біріктіру жолымен.

В. Арнаулы қызметтер деңгейінде барлық мемлекеттердің күш-жігерлерін біріктіру жолымен.

С. Азаматтық қоғамға гуманитарлық көмек көрсету жолымен.

Д. Бүкілхалықаралық қауымдастықтың күш-жігерін біріктіру жолымен.

Жауаптары

1 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
В	А	В	В	Д	А	В	Д	А	В	С	А	С	А	Д

**II тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ
КҮШТЕРІНІҢ, БАСҚА ДА ӘСКЕРЛЕРІ МЕН ӘСКЕРИ
ҚҰРАЛЫМДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫӘСКЕРИ ЖАРҒЫЛАРЫ**

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Қазақстан Республикасы Қарулы Күште- рінің басқа да әскерлері мен әскери құра- лымдарының жалпы әскери жарғылары”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары-на сілтеме)	Әскери іс негіздерін, Қазақстан Республикасы ҚҚ, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының жалпы ережелерін білу
Сабақтың мақсаты	Қазақстан Республикасы ҚҚ, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының жалпы ережелерімен танысу, әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін, әскери атақтар мен айырым белгілерін зерделеу.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – ҚҚ, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жалпы-әскери жарғыларының талаптары мен тағайындалуын; – әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін; – әскери атақтардың айырмашылықтары мен айырым белгілерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының негізгі ережелері бойынша ақпарат мысалдарын келтіре алатын болады.

	Кейбір оқушылар: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары талаптарынан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпарат мысалдарын келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: Әскери жарғылар, әскери қызметшілер, әскери атақтар, әскери құралымдар, әскери қызмет, жеке құрам, әскери тәртіп, әскери іс, әскери-техникалық прогресс, әскери тәртіптеме, әскерлердің қызметі, нормативтік-құқықтық актілер	
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының құқықтық негізі туралы білім алуына бағытталған. Олардың жарғылар баптары, әскери ант ережелері мен талаптарын, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын мүлтіксіз орындауды ұғынуы. Оқушыларда Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік сезімінің қалыптасуына жағдай жасау, бұл мемлекеттің ішкі қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі болып табылады, мұнымен қатар қазақстандық қоғамда “Мәңгілік ел” идеясы ұлттық бірлік, қоғамдағы бейбітшілік пен келісім, жоғары руханилылық, тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығы дамытылуда, бұл әскери қызметті құрметтеу көзқарасын, сондай-ақ әскери борышқа адалдықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, құқық негіздері, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, мемлекеттің әскери қауіпсіздігі туралы білім	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Мына сұрақтар бойынша кумулятивті әңгімелесу:	Оқулық ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары

	ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы-әскери жарғылары нені білдіреді? Әскери ұйым неліктен жарғы ережелерінсіз, нормалар мен талаптарсыз өмір сүре алмайды? Мемлекет әскери қызметші мәртебесін қалай қамтамасыз етеді? Әскери қызметшілердің жалпы міндеттеріне қандай талаптар қойылады? Сабақтың мақсатын белгілеу. Топтарға бөлу	Мысалдар келтірілген карточкалар
Сабақтың ортасы (34 мин)	Жаңа материалды баяндау Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді (“Джигсо” әдісі). Талқылауға арналған сұрақ: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары не үшін тағайындалған? 2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының талаптары туралы не білдіңдер? 3. Сендер Қазақстан әскери қызметшісінің жалпы міндеттері туралы не айта алар едіңдер? Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмаларын қорғайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сұрақ-жауап: “Мен ... келісемін, мен ... қосқан болар едім” Сергектік минуты Оқулықпен сарамандық жұмыс. Әрбір топ оқулықты пайдалана отырып, тақырып бойынша “Не?”, “Қандай?”, “Неге?”, “Неліктен?”, “ұсын”, “түсіндір” сөздері араласқан сұрақтар, тапсырмалар құрастырады.	Оқулық, дәптерлер

	Мұнымен бір мезгілде оқушылар тақырып бойынша терминологиямен жұмыс істейді. Сұрақ-жауап: “Жауапты бағала”. Пішімдік бағалау Егер сендер тұжырыммен келісетін болсаңдар, онда <i>ИӨ</i> (1) деп, егер келіспейтін болсаңдар <i>ЖОҚ</i> (0) деп жауап беріңдер. Жарғылар құрылысының негізгі қағидаттарының бірі дара басшылық болып табылады. Дара басшылық қағидаты әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін, әскери атақтары мен айырым белгілерін анықтайды. Әскери қызметшілердің жалпы міндеттері, әскери атақтары мен айырым белгілері әскери қызметшілерді лауазымдары бойынша белгілі бір ретпен орналастыруға мүмкіндік береді. Жарғылардың ережелерімен вертикаль және горизонталь биліктің құрылымы жасалады, ол жеке құрамды бейбіт уақыт пен соғыс уақытында дара басшылықтың бірыңғай жүйесінде ұйымдастыру мен басқаруға арналған. Оқушылар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының жалпы ережелерін, олардың әскери ұжым өмірі мен қызметіндегі маңызын түсініп, меңгерулері тиіс.	Сұрақтары бар слайдтар Сұрақтары бар слайдтар
Сабақтың соңы	Рефлексия “Бір минуттық эссе” тәсілі. Тақырыптың негізгі маңызды сәттері мен ненің түсініксіз болып қалғандығын жазу. Үй тапсырмасы §4-оқу және оқулық тапсырмаларын орындау.	

Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсы тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшемшарттары бойынша бағалау; – “бір минуттық эссе”.	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – сергектік минуты; – қызметті алмастыру; – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбеген болса, сіз оның неліктен екендігі туралы ойландыңыз		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?	
--	--

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ө.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§5. Әскери қызметшілер және олардың өзара қарым-қатынастары
Оқытудың осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін білу, әскери қызметшілердің арасындағы өзара қатынастардың ерекшеліктерін, әскери әдептілік пен әскери қызметшілердің мінез-құлық ережелерін сипаттау
Сабақтың мақсаты	Әскери қызметшілердің арасындағы өзара қатынастардың ерекшеліктерін сипаттау. Әскери әдептілік пен әскери қызметшілер мінез-құлық ережелерінің нысандарын түсіндіру
Бағалау өлшемшарттары	Барлық оқушылар: – әскери қызметшілердің арасындағы өзара қатынастар туралы; – әскери әдептілік ережелері туралы; – аға бастықтарға жүгіну тәртібі туралы; – бұйрықтар беру мен оларды орындау тәртібі туралы білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының әскери қызметшілер арасындағы өзара қатынастар мәселелері бойынша негізгі ережелерінен мысалдар келтіре білетін болады.

	Кейбір оқушылар: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының әскери қызметшілер арасындағы өзара қатынастар мәселелері бойынша талаптарынан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастыратын сұрақтардың мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: бастық (командир), бағынысты, аға, кіші, бұйрық, әскери жаза.	
Құндылықтарды дарыту	Қарулы Күштерде, әскери қызметте барлық әскери қызметшілер лауазымдар бойынша тағайындалады, біреулері бастықтарға, ал басқалары оларға бағыныстыларға айналады. Әскери атақ бойынша да солай, біреулері аға шендегілер, басқалары кіші шендердегілер болады. Жарғы ережелері әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттерін, әскери әдептілік пен мінез-құлық ережелерін белгілейді. Әскери қызметте лауазымдық жағдайлар мен бастықтардың (командирлердің) функциялық міндеттері негізінде бұйрықты беру мен оны орындау маңызды болып табылады. Қазақстандық қоғамда “Мәңгілік ел” идеясы – ұлттық бірлік, қоғамдағы бейбітшілік пен келісім, жоғары руханилылық, тарих, мәдениет пен тілдің ортақтығы дамытылуда, бұл әскери қызметті құрметтеу көзқарасын, сондай-ақ әскери борышқа адалдықты, әскер қызметшілердің арасындағы өзара қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, құқық негіздері, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының жалпы ережелері туралы білім.	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Сұрақтарға жауаптар арқылы коммулятивтік әңгімелесу.	Оқулық ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы-әскери жарғысы

	1. ҚР Қарулы Күштерінде командирлер (бастықтар) мен оларға бағыныстыларға (аға шенділер мен кіші шенділер) неліктен белгілі бір құқықтар мен міндеттер берілген? 2. Әскери әдептілік пен әскери қызметшілердің мінез-құлық ережелері неге негізделген? 3. Әскери қызметшіге бастықтарға (аға шенділерге) жүгіну қажеттігі қай кезде туындайды? 4. Командирлер (бастықтар, аға шенділер) неліктен бұйрықтар береді? Бұйрықты беру және оны орындау тәртібі қандай? Сабақ мақсатын белгілеу. Топтарға бөлу.	Мысалдар келтірілген карточкалар
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді. Сызба-диаграмма жасайды. Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен де жұмыс істейді. Оқулық мәтінін оқимыз және талдау жасаймыз. Сұлба-диаграмма бойынша мәтін құрастырамыз: <pre> graph TD A[Басшы] --> B[Бұйрық] B --> C[Әскери әдептілік пен әскери қызметшілер мінез-құлықның ережелері] C --> D[Міндеттер] D --> E[Басшының құқығы] </pre> Сергіту минуты Пішімделген бағалау Егер сендер тұжырыммен келісетін болсаңдар <i>ИӘ</i> (1) деп, егер келіспесеңдер <i>ЖОҚ</i> (0) деп жауап беріңдер.	Оқулық, дәптерлер Сұрақтары бар слайдтар

	1. ҚР Қарулы Күштерінде негізгі қағидат дара басшылық болып табылады. 2. Аға бастықтардың құқықтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларының ережелерімен белгіленген. 3. Әскери қызметшілердің бұйрықты орындау кезіндегі міндеттерінде орындау мерзімдері ескерілуі тиіс. 4. Бастықтың бұйрығын орындайтын әскери қызметші оның орындалуы туралы баяндауы тиіс. 5. Бағыныстыларға өзінің лауазымдық міндеттеріне тән емес бұйрықтар беруге жол берілмейді. 6. Әскери қылмыс — бұл әскери антты бұзушылық.	
Сабақтың соңы	“Еттурағыш” рефлексиясы. Үй тапсырмасы. §5, оқулық тапсырмаларын орындау	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
- Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; - меңгерілетін оқу курсын тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушы-	Мұғалім тарапынан бағалау: – Ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшемшарттары бойынша бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – сергектік минуты; – қызметті алмастыру

• да жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау		– Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбеген болса, сіз оның неліктен екендігі туралы ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§6. Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы

Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін білу, оқушыларға әскери тәртіптің мәні мен маңызын жеткізу, сондай-ақ теріс қылықтарды сипаттау, көтермелеу мен жазалау іс-шараларын көрсету
Сабақтың мақсаты	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери тәртіптің мәні мен маңызын айқындау
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери тәртіптің мәні мен маңызын; – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары талаптарын ескерумен қатардағы сарбаздарға қатысты теріс қылықтардың сипаты, көтермелеу мен жазалау шараларын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының әскери тәртіп, оның әскери қызметшілер үшін мәні мен маңызы мәселелері бойынша негізгі ережелерінен мысалдар келтіре алатын болады. Кейбір оқушылар: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларының әскери тәртіп, оның әскери қызметшілер үшін мәні мен маңызы мәселелері бойынша талаптардан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: әскери тәртіп, көтермелеу, жазалаулар, әскери қызметшілердің міндеттері
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың әскери тәртіп негіздері бойынша білім алуына бағытталған. Әрбір оқушы пәнді зерделеу кезінде әскери қызметтегі табыстың негізгі әскери тәртіпті нығайту мен күнделікті өмірде жарғылық талаптарды қатаң сақтау болып табылатындығын түсінуі тиіс. Әскери қызметке құрметпен қарау, оқушыларда Отанды қорғау үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру, әскери борышқа адалдықты тәрбиелеу оқушылармен жұмыстағы бастапқы ереже болуы тиіс. Әскери тәртіп туралы білім азамат-патриот жекетұлғасының қалыптасуына жағдай жасайтын болады, адамның өмірлік

	позицияны таңдауын алдын ала анықтайды, өз елінің азаматы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге дайын болуы тиіс екендігін түсінуге әкеледі.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, құқық негіздері, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Әскери қызметшілер арасындағы өзара қатынастар туралы білім	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Сұрақтарға жауаптар арқылы коммулятивтік әңгімелесу: Командирлер (бастықтар) әскерлердің жауынгерлік дайындығын қолдауда қандай міндеттерді орындайды? ҚР Қарулы Күштерінде әскери атақ бойынша билік иерархиясы қалай құрылған? Әрбір әскери қызметшінің алдына әскери тәртіпті қолдау бойынша қандай талаптар қойылады? Қазақстан Қарулы Күштерінде сарбаздарға (матростарға) көтермелеудің қандай түрлері қолданылады? Сендер “әскери тәртіп” дегенді қалай түсінесіңдер? Сабақ мақсаттарын белгілеу. Топтарға бөлу.	Оқулық ҚР ҚК, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы-әскери жарғысы Мысалдар келтірілген карточкалар
Сабақтың ортасы (22 мин)	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді. Талқылауға арналған сұрақтар: Әскери тәртіп дегеніміз не (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери тәртіптің мәні мен маңызын ашыңдар)?	Оқулық, дәптерлер Сұрақтары бар слайдтар

	Көтермелеу іс-шаралары қашан және қандай мән-жайларда қолданылады? Командирлер (бастықтар) жазалау іс-шараларын неліктен қолданады (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы-әскери жарғысы талаптарының негізінде қатардағы сарбаздарға қатысты жазалаулар)? Әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғысы белгілеген міндеттерінің мәні неде? Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмасының тұсаукесерін жасайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар береді. Сұрақ-жауап: “Мен ... келісемін; мен... қосқан болар едім” Егер сендер тұжырыммен келіссеңдер <i>ИӘ</i> (1) деп, егер келіспесеңдер, <i>ЖОҚ</i> (0) деп жауап беріңдер. Командир (бастық) кінә мен жазалау шараларын белгілеу кезінде теріс қылықтың сипатын, ол жасалған кездегі мән-жайларды, оның салдарларын, кінәлі адамның бұрынғы мінез-құлқын, алынып тасталмаған жазалаулардың бар-жоғын, сондай-ақ оның қасақана немесе абайсыздықпен жасалғандығын назарға алуы тиіс. Әскери қызметшінің тәртіптік теріс қылығы — бұл әскери қызметшінің әскери тәртіпті бұзуымен білдірілген іс-әрекеті (әрекет немесе әрекетсіздік). Шақыру бойынша әскери қызметшінің бөлімді немесе қызмет ету орнын өз бетінше тастап кетуі, бұған теңдей	
--	---	--

	оның әскери бөлім орналасқан жерден немесе кемеден жағалауға әскери қызметтен босатып, демалысқа жіберілген кезде іссапардан, демалыстан немесе емдеу мекемесінен қызметке екі күннен бастап бір айдан аспайтын уақытқа дейін мерзімде дәлелді себептерсіз келмеуі елеулі тәртіптік теріс қылықтар түріне жатады. Қоғамдық тәртіпті бұзушылық сондай-ақ әскери қызметшінің абыройы мен қадір-қасиетіне кір келтіретін іс-әрекет жасау елеулі тәртіптік теріс қылықтар түріне жатады. Тәртіптік жаза (бұдан әрі – жаза) – әскери қызметшілерге жарғыға сәйкес осындай құқығы бар командирдің (бастықтың) олар жасаған теріс қылығы үшін қолданатын, тәртіптік жауапкершілік іс-шарасы болып табылады. Тәртіптік жазаның түрлері мен оларды қолдану тәртібі тәртіптік жарғымен белгіленген, сондай-ақ оны орындаудың мерзімдері де белгіленген. Көтермелеулер әскери қызмет міндеттерін адал және ынтымен атқаратын және әскери борышты орындау кезінде ерекше көзге түскен әскери қызметшілерге қатысты қолданылады. Әрбір командир (бастық) бағыныстыларды қызмет бойынша табыстары, ынты-жігері, ерекшеленуі мен саналы бастамасы үшін өзіне жарғымен берілген құқықтар шектерінде көтермелеуге міндетті. Командир (бастық) өзіне берілген құқықтар жеткіліксіз деп есептеген жағдайда көзге түскен әскери қызметшілерді аға командир (бастық) билігімен көтермелеу туралы ұсыныс жасауы мүмкін.	
--	---	--

	Командирлер (бастықтар) көтермелеуді жекелеген әскери қызметшіге де, сондай-ақ бөлімшенің, әскери бөлімнің (кеменің) бүкіл жеке құрамына да қатысты қолдана алады? Көтермелеу түрін белгілеу кезінде әскери қызметшінің сіңірген еңбектері немесе ерекшеленуінің сипаты, сондай-ақ оның әскери қызметке деген бұрынғы көзқарасы назарға алынады.	
	Тарау бойынша бағалау (15 мин)	
Сабақтың соңы	Өзара бағалау. Рефлексия. “Бір минуттық эссе” тәсілі. Тақырыптың маңызды негізгі сәттері мен ненің түсініксіз болып қалғандығын жазу. Үй тапсырмасы: §6-ты оқу, оқулық тапсырмаларын орындау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
- Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; - меңгерілетін оқу курсы тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшем шарттары бойынша бағалау, – “Бір минуттық эссе”	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – қызметті алмастыру – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау

тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбеген болса, сіз оның неліктен екендігі туралы ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

II ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

II тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінің және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары

§4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінің және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары

1-сұрақ

Жалпыәскери жарғылардың ережелерін орындау ... міндетті:

А. Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, бөлімдерінің, кемелері мен Ұлттық ұлан бөлімшелерінің барлық әскери қызметшілері үшін;

В. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, бөлімдерінің, кемелері мен Ұлттық ұлан бөлімшелерінің барлық әскери қызметшілері үшін;

С. Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, бөлімдерінің, кемелері мен Шегаралық қызмет бөлімшелерінің барлық әскери қызметшілері үшін;

Д. Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының, бөлімдерінің, әскери-теңіз күштері кемелері мен бөлімшелерінің барлық әскери қызметшілері үшін.

2-сұрақ

Әскери қызметші ... міндетті:

А. өз Отанының патриоты болуға, өз іс-әрекеттерімен мемлекеттік билік беделін нығайтуға, мемлекет мүдделерін қорғауға, әскери қызметшілер арасындағы достықты нығайтуға;

В. біліктілігі, қабілеттіліктерін ескерумен қызмет бабында алға жылжытуды талап етуге, өзінің лауазымдық міндеттерін адал орындауға;

С. уәкілетті лауазымдық тұлғаның келісімі бойынша әскери оқу орындарына және білім берудің басқа да ұйымдарына оқуға түсуге, курстық дайындықтан өтуге;

Д. өз денсаулығын сақтауды және қызмет үшін қауіпсіздік техникасы мен гигиена талаптарына жауап беретін деңгейдегі жағдайлар жасауды талап етуге.

3-сұрақ

Әскери қызметші ... міндетті:

А. салауатты өмір салтын жүргізуге, өз денсаулығын сақтауға және нығайтуға, әскери қызмет қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;

В. әскери кәсіптік білімді тұрақты түрде меңгеруге, өз машықтануы мен әскери шеберлігін жетілдіруге;

С. өзіне берілген құқықтар мен міндеттер көлемінде жарғылық тәртіп орнату іс-шараларын дереу қабылдауға;

Д. өзінің тікелей бастығына жүгінуге және оның рұқсатымен пәрмен бойынша келесі бастыққа жүгінуге.

4-сұрақ

Әскери атағы бойынша ... шені үлкен болып табылады:

А. сержант;

В. бірінші сыныпты сержант;

С. мастер сержант;

Д. штаб сержант.

5-сұрақ

Әскери атағы бойынша ... шені үлкен болып табылады:

А. аға лейтенант;

В. майор;

С. капитан;

Д. подполковник.

6-сұрақ

Әскери атағы бойынша ... шені үлкен болып табылады:

- A. контр-адмирал;
- B. генерал-лейтенант;
- C. армия генералы;
- D. генерал-полковник.

§5. Әскери қызметшілер және олардың арасындағы өзара қатынастар

7-сұрақ

Дара басшылық ... болып табылады:

- A. Қарулы Күштер құрылысының, оны басқару мен әскери қызметшілер арасындағы өзара қатынастардың негізгі қағидаты;
- B. әскери қызметшілер арасындағы өзара қатынастар құрылысының негізгі қағидаты;
- C. басқа да әскерлер мен әскери құралымдар құрылысының негізгі қағидаты;
- D. бөлімшелер арасындағы өзара әрекеттестік құрылысының негізгі қағидаты.

8-сұрақ

Қарулы Күштердегі әскери қызметшілердің бағыныштылығы ... анықталады:

- A. аға бастықтың нұсқауына сәйкес;
- B. әскери қызметтен өту мерзімімен;
- C. қызметтік жағдайымен немесе әскери атағымен;
- D. әскери қызметшіде мадақтаулар мен марапаттаулардың бар екендігімен.

9-сұрақ

Әскери қызметшілер үшін ... тікелей бастықтар болып табылады:

- A. қызмет бойынша бағыныштыларға ең жақын бастықтар;
- B. әскери қызметшілер оларға қызмет бойынша, уақытша болса да бағындырылған бастықтар;
- C. әскери атағы бойынша шені үлкен бастықтар;
- D. бастықтар, лауазымы бойынша шені үлкендер.

10-сұрақ

Бұйрық қалай тұжырымдалған болуы тиіс?

- A. дұрыс және айқын, жан-жақты ойластырылған және бағыныштыда күмән туындатпайтындай болуы тиіс;
- B. жарғыға және Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес, бағыныштыларға қосымша нұсқаманың қажетінсіз түсінікті болуы;
- C. қысқа және түсінікті, екіжақты түсіндірілуге жол бермейтіндей, бағыныштыда күмәнданулар туындатпайтындай;
- D. дәл және қысқа, бағыныштыда күмәнданулар туындатпайтындай.

11-сұрақ

Бұйрық дегеніміз не?

А. бұл командирдің (бастықтың) қызмет бойынша қандай да бір іс-әрекеттерді орындау немесе тоқтату туралы талабы;

В. бұл әскери басқару органдарының қызметтік сипаттағы жазбаша құжаты;

С. бұл әскери бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құрамындағы бағынышты қызметшіге қызметтік тапсырмаларды жеткізу нысаны;

Д. бұл әскери бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құрамындағы бағынышты қызметшіге жеке сипаттағы тапсырмаларды жеткізу нысаны.

12-сұрақ

Бұйрықты орындау тәртібі қандай?

А. Мүлтіксіз, дәл және мерзімінде.

В. Өз уақытында.

С. Ең қысқа мерзімдерде.

Д. Дерееу.

§6. Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы

13-сұрақ

А. Әскерлердің жұмылушылық дайындығын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі.

В. Әскерлердің оқу-жаттығуларға дайындығын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі.

С. Әскерлердің әскери ойындарға дайындығын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі.

Д. Әскерлердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз етудің басты шарттарының бірі.

14-сұрақ

Әскери тәртіп әрбір әскери қызметшіні ... міндеттейді:

А. әскери қызметтің қиындықтарына табандылықпен төзуге;

В. азаматтық қызметтің қиындықтарына табандылықпен төзуге;

С. шегаралық қызметтің қиындықтарына табандылықпен төзуге;

Д. кезекшілік қызметтің қиындықтарына табандылықпен төзуге.

15-сұрақ

Командирлер (бастықтар) әскери бөлімдерде, кемелер мен бөлімшелерде ... күнделікті қолдап отыруға міндетті:

А. заңнама, жалпыәскери жарғылардың талаптарын, әскери басқарудың жоғары тұрған органдары командирлерінің (бастықтарының) нұсқауларын қатаң басшылыққа ала отырып, әскери тәртіпті;

В. заңнама, жалпы әскери жарғылардың талаптарын, әскери басқарудың жоғары тұрған органдары командирлерінің (бастықтарының) бұйрықтарын қатаң басшылыққа ала отырып, әскери тәртіпті;

С. заңнама, жалпыөскери жарғылардың талаптарын, өскери басқарудың жоғары тұрған органдары командирлерінің (бастықтарының) өкімдерін қатаң басшылыққа ала отырып, өскери тәртіпті;

Д. заңнама, жалпыөскери жарғылардың талаптарын, өскери басқарудың жоғары тұрған органдары командирлерінің (бастықтарының) қаулыларын қатаң басшылыққа ала отырып, өскери тәртіпті.

16-сұрақ

Өскери тәртіп дегеніміз:

А. өскери қызметшілердің қабылданған міндеттемелерді, жалпыөскери жарғылардың, командирлердің (бастықтардың) бұйрықтары (өкімдері) мен басқа да нормативтік актілердің талаптарын қатаң және дәл сақтауы;

В. өскери қызметшілердің бөлім бөлімшесінде жалпыөскери жарғылармен, басқа да нормативтік-құқықтық актілермен және командирлердің бұйрықтарымен белгіленген ережелерді қатаң және дәл сақтауы;

С. өскери қызметшілердің заңдармен, жалпыөскери жарғылармен, басқа да нормативтік-құқықтық актілермен және командирлердің (бастықтардың) бұйрықтарымен (өкімдерімен) белгіленген ережелерін қатаң және дәл сақтауы;

Д. өскери қызметшілердің қабылданған міндеттемелерді, жалпыөскери жарғылар, басқа да нормативтік-құқықтық актілер талаптарын, командирлердің нұсқауын қатаң және дәл сақтауы.

Жауаптары

2 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
В	А	В	С	Д	С	А	С	В	С	А	А	Д	А	В	С

III тарау. ТАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Тактикалық дайындық”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	§7. Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері
Сабақтың мақсаты	Штаттық қару-жарағы мен әскери техникасына сәйкес мотоатқыштар бөлімшесінің жауынгерлік мүмкіндіктерін анықтау.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – мотоатқыштар бөлімшесінің құрамын, оның ұйымдастырылуы мен қару-жарағын; – штаттық қару-жарағы мен әскери техникасына сәйкес мотоатқыштар бөлімшесінің жауынгерлік мүмкіндіктерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – мотоатқыштар бөлімшесінің құрамы, оның ұйымдастырылуы мен қару-жарағы бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алатын; штаттық қару-жарағы мен әскери техникасына сәйкес мотоатқыштар бөлімшесінің жауынгерлік мүмкіндіктерін анықтай алатын болады. Кейбір оқушылар: – штаттық қару-жарағы мен әскери техникасына сәйкес мотоатқыштар бөлімшесінің жауынгерлік мүмкіндіктеріне қойылатын талаптардан шығатын ақпаратты талдай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: тактика, мотоатқыштар бөлімшесі, қару-жарақ, жаяу әскерлердің жауынгерлік машинасы (БМП), жауынгерлік мүмкіндіктер
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың тактикалық дайындық негіздері бойынша білім алуына бағытталған.

	Сабақтарда оқушылар тиісті дағдыларды қалыптастырулары және әскери қызметшілердің жауынгерлік іс-әрекеттерді ұйымдастыру, қамтамасыз ету мен жауынгерлік жағдайда бөлімшені үздіксіз басқару мәселелеріндегі міндеттерін түсінулері тиіс. Оқушыларды ұрыс жағдайларында жауынгерлік қаруды жергілікті жердің жағдайларын ескерумен, күндіз және түнде қолдана білуге, сондай-ақ моральдық-жауынгерлік, психологиялық және физикалық қасиеттерді қалыптастырудың бұл тараудың басты міндеттерінің бірі болып табылатындығына үйрету.	
Пәнаралық байланыс	Құқық негіздері, география, Қазақстан тарихы, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	1. Қазақстан Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілдігі туралы білім. 2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғысына толықтырулар туралы білім.	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру “Портфель” тәсілі. Оқушыларға осы тақырып бойынша өздері білетіннің бәрін “жинау” ұсынылады (жекелеген түсініктерді де, сондай-ақ тұтастай сөйлемдерді де пайдалануға болады). Сабақ мақсаттарын белгілеу. Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Бейнеленулер бар слайдтар (кітаптағы суреттермен)
Сабақтың ортасыа (23 мин)	Жаңа материалды зерделеу Оқушыларға оқулық параграфын оқып шығу, топтарда “Жаяу әскерлердің жауынгерлік машинасындағы (БМП-2) мотоатқыштар бөлімшесінің құрамы” кестесін (оқулықтағы 1-тапсырманы қараңдар) өзірлеу ұсынылады. “Джигсо” әдісі. Өрбір топтың	Оқулық, дәптерлер

	спикерлері өз тапсырмаларының тұсаукесерін жасайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар береді. Сергіту минуты Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді (тактика, мотоатқыштар бөлімшесі, қару-жарақ, жаяу әскерлердің жауынгерлік машинасы (БМП), жауынгерлік мүмкіндіктер). Сұрақ-жауап “Жауапты бағала”. Оқулықтағы сарамандық жұмысты орындау, оқушылар мына сұрақтарға жауаптар дайындайды: 1. Тактика дегеніміз не? 2. Тактика, тактикалық дайындық дегеніміз не? 3. Мотоатқыштар бөлімшесі дегеніміз не? 4. БМП-2-дегі мотоатқыштар бөлімшесінің құрамы қандай? 5. БМП-2-нің қандай жауынгерлік және техникалық сипаттамалары бар? 6. Взвод құрамындағы мотоатқыштар бөлімшесі қандай міндеттерді атқара алады? 7. Сендер бөлімшенің атыс карточкасы туралы не айта аласыңдар?	Сұрақтары бар слайдтар
	Тарау бойынша бағалау (15 мин)	
Сабақтың соңы	Рефлексия. 1. Сендер бұрынырақта қандай терминдерді кездестірген едіңдер? 2. Сендерді қандай ақпарат қызықтырды? 3. Сендерде қандай проблемалар туындады? Тақырыптың маңызды негізгі сәттері мен ненің түсініксіз болып қалғандығын жазу. Үй тапсырмасы. §7-ты оқу, оқулық тапсырмаларын орындау	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау

көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?		
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсы тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – қызметті алмастыру – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер де оқушылар әлі де болса мақсаттарға қол жеткізбесе, сіз оның неліктен олай екендігін ойладыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдері уақытын тиімді пайдаландың ба? Сабақ жоспарынан.		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

III ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

III тарау. Тактикалық дайындық

§7. Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері

1-сұрақ

Тактикалық дайындық – бұл:

А. бөлімшелердің, бөлімдердің (кемелердің), құрамалардың, басқару органдарының жеке құрамын әскери іс-қимылдарды дайындау мен жүргізуге үйрету;

В. әскери басқарудың жоғарғы органдарының қатардағы жауынгерлер құрамын әскери іс-қимылдарды дайындау мен жүргізуге үйрету;

С. басқару офицерлерінің оперативті буынын әскери іс-қимылдарды дайындау мен жүргізуге үйрету;

Д. бөлімшелердің, бөлімдердің (кемелердің), құрамалардың, басқару органдарының сержанттық құрамын әскери іс-қимылдарды дайындау мен жүргізуге үйрету.

2-сұрақ

Мотоатқыштар бөлімшесі – бұл:

А. Қарулы Күштердегі бастапқы (ең төменгі) арнаулы бөлімше, мотоатқыштар взводтарының негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады;

В. Қарулы Күштердегі бастапқы (ең төменгі) техникалық бөлімше, мотоатқыштар взводтарының негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады;

С. Қарулы Күштердегі бастапқы (ең төменгі) инженерлік бөлімше, мотоатқыштар взводтарының негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады;

Д. Қарулы Күштердегі бастапқы (ең төменгі) тактикалық бөлімше, мотоатқыштар взводтарының негізгі құрылымдық бірлігі болып табылады.

3-сұрақ

Мотоатқыштар бөлімшелері (бөлімшесі) ... бөлімше болып табылады:

А. тактикалық;

В. техникалық;

С. инженерлік;

Д. арнаулы.

4-сұрақ

БМП-2 ... үшін тағайындалған:

А. взводтың офицерлік және сержанттық құрамын орналастыру, жылжу және шайқас жүргізу;

В. бөлімшенің сержанттық және қатардағы сарбаздар құрамын орналастыру, жылжу және шайқас жүргізу;

С. бөлімшенің жеке құрамын орналастыру, жылжу және шайқас жүргізу;
D. взводтың инженерлік-техникалық құрамын орналастыру, жылжу және шайқас жүргізу.

5-сұрақ

Қарудың барлық түрлерінен ату ... болып табылады:

- A. қарсыласты шайқаста ұстап тұрудың негізгі құралы;
- B. шайқаста қарсыласты жоюдың негізгі құралы;
- C. шайқаста қарсыласты қоршап алудың негізгі құралы;
- D. шайқаста қарсыласты айналып өтудің негізгі құралы.

6-сұрақ

Шоғырландыра ату – бұл:

A. барлық қару мен әскери техникадан қарсыластың бөлімшелеріне немесе олардың жауынгерлік қатарының бөліктеріне бір мезгілде оқ жаудыру;

B. әртүрлі ату құралдарынан, ату қаруынан қарсыластың жүріп келе жатқан жаяу әскер тізбегіне немесе қарсыластың жауынгерлік қатарының бөліктеріне бір мезгілде оқ жаудыру;

C. бірнеше ату құралдарынан немесе бірнеше бөлімшелердің бір нысанаға немесе қарсыластың жауынгерлік қатарының бөліктеріне бір мезгілде ату қаруларынан, граната атқыштардан, жаяу әскердің жауынгерлік машиналарының (бронетранспортерлер, танкілер) қару-жарағынан оқ жаудыру;

D. автоматтар мен тапаншалардан қарсыласқа, олардың жаяу әскер қатарына оқ ату немесе бірнеше бөлімшенің бір нысанаға, немесе қарсыластың жауынгерлік қатарының бөліктеріне бір мезгілде оқ жаудыруы.

7-сұрақ

Ату жүйесін ... құрайды:

A. бөлімшелердің шайқаста олардың тағайындалуын, мүмкіндіктері мен жергілікті жердің сипатын ескерумен, командирдің жоспары бойынша қолданылатын ату құралдары;

B. бөлімдердің шайқаста олардың тағайындалуын, мүмкіндіктері мен жергілікті жердің сипатын ескерумен, командирдің жоспары бойынша қолданылатын ату құралдары;

C. құрамалардың операцияларда олардың тағайындалуын, мүмкіндіктері мен жергілікті жердің сипатын ескерумен, командирдің жоспары бойынша қолданылатын ату құралдары;

D. бөлімшелердің шайқаста олардың тағайындалуын, мүмкіндіктері мен жергілікті жердің сипатын ескерумен, командирдің жоспары бойынша қолданылатын техникалық құралдары.

8-сұрақ

Ату жүйесі мынадай мүмкіндікті — ... қамтамасыз етуі тиіс:

A. бөлімше маңдайшебінің алдында, көршілес бөлімшелермен аралықтар мен қанаттарда атудың барлық түрлерінен ату жүргізуді, сондай-ақ қарсыластың алыс шептеріне дейін оқ жаудыруды;

В. құрама маңдайшебінің алдында, көршілес бөлімшелермен аралықтар мен қанаттарда атудың барлық түрлерінен ату жүргізуді, сондай-ақ қарсы шабуыл жүргізуді;

С. бөлімше маңдайшебінің алдында, көршілес бөлімшелермен аралықтарда және қанаттардан атудың барлық түрлерінен атуды жүргізуді, сондай-ақ айнала қорғаныс жүргізуді;

Д. маңдайшеп алдында, көршілес бөлімдермен аралықтарда және қанаттарда атудың барлық түрлерінен атуды, сондай-ақ қарсыласқа шабуыл жасауды.

9-сұрақ

Ату жүйесін ұйымдастыру кезінде бөлімшеге (бөлімге) тағайындалады:

А. атыс жолағы, оқ жаудырудың (оңға қарай немесе солға қарай) қосымша секторы;

В. атыс жолағы, оқ жаудырудың (оң жақтан солға қарай) қосымша секторы;

С. атыс жолағы, оқ жаудырудың (сол жақтан оңға қарай) қосымша секторы;

Д. атыс жолағы, бақылауға (оң жақты және сол жақты) арналған қосымша сектор.

10-сұрақ

Ату құралдарына (БМП, БТР, оқшашар) белгіленеді:

А. негізгі атыс позициялары және олардың нақты ату алыстығына атудың қосымша секторлары көрсетіледі;

В. негізгі және қосымша ату позициялары және олардың нақты ату алыстығына оқ жаудырудың негізгі және қосымша секторлары көрсетіледі;

С. негізгі және қосымша ату позициялары және олардың нақты ату алыстығына оқ жаудырудың негізгі және қосымша секторлары көрсетіледі;

Д. қосалқы ату позициялары және олардың нақты ату алыстығына оқ жаудырудың қосымша секторлары көрсетіледі.

11-сұрақ

Гранатометтен ату ... дайындалады:

А. взводтың атыс жолағында;

В. ротаның атыс жолағында;

С. қосымша сектордың атыс жолағында;

Д. бөлімшенің атыс жолағында.

12-сұрақ

Ату жолақтары мен көршілес бөлімшелердің ату секторлары мен ату құралдары ... тиіс:

А. өзара бөгет жасауы;

В. бір-бірінен асып түсуі;

С. өзара қорғалуы;

Д. өзара қоршалуы.

13-сұрақ

Ату жүйесінің дайындығы ... анықталады:

А. ату құралдарымен позицияларды иеленумен, ату үшін деректерді дайындаумен және оқ-дәрілердің бар болуымен;

В. жеке құрамның позицияларды иеленуімен, ату үшін деректерді дайындаумен және оқ-дәрілердің бар болуымен;

С. көлік құралдарының позицияларды иеленуімен, ату үшін деректерді дайындаумен және оқ-дәрілердің бар болуымен;

Д. командирлердің өз позицияларын иеленуімен, ату үшін деректерді дайындаумен және оқ-дәрілердің бар болуымен.

14-сұрақ

Бөлімше командирі өз бөлімшесінің ату карточкасын ... жасайды:

А. бөлімшенің оқ жаудыруын шоғырландырудың қолайлы болуы үшін (мысалы, шабуылдаушы шайқаста);

В. бөлімшенің оқ жаудыруын (мысалы, қорғаныста) басқарудың қолайлылығы үшін;

С. бөлімшенің оқ жаудыру бағытын көрсетудің қолайлылығы үшін (мысалы, қарсыласты қоршаған кезде);

Д. взводтың оқ жаудыруын басқарудың қолайлылығы үшін (мысалы, түнгі уақытта).

15-сұрақ

Бөлімшенің оқ жаудыру карточкасы ... болып табылады:

А. бөлімше командирі жасайтын жауынгерлік кескіндік құжат;

В. бөлімше оқшашаршысы (пулеметшісі) жасайтын жауынгерлік кескіндік құжат;

С. бөлімше бақылаушысы жасайтын жауынгерлік кескіндік құжат;

Д. бөлімше граната атқышы жасайтын жауынгерлік кескіндік құжат.

Жауаптары

3 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
A	D	A	C	B	C	A	C	A	B	D	C	A	B	A

IV тарау. АТЫС ДАЙЫНДЫҒЫ

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Атыс дайындығы”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§8. Калашников автоматы мен қол пулеметі
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін, тактикалық буын бөлімшелері штаттық қару-жарағының тағайындалуын білу
Сабақтың мақсаты	Калашников автоматы мен қол пулеметінің тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттерін, құрылысы мен жұмыс істеу қағидаттарын, қарумен және патрондармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік іс-шараларын зерделеу.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – қарумен және патрондармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік іс-шараларын; – Калашников автоматы мен қол пулеметінің тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттерін, құрылысы мен жұмыс істеу қағидаттарын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – қарумен және патрондармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік іс-шаралары бойынша ақпараттан мысал келтіре, Калашников автоматы мен қол оқшашарының бөліктер (бөлшектер) бойынша тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттерін, құрылысы мен жұмыс қағидатын анықтай алатын болады. Кейбір оқушылар: – қарумен және патрондармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік іс-шаралары талаптарынан шығатын ақпаратты талдай, Калашников автоматы мен қол оқшашарының тағайындалуы, жауынгерлік қасиеттері, құрылысы мен жұмыс қағидатының өзара байланысын анықтай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – Калашников автоматы (пулеметі);

	– Калашников автоматының (пулеметі) тағайындалуы мен жауынгерлік қасиеттері; – Калашников автоматы (пулеметі) мен оның бөліктерінің құрылысы мен жұмысы; – Калашников автоматының (пулеметі) жұмыс қағидаты.	
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың әскери істің маңызды құрамдас негізі ретінде ату дайындығы бойынша білім алуына бағытталған. Ату кезінде қару бөліктері мен механизмдерінің жұмыс істеу қағидаттары, қару мен қару-жарақтардың тағайындалуы, жауынгерлік қасиеттері, құрылысы туралы білім қалыптасады.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, география, құқық негіздері	
Мұның алдындағы білім	БМП-2-дегі мотоатқыштар бөлімшесінің ұрыс жүргізу тактикасы, ұрыстың заманауи жағдайлардағы ерекшеліктері туралы білім.	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру “Портфель” тәсілі Оқушыларға осы тақырып бойынша өздері білетіннің бәрін “жинау” ұсынылады (жекелеген түсініктерді де, сондай-ақ тұтастай сөйлемдерді де пайдалануға болады). Сабақтың мақсаттарын белгілеу. Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Бейнеленулер бар слайдтар (кітаптағы суреттермен)
Сабақтың ортасы (35 мин)	Жаңа материалды зерделеу Оқушылармен “Тайқып тию сауалнамасы” әдісімен қарумен іс-әрекет жасау кезіндегі қауіпсіздік іс-шаралары бойынша сауалнама: Бекітпелік жақтауды дүміне қарай тарту мен оны оқтау кезінде жіберу, сондай-ақ шүріппені басу қалай жүргізіледі?	Оқулық, дәптерлер Сұрақтары бар слайд

	Әскери қызметші қолына автомат алған кезде неге көз жеткізуі қажет? Оқталған қаруды қайда, қай жаққа қарай бағыттамау керек? Оқу автоматтары не үшін тағайындалған? Әскери қызметші автоматтан атуды аяқтаған кезде не істеуі қажет? Ату қаруының қауіптілік көзі (тасымалдаушы) не болып табылады? Атуды орындау жағдайлары жергілікті жердің климаттық жағдайларына байланысты өзгере ме? Оқулықпен сарамандық жұмыс. Оқушылар оқулықты пайдалана отырып, дәптерлеріне қарудың жауынгерлік қасиеттері туралы кестені толтырады. Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен (<i>кілт сөздермен</i>) жұмыс істейді. Сергіту минуты “Джигсо” әдісін қолдана отырып, оқушылар автоматтың (оқшашардың) негізгі бөліктері мен механизмдерін және оның керек-жарақтарын зерделейді. Оқулықпен жұмыс. Мұғалім Калашников автоматы мен қол пулеметі жұмысының қағидатын қарастыруды ұсынады. Менталды карта құрастыру.	Оқулық, дәптерлер Бейнеленулермен слайдтар (кітаптағы суреттермен)
Сабақтың соңы (3–5 мин)	Рефлексия. “Сөйлемді аяқта” тәсілі Автомат — бұл... . Пулеметпен салыстырғанда автоматта... жоқ. Оқшашар оқжатарына ... патрон сияды. Сүңгі ... үшін тағайындалған. АК75 автоматының салмағы найза-пышақсыз, пластмассалық оқжатарымен бірге ... құрайды. Үй тапсырмасы. §8. Калашников автоматы мен қол пулеметі	

Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсының тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшем шарттары бойынша бағалау, – “Бір минуттық эссе”	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – қызметті алмастыру – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер де оқушылар әлі де болса мақсаттарға қол жеткізбесе,		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншадағы маңызды

сіз оның неліктен екендігін ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдері уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?	мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.
--	-------------------------------------

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Атыс дайындығы”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§ 9. Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери істің негіздерін, автомат бөліктері мен тетіктерінің құрылысын, Калашников автоматын (оқшашарын) жартылай бөлшектеу мен жинақтау мен тәртібін білу
Сабақтың мақсаты	Автомат пен патрон бөліктері мен тетіктерінің құрылысын, Калашников автоматын (оқшашарын) жартылай бөлшектеу мен жинастырудың тағайындалуы мен тәртібін зерделеу
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – Калашников автоматын (оқшашарын) толық емес бөлшектеу мен жинастырудың тағайындалуы мен тәртібін; – калашников автоматы мен патрондар бөліктері мен тетіктерінің тағайындалуын, құрылысын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – калашников автоматын (оқшашарын) толық емес бөлшектеу мен жинастырудың тағайындалуы мен тәртібі, автомат пен патрондар бөліктері мен тетіктерінің құрылысы бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады. Кейбір оқушылар: – қаруды есепке алумен салыстырғанда, Калашников автоматын (оқшашарын) толық емес бөлшектеу мен жинастырудың тағайындалуы мен тәртібі, автомат пен патрондар бөліктері мен тетіктерінің құрылысынан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология:

	– Калашников автоматын (оқшашарын) толық емес бөлшектеу; – автоматты толық емес бөлшектеуден кейін жинастыру; – автомат бөліктері мен тетіктерінің құрылысы.
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың әскери істің маңызды құрамдас негізі ретінде ату дайындығы бойынша білім алуына бағытталған. Калашников автоматын (оқшашарын) толықтай емес бөлшектеу мен жинастыруды тағайындау мен тәртібі, автомат пен оқшашар бөліктері мен тетіктерінің тағайындалуы, құрылысы туралы білім қалыптасады.
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, орыс тілі
Мұның алдындағы білім	Ату дайындығы, қарумен және патрондармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік іс-шаралары бойынша білім. Калашников автоматының (оқшашарының) тағайындалуы, жауынгерлік қасиеттері, жалпы құрылысы мен жұмыс қағидаты.

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Ойландыратын сұрақтар. Білімді өзектендіру. “Портфель” тәсілі Оқушыларға осы тақырып бойынша өздері білетіннің бәрін “жинау” ұсынылады (жекелеген түсініктерді де, сондай-ақ тұтастай сөйлемдерді де пайдалануға болады). Сабақтың мақсаттарын белгілеу. Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Слайдтар (оқулықтан материал)
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу. Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді. Топтарда “автоматты толықтай емес бөлшектеу тәртібіне” оқулықта көрсетілгендей кезекпен машықтану. Мұнымен бір мезгілде оқушылар терминологиямен (<i>кілт сөздермен</i>) жұмыс істейді.	Оқулық, дәптерлер. Автомат макеті Сұрақтары бар слайдтар

	Сергіту минуты Оқулықпен жұмыс. “Джигсо” әдісін қолдана отырып, оқулық материалын және Калашников автоматы (оқшашары) суреттерін зерделеуді ұсынамыз. Оқушылар Калашников автоматының (оқшашарының) тағайындалуы, бөліктері мен тетіктерінің құрылысын зерделейді. Калашников автоматының (оқшашарының) тағайындалуы, бөліктері мен тетіктерінің құрылысын автомат пен оқшашар арасындағы айырмашылықтарды айқындау әдісімен қарастыруды ұсынамыз. Оқушылар Венн диаграммасын жасайды. Пішімдік бағалау. Талқылауға арналған сұрақтар Автоматты толық емес бөлшектеу мен жинастыруға кіріспестен бұрын автоматшы не істеуі қажет? Автоматшы автоматты толық емес бөлшектеу мен жинастыру туралы нені білуі қажет? Автоматты (оқшашарды) толықтай емес бөлшектеу мен жинастырудың қандай ерекшеліктері бар? Сендер автомат (оқшашар) бөліктері мен тетіктерінің құрылысынан қандай айырмашылықтарды байқадыңдар?	Оқулық, дәптерлер Слайдтар (кітаптағы суреттермен) көрсету
Сабақтың соңы	Рефлексия Мен ... білдім. Мен ... түсіндім. Мен ... үйрендім. Менің топ жұмысына қосқан үлесім – Маған ... сәті түспеді. Үй тапсырмасы: §9. Калашников автоматын (қол пулеметін) жартылай бөлшектеу және жинақтау	

Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсы тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынудың картотеккалары бойынша ПБ өлшем шарттары бойынша бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – қызметті алмастыру; – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер де оқушылар әлі де болса мақсаттарға қол жеткізбесе, неліктен олай екенін ойландыңыздар ма? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдері уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Атыс дайындығы”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§10. Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери істің негіздерін білу, Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау тәртібін зерделеу
Сабақтың мақсаты	Автомат (пулемет) керек-жарақтарының тағайындалуын, сақтау мен күтіп ұстау, бақылау қарап-тексеруді жүргізу және автоматты (пулеметті) атуға дайындау тәртібін, ату кезіндегі бөгелістерді жоюды зерделеу
Бағалау өлшемшарттары	Барлық оқушылар: – автомат керек-жарақтарының тағайындалуын; – қаруды сақтау мен күтіп ұстау тәртібін; – автоматты бақылауды, қарап-тексеруді жүргізу мен оны атуға дайындауды; – автоматтан ату кезіндегі кедергілерді жоюды білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады. Кейбір оқушылар: – Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындаудан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – керек-жарақтар; – сақтау және күтіп ұстау; – бақылау қарап-тексеруі; – ату кезіндегі бөгелістер; – жою тәсілдері.
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың әскери іс негіздерінің маңызды құрамдасы ретінде ату дайындығы бойынша білім алуына бағытталған. Калашников автоматын (қол пулеметін) атуға дайындау бойынша қажетті білім қалыптасады

Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Ату дайындығы, Калашников автоматының тағайындалуы және оны толықтай емес бөлшектеу мен жинастыру тәртібі, автомат бөлшектері мен тетіктері және патрондардың құрылысы бойынша білім.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Проблемалық жағдаятты қою Сарбаз автомат (пулемет) жауынгерлік қолдануға әрқашан дайын болу үшін өз қаруының жай-күйін қадағалап отыруға міндетті. Сұрақ: сендер қалай ойлайсыңдар, сарбаз өз қаруын тұрақты жауынгерлік дайындықта ұстау үшін не істейді? Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын белгілеу. Топтарға бөлу.	Оқулық
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді	Оқулық, дәптерлер, автомат макеті
	Оқушыларға автоматтың макетін және оның керек-жарақтарын көрсету. “Джигсо” әдісі. Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді (кілт сөздермен). Сергіту минуты Пішімдік бағалау Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Автоматты бақылау қарап-тексеруін жүргізу неліктен қажет? 2. Автоматтың керек-жарақтары қандай қызмет атқарады?	Сұрақтары бар слайд Оқулық, дәптерлер Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен)

	3. Автоматты (пулеметті) тазалау мен майлау тәртібі қандай? 4. Қаруды сақтау мен күтіп ұстау қалай жүзеге асырылады? 5. Жауынгерлік патрондарды қарап-тексерудің ерекшелігі неде? 6. Автоматты (оқшашарды) атуға дайындау қандай іс-әрекеттерден құралады? 7. Ату кезіндегі бөгелістер неліктен пайда болады және оларды қалай жою керек?	
Сабақтың соңы (3–5 мин)	Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы: Мен ... білдім. Мен ... түсіндім. 3. Мен ... үйрендім. 4. Менің топ жұмысына қосқан үлесім – 5. Маған ... сөті түспеді. Үй тапсырмасы: оқулықтың §10-ы бойынша	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі –	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынудан карточкалар бойынша ТБ өлшем шарттарымен бағалау.	Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу Сергіту минутын орындау Қызметті алмастыру

егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, онда ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады;		Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
• топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа өлі де болса қол жеткізбесе, онда қалай ойлайсыз, бұл неліктен болды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма және де неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: Атыс дайындығы	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ө.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§11. Жарықшақты қол гранаталары
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін білу, қол жарықшақтық гранаталарының (РГД-5, РГН, РГО, Ф-1) тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттері мен құрылысын, гранатаны лақтыруға дайындаудың кезектілігі мен тәртібін зерделеу.

Сабақтың мақсаты	Жарықшақты қол гранаталарының (РГД-5, РГН, РГО, Ф-1) тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттері мен құрылысын, гранатаны лақтыруға дайындаудың кезектілігі мен тәртібін зерделеу.	
Бағалау өлшем-шарттары	Барлық оқушылар: – гранаталармен жұмыс істеген кездегі қауіпсіздік іс-шараларын; – қол жарықшақтық гранаталарының тағайындалуын; – қол жарықшақтық гранаталарының (РГД-5, РГН, РГО, Ф-1) тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттері мен құрылысын; – гранаталарды лақтыру процестерін зерделеп, білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – гранаталармен жұмыс істеу, сондай-ақ гранатаны шайқасқа дайындау кезіндегі қауіпсіздік іс-шаралары бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алады. Кейбір оқушылар: – гранаталармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік іс-шараларынан, олардың жауынгерлік қасиеттері мен лақтыруға дайындаудан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – қол жарықшақтық гранаталары; – граната бөліктері мен тетіктерінің жұмысы; – гранатаны зарядтау.	
Құндылық-тарды дарыту	Сабақ оқушылардың әскери іс негіздерінің маңызды құрамдасы ретінде ату дайындығы бойынша білім алуына бағытталған. Жарықшақты қол гранаталары, қол жарқшақтық гра-наталарын лақтыруға дайындау бойынша қажетті білім қалыптасады.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, химия, орыс тілі.	
Мұның алдын-дағы білім	Ату дайындығы, қарудың тағайындалуы, жауынгерлік қасиеттері жөніндегі білім.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері	Ресурстар

Сабақтың басталуы (3–5 мин)	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Ойлануға берілетін сұрақтар 1. Жарықшақты қол гранаталардың тағайындалуын, жауынгерлік қасиеттерін неліктен білу қажет? 2. Жарықшақты қол гранаталармен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік іс-шараларын неліктен білу қажет? Оқушылар өз нұсқаларын ұсынады, мұғалім оларды тақтаға жазады. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын белгілеу. Топтарға бөлу.	Оқулық
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс жасайды. <i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> 1. РГД-5, РГН, РГО, Ф-1 қол жарықшақтық гранаталарының тағайындалуы, жауынгерлік қасиеттері мен құрылысы қандай? 2. Сендерге граната бөліктері мен тетіктерінің жұмысы туралы не белгілі болды? 3. Сендер тұтандырғыштың әрекеті туралы не айта аласыңдар? 4. Гранатаны лақтыруға дайындау үшін не істеу қажет? Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді (<i>кілт сөздермен</i>). “Дұрыс – дұрыс емес” Сергіту минуты Материалды бекіту Оқушыларға гранатаны лақтыруға дайындау тапсырмалары бар нұсқаулықтық карталар ұсынылады.	Оқулық, дәптерлер Қол жарықшақтық гранатасының макеті Сұрақтары бар слайд Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен) Нұсқаулықтық карталар
	“Сарапшы” өзара бағалауы	

Сабақтың соңы (3–5 мин)	Рефлексия: “Бәрі де өз қолыңда” Қағаз парағына сол алақандарыңның суретін түсіріңдер. Әрбір саусақ – бұл қандай да бір позиция, ол бойынша өз пікірлеріңді айту керек. • Бас бармақ – мен ... орындай алатынымды түсіндім. • Сұқ саусақ – мен үшін ... қызықты болды. • Ортаңғы саусақ – Маған ... ұнады. • Төртінші саусақ – мен сені ... үшін мақтаған болар едім • Шынашақ – менде ... ойдағыдай болмай шықты. Үй тапсырмасы: оқулықтағы § 11.	Оқушылар білімін бағалаудың өлшем-шарттары бар парақ
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі;	Мұғалім тарапынан бағалау: – Ауызша сауалнама, “Дұрыс – дұрыс емес”, – “Барлығы өз қолыңда”, “Сарапшы” тәсілі	Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу
• меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, онда ол тақырыпты ақ-		Сергіту минуты. Қызметті алмастыру. Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.

параттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбесе, онда қалай ойлайсыз, бұл неліктен болды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма және де неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

IV ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

§ 8. Калашников автоматы мен қол пулеметі

1-сұрақ

Қарумен іс-әрекеттер жасаған кезде қауіпсіздіктің маңызды іс-шараларының бірі ... болып табылады:

А. автоматты алып, ұңғылықта гильзаның және ұңғы арнасында бөгде заттардың жоқ екендігіне көз жеткізудің қажеттігі;

В. автоматты алып, ұңғылықта патронның және ұңғы арнасында бөгде заттардың жоқ екендігіне көз жеткізудің қажеттігі;

С. автоматты алып, ұңғылықта патронның және ұңғы арнасында тазартуға арналған заттардың жоқ екендігіне көз жеткізу;

Д. автоматты алып, оқжатарда патронның және оқжатарға арналған қосалқы сөмкеде бөгде заттардың жоқ екендігіне көз жеткізу қажеттігі.

2-сұрақ

Қарумен іс-әрекеттер жасаған кезде қауіпсіздіктің маңызды іс-шараларының бірі ... болып табылады:

А. автоматты бөлшектеу және жинастыруға үйрету тек оқу орындарында ғана жүргізілуі тиіс;

В. автоматты бөлшектеу және жинастыруға үйрету тек арнайы бөлінген жерлерде ғана жүргізілуі тиіс;

С. автоматты бөлшектеу және жинастыруға үйрету сержанттың бақылауымен ғана жүргізілуі тиіс;

Д. автоматты бөлшектеу және жинастыруға үйрету тек оқу автоматтарында ғана жүргізілуі тиіс.

3-сұрақ

Қауіпсіздік іс-шараларын меңгермеген жеке құрам:

А. Атуға және ату қызметін көрсетуге жіберілмейді.

В. Нормативтерді орындауға жіберілмейді.

С. Ату позициясына жіберілмейді.

Д. Ату жарақтары мен қару алуға жіберілмейді.

4-сұрақ

5,45 мм АҚ-74 тағайындалған:

А. 5,45-мм АҚ-74 жеке қару болып табылады. Ол қарсыластың ату құралдары мен адам күшін зақымдау және жою үшін тағайындалған. Қоян-қолтық шайқаста қарсыласты жою үшін автоматқа сүңгі-пышақ қосылады;

В. 5,45-мм АҚ-74 жеке қару болып табылады. Ол қарсыластың ату құралдары мен адам күшін зақымдау және жою үшін тағайындалған. Қоян-қолтық шайқаста қарсыласты жою үшін автоматқа сүңгі-пышақ қосылады;

С. 5,45-мм АҚ-74 жеке қару болып табылады. Ол қарсыластың адам күшін жою және зақымдау үшін тағайындалған. Қоян-қолтық шайқаста қарсыласты жою үшін автоматқа сүңгі-пышақ қосылады;

Д. 5,45-мм АҚ-74 жеке қару болып табылады. Ол қарсыластың адам күшін жою және ату құралдарын зақымдау үшін тағайындалған. Қарсыласты қоян-қолтық шайқаста жою үшін автоматқа сүңгі-пышақ қосылады.

5-сұрақ

АҚ-74-тен атудың қарқыны қандай?

А. минутына 600 рет ату;

В. минутына 500 рет ату;

С. минутына 400 рет ату;

Д. минутына 700 рет ату.

6-сұрақ

Жарақталған оқжатарымен АҚ-74 массасы, кг:

А. 3,3 кг;

В. 3,6 кг;

С. 3,8 кг;

Д. 3,2 кг.

7-сұрақ

АК-74-тің жауынгерлік атылу тездігі, минутына атылуы, жекелей – автоматты:

- A. 40–100;
- B. 60–100;
- C. 40–80;
- D. 50–100.

§9. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинастыру

8-сұрақ

АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу не үшін қолданылады?

- A. қатты ластанған кезде тазарту және жөндеу үшін;
- B. тазарту, майлау және қарап тексеру үшін;
- C. тазарту және майлау үшін;
- D. шамалы ластанған кезде тазарту үшін және жөндеу кезінде.

9-сұрақ

АК-74-ті жартылай бөлшектеу тәртібі:

A. Оқжатар (оқтардың болмауын тексеру), сүмбі, ауыздық тежегіш-өтемдеуші, құралсауыт, ұңғылық қорапша қақпағы, кері қайтару тетігі, газ поршеньді бекітпелі жақтау, ұңғылық бастырмасымен газ түтігі, бекітпе.

B. Оқжатар (оқтардың болмауын тексеру), құралсауыт, сүмбі, ауыздық тежегіш-өтемдеуші, ұңғылық қорапша қақпағы, кері қайтару тетігі, бекітпе, ұңғылық бастырмасы бар газ түтігі, газ поршеньді бекітпелі жақтау.

C. Оқжатар (оқтардың болмауын тексеру), құралсауыт, сүмбі, ауыздық тежегіш-өтемдеуші, ұңғылық қорапша қақпағы, кері қайтару тетігі, газ поршеньді бекітпелі жақтау, бекітпе, ұңғылық бастырмасы бар газ түтігі.

D. Оқжатар (оқтардың болмауын тексеру), құралсауыт, сүмбі, ауыздық тежегіш-өтемдеуші, ұңғылық қорапша қақпағы, кері қайтару тетігі, шаппасымен бекітпелік жақтау, бекітпе, ұңғылық бастырмасымен газ түтігі.

10-сұрақ

Ұңғы ... үшін тағайындалған:

- A. гильзаның ұшуын бағыттау, солдан оңға қарай 4 кертiгi бар;
- B. оқтың ұшуын бағыттау, солдан оңға қарай 3 кертiгi бар;
- C. оқтың ұшуын бағыттау, солдан оңға қарай 4 кертiгi бар;
- D. оқтың ұшуын бағыттау, оңнан солға қарай 3 кертiгi бар.

11-сұрақ

Автоматтың ауыздық тежегіш-өтемдеушісі ... қызметін атқарады:

- A. соғуды беру энергиясы шоғырлылықты арттыру;
- B. соғудың шоғырлылығын арттыру және энергия беруді азайту;

- С. жалын шығарылуын азайту;
- Д. атудың шоғырлылығын жақсарту.

12-сұрақ

АК-74 автоматының ұңғылық қорапшасы... қызметін атқарады:

- А. автомат ұңғысы мен дүмін біріктіру;
- В. автомат бөліктері мен тетіктерін біріктіру;
- С. автоматтың соққылық-шаппалық тетігі бөліктерін біріктіру;
- Д. автоматтан ату кезінде бөліктер жұмысы.

13-сұрақ

Кері қайтару тетігі ... үшін тағайындалған:

- А. оқтау кезінде бекітпесі бар бекітпелік жақтаудың жұмысы;
- В. бекітпесі бар бекітпелік жақтауды атудан сақтандыру жағдайына қайтару;
- С. бекітпесі бар бекітпелік жақтауды алдыңғы жағдайға қайтару;
- Д. бекітпесі және газ поршені бар бекітпелік жақтауды артқы жағдайға қайтару.

§10. Калашников автоматын (қол оқшашарын) атуға дайындау

14-сұрақ

АК-74 автоматы құралсауытының керек-жарақтарына енеді:

- А. қылшақ, шұқығыш, бұрауыш, ысқылағыш;
- В. қылшақ, бұрауыш, қысқыш, сүрткіш;
- С. шұқығыш, сүрткіш, сүмбі, бұраулағыш;
- Д. ысқылағыш, сүрткіш, бұрауыш, шұқығыш.

15-сұрақ

АК-74 автоматын тазарту мен майлау үшін ... қолданылады:

- А. қарулық май, шүберек немесе қағаз;
- В. қарулық май, қарулық сұйықтық;
- С. сұйық қарулық май, мылтық сұйықтығы, РЧС ерітіндісі, шүберек немесе КВ-27 қағазы;
- Д. қарулық сұйық май, мылтықтық май, РЧС ерітіндісі, шүберек немесе КВ-22 қағазы, зығыр талшығы.

16-сұрақ

АК-74 автоматынан ату кезіндегі бөгелістер – бұл:

- А. патронның берілмеуі, патронның тұрып қалуы, оталмау, гильзаның алынбауы, оқтың нысанаға дейін ұшып жетпеуі, бекітпелік жақтаудың алдыңғы жағдайға кетпеуі;
- В. патронның берілмеуі, патронның тұрып қалуы, оталмау, гильзаның алынбауы, гильзаның ұстасуы немесе қайтарылмауы, бекітпелі жақтаудың алдыңғы жағдайға кетпеуі;

С. патронның тұрып қалуы, гильзаның алынбауы, оталмау, бекітпелі жақтаудың алдыңғы жағдайға кетуі;

Д. гильзаның бірігуі немесе қайтарылмауы, бекітпелі жақтаудың алдыңғы жағдайға кетуі, оқтың нысанаға дейін ұшып жетпеуі, патронның берілуі.

Жауаптары

4 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
В	Д	А	Д	А	В	А	В	С	С	В	В	С	Д	Д	В

V тарау. САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Саптық дайындық”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§12. Сап және оның элементтері. Саптық қалып
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін, сап пен оның элементтерін біледі, алдын ала берілетін және атқарушылық командаларды ажырата біледі, командаларды орындайды.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды алдын ала берілетін және атқарушылық командаларды ажырата білуге, командаларды орындауға, әскери қызметшілердің сапқа тұрудың алдындағы және саптағы міндеттерін білуге үйреті.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – әскери қызметшілердің сапқа тұрудың алдындағы және саптағы міндеттерін; – “Сапқа тұр!”, “Түзел!”, “Тік тұр!”, “Еркін тұр!”, “Жинақтал!”, “Баскиімдерді (баскиімді) – ШЕШ!”, “Баскиімді – КИ!” командаларын орындауды; – алдын ала берілетін және атқарушылық командаларды ажыратуды білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – сап элементтері туралы ақпараттан мысалдар келтіре, “Сапқа тұр!”, “Түзел!”, “Тік тұр!”, “Еркін тұр!” “Жинақтал!”, “Баскиімді – ШЕШ!”, “Баскиімді – КИ!” командаларын орындауды іс жүзінде көрсете және алдын ала берілетін және атқарушылық командаларды ажырата алатын болады. Кейбір оқушылар: – әскери қызметшілердің сапқа тұрудың алдындағы және саптағы міндеттерінен, сап пен оның элементтерінен шығатын ақпаратқа талдау жасай алады, “Сапқа тұр!”, “Түзел!”, “Тік тұр!”, “Еркін тұр!”, “Жинақтал!”, “Баскиімді – ШЕШ!”, “Баскиімді – КИ!” командаларын орындау тәсілдерін іс жүзінде көрсете және өңгімелей, алдын ала берілетін және атқарушылық командалардың айырмашылығын түсіндіре алады.

Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – саптық дайындық; – сап және оның элементтері; – алдын ала берілетін команда; – атқарушылық команда.	
Құндылықтарға тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың әскери дайындықтың маңызды құрамдасы ретінде саптық дайындық негіздері бойынша білім алуына бағытталған. Оқушылар саптық дайындықтың бастапқы дағдыларын меңгеруі, әскери қызметшілердің сапқа тұрудың алдындағы және саптағы міндеттерін білуі, алдын ала берілетін және атқарушылық командаларын ажырата білуі, “Сапқа тұр!”, “Түзел!”, “Тік тұр!”, “Еркін тұр!”, “Жинақтал!”, “Баскиімді – ШЕШ!”, “Баскиімді– КИ!” командаларын орындай білулері тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, дене шынықтыру, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Әскери іс, тактикалық және ату дайындығының негіздерін білу.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру “Портфель” тәсілі Оқушыларға өздерінің бұл тақырып бойынша білетіндерінің бәрін “жинау” ұсынылады (жеке-леген түсініктерді де, сондай-ақ тұтастай сөйлемдерді де пайдалануға болады) Сабақ тақырыбы мен мақсаттарын тұжырымдау. Топтарға бөлу.	Оқулық Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен)

Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық материалын “Джигсо” әдісімен зерделейді.	Оқулық, дәптерлер
	Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді. Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмаларын қорғайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сергіту минуты Сұрақ – жауап: “Жауапты бағала” Сарамандық жұмысты орындау Тапсырмалар 1-топ. Саптық дайындық пәні неге үйретеді? Саптық дайындық өзіне нені қамтиды? 2-топ. Сап элементтерін білу мен орындай білу неліктен қажет? 3-топ. Командалар неліктен алдын ала берілетін және атқарушылық командаларға бөлінеді? Қажеттілігі неде? 4-топ. Өскери қызметшілердің сапқа тұрудың алдындағы және саптағы міндеттерін білудің мәні неде? 5-топ. Өскери қызметші сапта: “Сапқа тұр!”, “Түзел!”, “Тік тұр!”, “Еркін тұр!” “Жинақтал!”, “Баскиімді – ШЕШ!”, “Баскиімді – КИ!” командалары бойынша қандай іс-әрекеттерді орындайды? Жоғарыда көрсетілген командаларды орындауды элементтері бойынша іс жүзінде көрсетіндер.	Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен)
Сабақтың соңы	Сабақтың соңындағы оқушылар рефлексиясы. “Бір минуттық эссе” тәсілі. Үй тапсырмасы: оқулықтан §12-ты оқу және тақырыпты талқылауға дайын болу.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау

оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?		
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, онда ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.	Мұғалімнің тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, “сұрақ – жауап” өлшемшарттары бойынша бағалау. – Сарамандық жұмысты орындау.	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу; – сергіту минуты; – қызметті алмастыру; – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбесе, онда қалай ойлайсыз, бұл неліктен болды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Саптық дайындық”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§13. Орнында бұрылулар. Саптық және жорықтық адым
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары- на сілтеме)	Әскери іс негіздерін біледі, саптық жарғы командаларын орындайды
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды саптық жарғы командаларын, орнында тұрып бұрылуларды, оқу тобының (бөлімшенің) құрамында бір қатарлы саптан екі қатарда сапқа және керісінше тұруды орындауға үйрету.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – саптық жарғы командаларын; – саптық жарғы командаларын орындауды; – жорықтық қадамды саптық қадамнан ажыратуды білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – жеке құрамды басқару үшін командалар бере алатын болады, мына командаларды орындалуын көрсете алады: “Оң-ға!”, “Жарты айналым оң-ҒА!”, “Сол-ҒА!”, “Жарты айналым сол-ҒА!”, “Ай-НАЛ!”, “Саптық адыммен-БАС!”, “Адым-БАС!”, “Орнында, адым-БАС!” “ОРНЫҢДА!”, “ТУРА!”, “ТОҚТА!”, “КЕҢ АДЫМ!”, “ҚЫСҚА АДЫМ!”, “ЖИІ АДЫМ!”, “СИРЕК АДЫМ!”, “ЖАРТЫ АДЫМ!”, “ТОЛЫҚ АДЫМ!”, “Оңға (солға) қарай екі адым - БАС!”, “Алға (артқа) қарай екі адым- БАС!”, “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПТАЛ!”, “Бөлімше, бір мен екіге – САНАЛ!”, “Бөлімше, ретімен – САНАЛ!”, “Бөлімше, екі қатарға – САПТАЛ!”, “Бөлімше, бір қатарға-САПТАЛ!”; жорықтық қадамды саптық қадамнан ажырата алады. Кейбір оқушылар: – Саптық жарғының: “Оң-ға!”, “Жарты айналым оң-ҒА!”, “Сол-ҒА!”, “Жарты айналым сол-ҒА!”, “Ай-НАЛ!”, “Саптық адыммен-БАС!”, “Адыммен-БАС!”, “Орнында, адым-БАС!” “ОРНЫҢДА!”, “ТУРА!”, “ТОҚТА!”, “КЕҢ АДЫМ!”, “ҚЫСҚА АДЫМ!”, “ЖИІ АДЫМ!”, “СИРЕК АДЫМ!”, “ЖАРТЫ АДЫМ!”, “ТОЛЫҚ АДЫМ!”,

	“Оңға (солға) қарай екі адым – БАС!”, “Алға (артқа) қарай екі адым – БАС!”, “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, бір мен екіге – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, ретімен – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, екі қатарға – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, бір қатарға – Сапқа тұр!” командаларынан шығатын ақпаратқа талдау жасайды, алдын ала берілетін және атқарушылық командалардың айырмашылығын түсіндіре алады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – саптық адым; – жорықтық адым; – команда; – өрістетілген сап; – бір қатарлы сап; – екі қатарлы сап.	
Құндылықтарға тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың әскери дайындықтың маңызды құрамдасы ретінде саптық дайындықтың негіздері бойынша білім алуына бағытталған. Оқушылар саптық дайындықтың бастапқы дағдыларын меңгерулері, саптық жарғы командаларын, жорықтық қадамды саптық қадамнан ажырата білулері, мына командаларды орындау тәсілдерін орындай білулері тиіс: “Оңға!”, “Жарты айналым оң-ҒА!”, “Сол-ҒА!”, “Жарты айналым сол-ҒА!”, “Ай-НАЛ!”, “Саптық адыммен-БАС!”, “Адыммен-БАС!”, “Орнында, адым-БАС!” “ОРНЫҢДА!”, “ТУРА!”, “ТОҚТА!”, “КЕҢ АДЫМ!”, “ҚЫСҚА АДЫМ!”, “ЖИІ АДЫМ!”, “СИРЕК АДЫМ!”, “ЖАРТЫ АДЫМ!”, “ТОЛЫҚ АДЫМ!”, “Оңға (солға) қарай екі адым – БАС!”, “Алға (артқа) қарай екі адым – БАС!”, “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, бір мен екіге – САНАЛ!”, “Бөлімше, ретімен – САНАЛ!”, “Бөлімше, екі қатарға – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, бір қатарға – Сапқа тұр!”	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, дене шынықтыру, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Әскери іс, тактикалық, ату және саптық дайындық негіздерін біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар

Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу. Қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жинақтау. Білімді өзектендіру “Портфель” тәсілі Оқушыларға бұл тақырып бойынша білетіндерінің бәрін “жинау” ұсынылады (жекелеген түсініктерді де, сондай-ақ тұтастай сөйлемдерді де пайдалануға болады) Сабақ тақырыбы мен мақсаттарын тұжырымдау. Топтарға бөлу. Бұрылулардың қалай орындалатынын көрсетіндер. 2-топ. “Саптық адыммен – БАС!”, “Адымдап – БАС!” командаларының, қозғалыс кезінде “ТІК ТҮР!” командасының, қозғалыс кезінде “Еркін түр!” командасының қалай орындалатынын көрсетіндер. 3-топ. “Орнында адымдап – БАС!” (қозғалыста – “ОРНЫҢДА!”), “ТУРА!”, “ТОҚТА!” командаларының қалай орындалатынын көрсетіндер. 4-топ. “КЕҢ АДЫМ!”, “ҚЫСҚА АДЫМ!”, “ЖИІ АДЫМ!”, “СИРЕК АДЫМ!”, “ЖАРТЫ АДЫМ!”, “ТОЛЫҚ АДЫМ!” командаларының қалай орындалатынын көрсетіндер. 5-топ. “Оңға (солға) қарай екі адым – БАС!”, “Алға (артқа) екі адым – БАС!”, “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – Сапқа тұр!”, “Бөлімше, бір мен екіге – САНАЛ!”, “Бөлімше, ретімен – САНАЛ!” командаларының қалай орындалатынын көрсетіндер. “Бөлімше, екі қатарға – САПҚА ТҮР!”, “Бөлімше, бір қатарға – САПҚА ТҮР!” командаларының орындалуын іс жүзінде көрсетіндер (оқу тобы-бөлімше құрамында).	Оқулық Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен)
---------------------------------	---	---

Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық материалын “Джигсо” әдісімен зерделейді. Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді. Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмаларын қорғайды, басқа топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сергіту минуты Сұрақ – жауап: “Жауапты бағала” Сарамандық жұмысты орындау Тапсырмалар 1-топ. “Оң-ҒА!”, “Жарты айналым оң-ҒА!”, “Сол-ҒА!”, “Жарты айналым сол-ҒА!”, “Ай-НАЛ!” командасы бойынша орында тұрып.	Оқулық, дәптерлер
Сабақтың соңы	Оқушылардың сабақ соңындағы рефлексиясы “Бір минуттық эссе” тәсілі. Тақырыптың маңызды негізгі сөздерін және ненің түсініксіз болып қалғандығын жазу. Үй тапсырмасы: оқулықтан §13-ты оқу және тақырыпты талқылауға дайын болу.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе	Мұғалім тарапынан бағалау: – Ауызша сауалнама, “сұрақ-жауап” өлшемшарттары бойынша бағалау. – Сарамандық жұмысты орындау.	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау жөнінде нұсқама өткізу. – Сергіту минутын орындау. – Қызметті алмастыру.

тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.		– Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыз, бұл неліктен болды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

V ТАРАУ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

V тарау. Саптық дайындық

§12. Сап және оның элементтері. Саптық қалып

1-сұрақ

Саптық дайындық – әскери оқыту мен тәрбиелеудің аса маңызды пәндерінің бірі. Ол мынаны көздейді:

А. әскери қызметшілерде тәртіптілікті, ұқыптылықты, саптық тәсілдерді шебер және жылдам орындауды және бөлімше құрамында үйлескен іс-қимылдарды қалыптастыруды;

В. әскери қызметшілерде саптық жинақылықты, ықшамдылықты, ұқыптылықты, тәртіптілікті, жекелеген саптық тәсілдерді шебер және жылдам орындау мен бөлімше құрамында үйлескен іс-қимылдарды қалыптастыруды;

С. әскери қызметшілерде жинақылықты, ұқыптылықты, жекелеген саптық тәсілдерді шебер және жылдам орындау мен топ құрамындағы үйлескен іс-қимылдарды қалыптастыруды;

Д. әскери қызметшілерде жекелеген саптық тәсілдерді шебер және жылдам орындау мен топ құрамындағы үйлескен іс-қимылдарды қалыптастыруды.

2-сұрақ

Сап – бұл жарғымен белгіленген:

А. әскери қызметшілердің, бөлімшелер мен бөлімдердің жаяу тәртіппен және машиналарда олардың бірлескен іс-қимылдар жасауы үшін орналастырылуы;

В. бөлімшелер мен бөлімдердегі әскери қызметшілердің орналасқан жердегі бірлескен іс-қимылдар жасауы үшін орналастырылуы;

С. әскери қызметшілерді, бөлімшелер мен бөлімдерді алаңқайда жаяу, саппен бірлескен іс-қимылдар жасау үшін орналастыру;

Д. әскери қызметшілерді, бөлімшелер мен бөлімдерді далалық оқу-жаттығуларда жаяу тәртіппен бірлескен іс-қимылдар жасау үшін орналастыру.

3-сұрақ

Маңдайшеп – бұл саптың бір жағы, онда:

А. әскери қызметшілер арқасын (машиналар – шанағын) қаратып тұрады;

В. әскери қызметшілер оң жағын (машиналар – оң бүйірін) қарата тұрады;

С. әскери қызметшілер беттерін (машиналар – маңдай бөлігін) қарата тұрады;

Д. әскери қызметшілер сол жағын (машиналар – сол бүйірін) қарата тұрады.

4-сұрақ

Жорықтық сап онда:

А. бөлімше лекпен сапқа тұрады немесе лектердегі бөлімшелер аға бастық белгілеген арақашықтықтарда сапқа тұрады;

В. бөлімше лекпен сапқа тұрады немесе лектердегі бөлімшелер аға бастықты кездестіруі үшін бірінің артына бірі сапқа тұрады;

С. бөлімше лекке сапқа тұрғызылған немесе лектердегі бөлімшелер жаяу саппен қозғалу үшін бірінің артына бірі сапқа тұрғызылған;

Д. бөлімше лекке сапқа тұрғызылған немесе лектердегі бөлімшелер жарғымен немесе командирмен белгіленген арақашықтықтарда бірінің артына бірі сапқа тұрғызылған.

5-сұрақ

Алдын ала команда беріледі:

А. сапта тұрғандар командир өздерінен қандай іс-қимылдарды талап ететіндігін түсінуі, әскери қызметшілердің назар аударуын және орындаушылық команданы орындауға дайындығын күшейту үшін айқын, қатты және созылыққы;

В. сапта тұрған бөлімше командир өздерінен қандай іс-қимылдарды талап ететіндігін түсінуі, әскери қызметшілердің назар аударуын және орын-

даушылық команданы орындауға дайындығын күшейту үшін айқын, қатты және созылыңқы;

сапта тұрған бөлімшелер сапта қандай іс-қимылдар жасауы керектігін түсінуі, бөлімшелер назарын және орындаушылық команданы орындауға дайындықты күшейту үшін;

бөлімшелер мен бөлімдер өздерінен қандай іс-қимылдардың талап етілетінін түсінуі, бөлімшелер мен бөлімдердің назар аударуын, орындаушылық команданы орындауға дайындығын күшейту үшін.

6-сұрақ

Әскери қызметші міндетті:

А. өз қаруының, ату жарақтарының, жеке қорғану құралдарының, бекіністік аспабының, киім-кешегі мен керек-жарақтарының ақаусыздығын тексеруге;

В. қару-жарақ, әскери және басқа техниканың, ұжымдық қорғаныс құралдарының, бекіністік аспап, киім-кешек пен керек-жарақтардың ақаусыздығын тексеруге;

С. өз қаруының, өзіне бекітіліп берілген қару-жарақ, әскери және басқа техниканың, ату жарақтарының, жеке қорғану құралдары, бекіністік аспап, киім-кешек пен керек-жарақтардың ақаусыздығын тексеруге;

Д. бөлімшедегі қолда бар қару-жарақты, бекіністік аспапты, жеке құрамның киім-кешегі мен керек-жарақтарын тексеруге.

7-сұрақ

Әскери қызметші міндетті:

А. саптағы өз орнын білуге, оны жылдам, асығып-үсікпей иелене білуге; қозғалыста теңелуді, белгіленген аралық пен арақашықтықты, аға бастықтардың талаптарын сақтауға;

В. саптағы өз орнын білуге, оны жылдам, асығып-үсікпей иелене білуге; қозғалыста саптан (машинадан) рұқсатсыз шықпауға;

С. қауіпсіздік талаптарын білуге; саптан (машинадан) рұқсатсыз шықпауға;

Д. саптағы өз орнын білуге, оны жылдам, асығып-үсікпей иелене білуге; қозғалыста теңелуді, белгіленген аралық пен арақашықтықты сақтауға; қауіпсіздік талаптарын сақтауға; саптан (машинадан) рұқсатсыз шықпауға.

§13. Орнында тұрып бұрылулар.

Саптық және жорықтық адым

8-сұрақ

Адыммен қозғалу мынадай екпінмен жүзеге асырылады:

А. минутына 95 – 105 адым;

В. минутына 95 – 100 адым;

С. минутына 95 – 110 адым;

Д. минутына 95 – 115 адым.

9-сұрақ

Сапта жүгіре адымдау мынадай екпінмен жүзеге асырылады:

- A. 65 – 75 см;
- B. 68 – 78 см;
- C. 60 – 70 см;
- D. 65 – 78 см.

10-сұрақ

Сапта жүгіріп қозғалу мынадай екпінмен жүзеге асырылады:

- A. минутына 165 – 175 адым;
- B. минутына 165 – 180 адым;
- C. минутына 175 – 185 адым;
- D. минутына 160 – 175 адым.

11-сұрақ

Саптық адым мыналардан өту кезінде қолданылады:

A. бөлімшелер шеруде маршпен өтуде, олардың қозғалыс кезінде әскери сәлемдесуді орындауында, әскери қызметші командирге (бастыққа) келген және одан қайтқанда, әскери қызметші саптан шыққан және сапқа қайтып оралған кезде;

B. бөлімшелер алаңқайда салтанатты адымдауда, командир (бастық) бөлімшеге жүгінгенде, әскери қызметші саптан шыққан және сапқа қайтып оралғанда, сондай-ақ саптық дайындық бойынша сабақтарда;

C. бөлімшелер салтанатты маршпен өту кезінде, олардың қозғалыс кезінде әскери сәлемдесуді орындауында, командир (бастық) бөлімшеге жүгінгенде, әскери қызметші командирге (бастыққа) келген және одан қайтқанда, әскери қызметші саптан шыққан және сапқа қайта оралғанда, сондай-ақ саптық дайындық бойынша сабақтарда;

D. бөлімшелер алаңда салтанатты іс-шараларды, олардың қозғалыс кезінде әскери сәлемдесуді орындауы кезінде, командир (бастық) бөлімшеге жүгінгенде, сондай-ақ саптық дайындық бойынша сабақтарда.

12-сұрақ

Саптық адыммен қозғалу мына команда бойынша басталады:

- A. “Саппен – АДЫМДА!”;
- B. “АДЫМДА!”;
- C. “Орнында – АДЫМДА!”;
- D. “ТУРА!”

13-сұрақ

Бөлімшенің өрістетілген сабы болуы мүмкін:

- A. екі қатарлы немесе үш қатарлы;
- B. бір қатарлы немесе лек;
- C. бір қатарлы, екі қатарлы, үш қатарлы немесе лек;
- D. бір қатарлы немесе екі қатарлы.

14-сұрақ

Бірнеше адым алға немесе артқа жылжу үшін берілетін команда, мысалы:

- A. “Екі адым алға (оңға) – АДЫМДА!”;
- B. “Екі адым алға (артқа) – АДЫМДА!”;
- C. “Екі адым алға (солға) – АДЫМДА!”;
- D. “Екі адым алға (артқа), жүгіре – АДЫМДА!”.

15-сұрақ

Бөлімшенің бір қатарлы (екі қатарлы) сапқа тұруы мына команда бойынша жүргізіледі:

- A. “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПҚА ТҰР!”;
- B. “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – ТІК ТҰР!”;
- C. “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПТАЛ!”;
- D. “Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – ТҮЗЕЛ!”

Жауаптары

5 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
B	A	C	D	A	C	D	A	C	B	C	A	D	B	C

VI ТАРАУ. ӘСКЕРИ ТОПОГРАФИЯ

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Әскери топография”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§14. Жергілікті жерде картасыз бағдарлау
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Жергілікті жерде бағдарлау тәсілдерін біледі, жергілікті жерде бағдарлау құралдарын қолдана алады.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды жергілікті жерде горизонт жақтарын анықтаудың әртүрлі тәсілдеріне, өзінің орналасқан жері туралы баянат жасауға үйрету.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – жергілікті жерде Адрианов құбылнамасы және жергілікті заттардың белгілері бойынша бағдарлану тәсілдерін; – өзі орналасқан жер туралы баяндама жасауды білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – жергілікті жерде Адрианов құбылнамасы және жергілікті заттардың белгілері бойынша бағдарлану тәсілдері бойынша ақпараттан мысалдар келтіре алады, өзінің орналасқан жері туралы баяндама жасай алады. Кейбір оқушылар: – жергілікті жерде бағдарланудың дәлдігіне қойылатын талаптардан шығатын ақпаратқа талдау жасайды, жергілікті заттар белгілерінің ерекшеліктерін танып біле алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: – қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – әскери топография; – жергілікті жер; – бағдар; – горизонт тұстары; – жергілікті жердің белгілері.

Құндылықтар- ды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың тактикалық-арнаулы пән ретінде әскери топографияның негіздері бойынша білім алуына бағытталған. Оқушылар Адрианов құбылнамасын пайдаланумен және жергілікті заттардың белгілері бойынша жергілікті жерде бағдарланудың тиісті дағдыларын меңгеруі тиіс. Жауынгерлік жағдайда, күндіз және түнде таныс емес жерде бөлімшелерді басқаруға қажетті, жергілікті жерде бағдарлану дағдылары.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, физика, орыс тілі.	
Мұның алдын- дағы білім	География пәні бойынша білім, горизонттың “Солтүстік”, “Оңтүстік”, “Батыс”, “Шығыс” тұстарын анықтау. Жергілікті жер элементтерін ескерумен жергілікті жердің сұлбасын жасау.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Кумулятивті әңгімелесу 1. Адамдар Темірқазық жұлдызын неліктен жол көрсетуші жұлдыз деп атайды? 2. Күн неліктен Шығыстан шығады? 3. Жергілікті заттардың көлеңкелері жергілікті жерде бағдарлануға қалай көмектеседі? 4. Ашық жерде (далада) өзің орналасқан жерді горизонт тұстарына қатысты қалай анықтауға болады? 5. Адамның жергілікті жерде бағдарлай білуі неліктен соншалықты маңызды? Сабақ тақырыбы мен мақсаттарын тұжырымдау. Топтарға бөлу.	Оқулық Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен) Сұрақтары бар слайд







Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық материалын “Джигсо” әдісімен зерделейді Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен (<i>әскери топография, жергілікті жер, бағдар, горизонттың тұстары, жергілікті жердің белгілері</i>) жұмыс істейді. Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмаларын қорғайды, басқа топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сергіту минуты Сұрақ-жауап: “Жауапты бағала” Сарамандық жұмысты орындау Тапсырмалар 1-топ. Адрианов құбылнамасымен жергілікті жерде горизонт тұстарын анықтау 2-топ. Горизонт тұстарын сағаттың көмегімен Күн бойынша анықтау. 3-топ. Горизонт тұстарын Күн бойынша және заттың көлеңкесі бойынша анықтау. 4-топ. Горизонт тұстарын Темірқазық жұлдызы бойынша анықтау. 5-топ. Горизонт тұстарын жергілікті заттардың белгілері бойынша анықтау. Горизонт тұстарына қатысты өзінің орналасқан жері туралы баяндауды жүзеге асыру.	Оқулық, дәптерлер Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен) Сұрақтары бар слайд.
Сабақтың соңы	Оқушылардың сабақ соңындағы рефлексиясы Өз жұмысын бағалау Жергілікті жердің заттары, аспан шам-шырақтары – өздеріңенің белгілі болғандығын және нені үйренгендеріңді сипаттап жазыңдар. “Бағдар” – жергілікті жердегі бағдарлар туралы сабақта қандай жаңалықты білдім, ... “құбылнама” – нені үйрендім? ...	

	“горизонт” – нені түсіндім? ... “Күн” – сабақта заттың көлеңкесі бойынша бағдарланудың тәсілдері туралы қандай жаңалықты білдім? ... “Темірқазық жұлдызы” – сабақта жергілікті жерде түнгі уақытта бағдарлану туралы қандай жаңалықты білдім, ... Үй тапсырмасы: §14-ты оқып, мазмұндау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады;	Мұғалім тарапынан бағалау: – Ауызша сауалнама, “сұрақ-жауап” өлшем шарттары бойынша бағалау. – Сарамандық жұмысты орындау.	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау жөнінде нұсқама өткізу. – Сергіту минуты. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.

• топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, сіздер қалай ойлайсыздар, бұл неліктен болды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіздер сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыздар ма? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Әскери топография”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§15. Магниттік азимутты анықтау
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Жергілікті жерде бағдарланудың тәсілдерін біледі, жергілікті жерде бағдарланудың заманауи құралдарын қолдана біледі.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды жергілікті жерде горизонт тұстарын әртүрлі тәсілдермен, сондай-ақ заманауи жеке жабдықтарды (құрылғыларды) пайдаланумен анықтауға үйрету.
Бағалау өлшем-шарттары	Барлық оқушылар: – азимуттарды, меридиандар мен магниттік ауытқуды; – жергілікті жерде бағдарлануға арналған заманауи жеке жабдықтарды пайдалануды білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – заманауи жеке жабдықтарды пайдаланумен жергілікті жерде бағдарлану, сондай-ақ азимуттар мен меридиандар туралы ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады.

	Кейбір оқушылар: – жергілікті жерде бағдарлануға арналған заманауи жеке жабдықтарды қолданудан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады, сондай-ақ азимуттар мен меридиандар туралы ақпаратқа ие болады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: – қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – азимут; – шынайы азимут; – магниттік азимут; – магниттік ауытқу; – GPS; – ГЛОНАСС; – Galileo	
Құндылықтарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың меридиандар туралы білімнің негізінде бұрыштық шамаларды – азимуттарды (бір бұрыштық шамадан басқа шамасына өту) өлшеу негіздері бойынша білім алуына бағытталған. Оқушылар адамдарға таныс емес жерлермен жүрген кезде қажет болатын, жергілікті жерде бағдарлануға арналған заманауи жеке жабдықтарды пайдалану бойынша тиісті дағдыларды меңгерулері тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, физика, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Адрианов құбылнамасы, жергілікті заттардың белгілері бойынша жергілікті жерде бағдарлану тәсілдерін білу.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Кумулятивтік әңгімелесу 1. Сендер азимуттар туралы не білесіңдер? 2. Бізге азимуттар туралы білім жергілікті жерде бағдарлануда қалай көмектеседі (егер көмектессе, қалай көмектеседі)?	Оқулық Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен) Сұрақтары бар слайд

	3. Адамдар жергілікті жерде бағдарлану мәселелеріне жиі кез бола ма және қай жерде (қандай жерлерде)? 4. Сендер GPS, ГЛОНАСС, Galileo навигациялық жерсеріктік жүйелері туралы не білесіңдер? 5. Біз күнделікті өмірімізде жерсеріктік навигациялық жүйелерді пайдаланамыз ба? Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын тұжырымдау. Топтарға бөлу.					
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық материалын “Джигсо” әдісімен зерделейді. Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді. Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмаларын қорғайды, басқа топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сергіту минуты Сарамандық жұмысты орындау. Тапсырмалар <table> <tr> <td> 1-топ. Егер батысқа ауытқу: $\delta = - 5^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салыңдар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар. </td> <td>  </td> </tr> <tr> <td> 2-топ. Егер шығысқа қарай ауытқу: $\delta = + 7^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салыңдар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар. </td> <td>  </td> </tr> </table>	1-топ. Егер батысқа ауытқу: $\delta = - 5^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салыңдар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар.		2-топ. Егер шығысқа қарай ауытқу: $\delta = + 7^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салыңдар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар.		Оқулық, дәптер Сұрақтары бар слайд
1-топ. Егер батысқа ауытқу: $\delta = - 5^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салыңдар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар.						
2-топ. Егер шығысқа қарай ауытқу: $\delta = + 7^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салыңдар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар.						

	3-топ. Егер батысқа қарай ауытқу: $\delta = -10^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салындар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар. 4-топ. Егер шығысқа қарай ауытқу: $\delta = +15^\circ$-қа тең болса, құбылнаманың магнитті нұсқары жағдайының суретін салындар; бағдарға магнитті азимутты анықтаңдар. Есептеп шығарулардың нәтижелері туралы баянат жасауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы	Рефлексия: "Үш С" Оқушыларға оларда сабақ процесінде ойдағыдай жақсы болып шыққан үш сәтті, оларға қиындық тудырған екі сәтті, келесі сабақта олардың жұмысын жақсартатын бір әіс-әрекетті атау ұсынылады. Үй тапсырмасы: оқулықтан §15-ты оқып, мазмұндау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі;	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау.	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын

• меңгерілетін оқу курсы-нан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	сақтау жөнінде нұсқама өткізу. – Сергіту минуты. – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, сіз қалай ойлайсыз, бұл неліктен болды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?	Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

VI ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

VI тарау. ӘСКЕРИ ТОПОГРАФИЯ

§14. Жергілікті жерде картасыз бағдарлану

1-сұрақ

Әскери топография – арнаулы әскерии пән, ол мыналарды:

А. жергілікті заттарды (бағдарларды) зерделеуді, жергілікті жерді бағалау, әскерлердің жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу тәсілдерін қарастырады, әртүрлі жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде топографиялық карталар мен аэротүсірімдерді пайдалану дағдыларын береді;

В. жергілікті жерді зерделеу тәсілдерін, бағдарлануды, жергілікті жерді әскерлердің жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізуі үшін ерекшеліктерін ескерумен бағалауды қарастырады, әртүрлі жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде топографиялық карталар мен аэротүсірілімдерді пайдалану дағдыларын береді;

С. жергілікті жерді зерделеу тәсілдерін, оған бағдарлануды және әскерлердің жауынгерлік іс-қимылдар жүргізуімен байланысты басқа да мәселелерді қарастырады, жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде жергілікті жердің сұлбалары мен аэротүсірілімдерін пайдалану дағдыларын береді.

2-сұрақ

Жергілікті жердегі бағдарлар деп аталады:

А. оларға қатысты өз әскерлері бөлімшелерінің орналасуы, және олардың қозғалыс бағыты анықталатын, жақсы байқалатын жергілікті заттар мен рельеф элементтері;

В. оларға қатысты аспан шам-шырақтарының орналасуы, нысаналар мен объектілер қозғалысының бағыты анықталатын жақсы байқалатын жергілікті заттар мен рельеф элементтері;

С. оларға қатысты түнгі уақытта аспан шам-шырақтарының орналасуы, қозғалыс бағыты анықталатын және нысаналар мен объектілерінің орналасуын көрсететін жақсы байқалатын жергілікті заттар мен рельеф элементтері;

Д. оларға қатысты орналасқан жер, қозғалыс бағыты анықталатын және нысаналар мен объектілердің орналасуын көрсететін жақсы байқалатын жергілікті заттар мен рельеф элементтері.

3-сұрақ

Жергілікті жерде бағдарлану дегеніміз:

А. горизонт тұстары (дүние тұстары) – солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс бағытын табу; қоршаған жергілікті заттарға, рельеф нысанына қатысты өзінің орналасқан жерін анықтау; қозғалыстың керекті бағытын табу және жолда сол бағытты ұстау;

В. горизонт тұстары (дүние тұстары) – солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс бағытын табу; қоршаған жергілікті заттар, рельеф нысандарына қатысты өз бөлімшелерінің орналасқан жерін анықтау; бөлімшелер қозғалысының керекті бағытын табу және жолда сол бағытты ұстау;

С. горизонт тұстары (дүние тұстары) – солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс бағытын табу; түнгі және күндізгі уақытта аспан шам-шырақтарына қатысты орналасқан жерді анықтау; қозғалыстың керекті бағытын табу және жолда сол бағытты ұстау;

Д. горизонт тұстары (дүние тұстары) – солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс бағытын табу; жолдардағы (немесе даладағы) қозғалатын объектілерге қатысты өзінің орналасқан жерін анықтау; қозғалыстың керекті бағытын табу және жолда сол бағытты ұстау.

4-сұрақ

Өзінің орналасқан жері (орналасқан орны) туралы баяндау жүзеге асырылады:

- A. қозғалатын объектілерге (бағдарларға) қатысты;
- B. жергілікті заттарға (бағдарларға) қатысты;
- C. ұшатын аппараттарға (бағдарларға) қатысты;
- D. жергілікті жер рельефіне (бағдарларға) қатысты.

§15. Магниттік азимутты анықтау

5-сұрақ

Азимут деп аталады:

A. берілген нүкте арқылы өтетін меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

B. берілген нүкте арқылы өтетін магнитті меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

C. берілген нүкте арқылы өтетін координаталық тор сызықтарының солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

D. берілген нүкте арқылы өтетін меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін вертикаль бұрыш.

6-сұрақ

Ақиқат азимут деп аталады:

A. берілген нүкте арқылы өтетін магнитті меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

B. берілген нүкте арқылы өтетін координаталық тор сызықтарының солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

C. берілген нүкте арқылы өтетін ақиқат меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

D. берілген нүкте арқылы өтетін меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін вертикаль бұрыш.

7-сұрақ

Магнитті азимут деп аталады:

A. берілген нүкте арқылы өтетін координаталық тор сызықтарының солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

В. берілген нүкте арқылы өтетін магнитті меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

С. берілген нүкте арқылы өтетін ақиқат меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш;

Д. берілген нүкте арқылы өтетін меридианның солтүстік бағытынан бастап зат (бағдар) бағытына дейін сағат тілінің жүрісі бойынша өлшенетін горизонталь бұрыш.

8-сұрақ

Магнитті ауытқу деп аталады:

А. ақиқат және магнитті меридиандардың оңтүстік бағыты арасындағы бұрыш;

В. ақиқат және магнитті меридиандардың шығыс бағыты арасындағы бұрыш;

С. ақиқат және магнитті меридиандардың батыс бағыты арасындағы бұрыш;

Д. ақиқат және магнитті меридиандардың солтүстік бағыты арасындағы бұрыш.

9-сұрақ

Магнитті азимутты анықтау үшін:

А. бетті солтүстікке қарата тұру, нұсқар тежегішін жіберу және құбылнаманы бағдарлау (құбылнама бұрылысымен нұсқардың солтүстік ұшын лимбінің нөлдік бөлінісімен сәйкес келтіру);

В. бетті оңтүстікке қарата тұру, нұсқар тежегішін жіберу және құбылнаманы бағдарлау (құбылнама бұрылысымен нұсқардың солтүстік ұшын лимбінің нөлдік бөлінісімен сәйкес келтіру);

С. бетті затқа қарата тұру, нұсқар тежегішін жіберу және құбылнаманы бағдарлау (құбылнама бұрылысымен нұсқардың солтүстік ұшын лимбінің нөлдік бөлінісімен сәйкес келтіру);

Д. бетті қозғалыс бағыттарына қарата тұру, нұсқар тежегішін жіберу және құбылнаманы бағдарлау (құбылнама бұрылысымен нұсқардың солтүстік ұшын лимбінің нөлдік бөлінісімен сәйкес келтіру) **керек**.

10-сұрақ

Кері азимут – бұл:

А. жергілікті заттан тұру нүктесіне қарайғы бағыт; ол тура азимуттан 180° шамасымен ерекшеленеді. Бұл шама егер 180° -тан аз болса, тура азимутқа қосылады немесе егер ол 180° -тан көп болса, алынып тасталады.

В. жергілікті заттан тұру нүктесіне қарайғы бағыт; ол тура азимуттан 180° шамасымен ерекшеленеді. Бұл шама тура азимутқа қосылады және 180° алынып тасталады.

С. жергілікті заттан тұру нүктесіне қарайғы бағыт; ол тура азимуттан 180° шамасымен ерекшеленеді. Бұл шама егер ол 180° -тан көп болса, алынып тасталады.

Д. жергілікті заттан тұру нүктесіне қарайғы бағыт; ол тура азимуттан 180° шамасымен ерекшеленеді. Бұл шама егер ол 180° -тан көп болса, тура азимутқа қосылады.

11-сұрақ

GPS-навигатордың ерекшеліктері болып табылады:

А. аспап сигналды радиоқабылдағыштан қабылдайды және нүкте координаталарын анықтайды, бұл мәліметтер сақталады және арнаулы электрондық картаға түсіріледі;

В. аспап сигналды Жер серіктен қабылдайды және нүкте координаталарын анықтайды, бұл мәліметтер сақталады және арнаулы электрондық картаға түсіріледі;

С. аспап сигналды ұшатын аппараттардан қабылдайды және нүкте координаталарын анықтайды, бұл мәліметтер сақталады және арнаулы электрондық картаға түсіріледі;

Д. аспап Жер серіктен дәл уақыт сигналын қабылдайды және нүкте координаталарын анықтайды, бұл мәліметтер сақталады және арнаулы электрондық картаға түсіріледі.

12-сұрақ

Жерсеріктік навигациялық жүйелер тағайындалған:

А. жерүстілік, судағы және әуедегі объектілердің орналасқан жерін (полярлық координаталарын) анықтау үшін;

В. жерүстілік, судағы және әуедегі объектілердің орналасқан жерін (биполярлық координаталарын) анықтау үшін;

С. жерүстілік, судағы және әуедегі объектілердің орналасқан жерін (географиялық координаталарын) анықтау үшін;

Д. жерүстілік, судағы және әуедегі объектілердің орналасқан жерін (тікбұрышты координаталарын) анықтау үшін.

13-сұрақ

Координаталарды анықтау үшін қабылдағыш (навигатор) мынаны істеуі тиіс:

А. ең аз дегенде бес Жер серігінің сигналын қабылдау және оларға дейінгі арақашықтықты есептеп шығару. Төрт жер серігін пайдалану кезінде координаталарды анықтау қабылдағыш сағатының дәл еместігінен туындайтын қателіктермен қиындайды;

В. ең аз дегенде бес Жер серігінің сигналын қабылдау және оларға дейінгі арақашықтықты есептеп шығару. Үш Жер серігін пайдалану кезінде координаталарды анықтау қабылдағыш сағатының дәл еместігінен туындайтын мардымсыз қателіктерге орай, қанағаттанарлық болады;

С. ең аз дегенде бес Жер серігінің сигналын қабылдау және оларға дейінгі арақашықтықты есептеп шығару. Екі Жер серігін пайдалану кезінде координаталарды анықтау қабылдағыш сағатының дәл еместігінен туындайтын қателіктермен қиындайды;

Д. ең аз дегенде төрт жерсерігінің сигналын қабылдау және оларға дейінгі арақашықтықты есептеп шығару. Үш жерсерігін пайдалану кезінде координаталарды анықтау қабылдағыш сағатының дәл еместігінен туындайтын қателіктермен қиындайды.

14-сұрақ

GPS-навигатордың ерекшеліктері болып табылады:

А. пайдаланушы аспаптың электрондық картасына өзінің қай жерде орналасқандығын және өзіне белгіленген соңғы нүкте – нысанаға дейін әлі де қанша жүретіндігін түсіреді;

В. пайдаланушы аспап экранынан өзінің қай жерде орналасқандығын және белгіленген соңғы нүкте – нысанаға дейін өзінің әлі де қанша жүретінін көреді;

С. пайдаланушы аспап экранынан бағдарлар және олардың координаталары бар электрондық картаны көреді және өзіне белгіленген соңғы нүкте – нысанаға дейін әлі де қанша жүретінін есептей алады;

Д. пайдаланушы аспап экранынан құбылнаманы және белгіленген соңғы нүкте – нысанаға дейін қанша жүретінін көреді.

15-сұрақ

GPS-навигатордың артықшылығы мынадай:

А. векторлық пішімде арнаулы электрондық карталарды жүктеуге болады, олардың көмегімен жергілікті жерде бағдарлануға болады;

В. векторлық пішімде арнаулы электрондық карталарды жүктеуге болады, олардың көмегімен аспан шам-шырақтары бойынша бағдарлануға болады;

С. векторлық пішімде арнаулы электрондық карталарды жүктеуге болады, олардың көмегімен қозғалыстағы объектілердің жағдайын оқуға болады;

Д. векторлық пішімде арнаулы электрондық карталарды жүктеуге болады, олардың көмегімен ауа райының болжамына бағдарлануға болады.

Жауаптары

6 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
В	Д	А	В	А	С	В	Д	С	А	В	С	Д	В	А

VII тарау. ӘСКЕРИ РОБОТТЫҚ ТЕХНИКАЛАРДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Әскери роботтық техникалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§16. Әскери роботтық техникалардың негіздері
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін, роботтар туралы жалпы мәліметтерді, роботтардың әскери істе қолданылуы туралы біледі.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды әскери роботтық техника, олардың қолданылу саласы мен бұл роботтардың функциялық мүмкіндіктері туралы жалпы мәліметтермен таныстыру.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – әскери роботтық техника туралы жалпы мәліметтерді; – әскери роботтардың қолданылу саласын; – роботтардың түрлері мен олардың тағайындалуын; – роботтардың функциялық мүмкіндіктерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – әскери роботтар туралы ақпараттан мысалдар келтіретін, роботтық техника мен IT-технологиялардың функциялық мүмкіндіктерін білетін болады. – Кейбір оқушылар: – әскери істе заманауи роботтық техника құралдары мен ӨТ-технологияларды қолданудан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – роботтар; – роботтық техника; – роботтық техника кешендері (РТК); – желілік орталықтандырылған соғыстар; – жерүстілік роботтар;

	– әуе роботтары; – теңіз роботтары	
Құндылықтарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың әскери роботтық техника, олардың қолданылу саласы, роботтардың функциялық мүмкіндіктері туралы білім алуына бағытталған. Оқушылар қолданылуының әртүрлі салаларындағы роботтардың техникалық мүмкіндіктері туралы тиісті білімді қалыптастырулары тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, физика, ақпараттану, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Заманауи жерсеріктік навигациялық құралдарды пайдаланумен жергілікті жерде бағдарлану тәсілдерін біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылардың назарын аудару. Білімді өзектендіру “Портфель” тәсілі Оқушыларға бұл тақырып бойынша білетіндерінің бәрін “жинау” ұсынылады (жекелеген түсініктерді де, сондай-ақ тұтастай сөйлемдерді де пайдалануға болады). Сабақ мақсаттарын белгілеу. Мұғалім қорытындылайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Сұрақтары бар слайд
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық материалын “Джигсо” әдісімен зерделейді Оқушылар мұнымен бір мезгілде терминологиямен жұмыс істейді. Сұрақ-жауап: “Жауапты бағала” 1. Робот деп нені атаймыз? Сендер роботтар туралы не білесіңдер? 2. Оларды кімдер жасайды және адам оларды қызметтің қандай салаларында қолданады? 3. Адамдар өнеркәсіптік роботтар жасауда мүмкіндіктердің қандай деңгейіне қол жеткізді?	Оқулық, дәптерлер

	4. Біздер өнеркәсіптік роботтарды қолданумен жасалған, халық тұтынатын тауарларды пайдаланамыз ба? 5. Сендер әскери роботтар (әскери роботтық техника) туралы не білесіңдер? 6. Әскери роботтық техниканы қызметтің қандай салаларында қолданады? 7. Роботтық техника әскери мамандарға әскери жанжалдарды шешуде қалай көмектеседі? Өрбір топтың спикерлері өз тапсырмасын қорғайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сергектік минуты Сарамандық жұмысты (зерттеуді) орындау. Тапсырмалар: 1. Заманауи кезеңде РТК қандай әскери және арнаулы міндеттерді орындайды? Заманауи РТК туралы білетіндерің жайлы эссе жазыңдар. 2. Жер үстінде қолданылатын РТК қандай міндеттерді орындайды? Орындайтын міндеттерін ескерумен жер үстінде қолданылатын РТК шеберліктердің қандай жиынына ие болуы тиіс екендігі туралы эссе жазыңдар. 3. РТК неліктен дөңгелекті және шынжыртабанды платформаларға жасалады? Орындайтын міндеттерді есепке алумен дөңгелекті және шынжыртабанды платформалардағы РТК қандай жауынгерлік міндеттерді орындайтыны туралы эссе жазыңдар. 4. ҰҰА қандай міндеттерді шешеді? Шешетін міндеттерін есепке алумен, ҰҰА аппаратура мен қару-жарақтың қандай жиынымен жарақтандырылған болуы тиіс екендігі туралы эссе жазыңдар.	Сұрақтары бар слайд Суреті бар слайд (кітаптағы суреттермен)
--	--	--

	5. Шет мемлекеттердің әскери-теңіз күштерінің (флоттарының) РТҚ қандай жауынгерлік міндеттер орындайды? Орындайтын міндеттерін есепке алумен шет мемлекеттер әскери-теңіз күштеріне (флоттарына) тағайындалған РТҚ туралы не білетіндерің жайлы эссе жазыңдар. Тапсырма (зерттеу) нәтижелері туралы баяндауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы	Рефлексия: “Үш С”. Оқушыларға оларда сабақ процесінде жақсы болып шыққан үш сәтті, оларда қиындықтар туындатқан екі сәтті атау, олардың жұмысын келесі сабақта жақсартатын бір іс-әрекетті көрсету ұсынылады. Үй тапсырмасы: §16-ты оқып, оқулықтағы тапсырмаларды орындау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақы-	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау жөнінде нұсқама өткізу. – Сергектік минуты – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.

рыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыңдар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Әскери роботтық техникалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§17. Роботтарды басқару алгоритмі
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери іс негіздерін, роботты басқару алгоритмдерін біледі.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды робот қозғалысы траекториясын жоспарлаумен, олардың функциялық мүмкіндіктерімен, роботтар тобын ұжымдық басқару алгоритмдерімен таныстыру

Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – робот қозғалысы траекториясын жоспарлау тәртібін; – роботтардың функциялық мүмкіндіктерін; – роботтар тобын ұжымдық басқару модельдері мен алгоритмдерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – әскери роботтар, робот қозғалысы траекториясын жоспарлау тәртібі, олардың функциялық мүмкіндіктері, роботтар тобын ұжымдық басқару модельдері мен алгоритмдері туралы ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады, роботтық техника мен IT-технологиялардың функциялық мүмкіндіктерін біледі. Кейбір оқушылар: – әскери іс пен IT-технологияларда заманауи роботтық техника құралдарын қолданудан шығатын ақпаратты талдай алады.		
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: – навигациялық жүйелер; – робот қозғалысының жолын жоспарлау; – қашықтықтан басқарылатын роботтар; – автономиялық роботтар; – ұжымдық басқарылатын роботтар.		
Құндылықтарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың әскери роботтық техника, олардың қолданылу саласы, роботтардың функциялық мүмкіндіктері туралы білім алуына бағытталған. Оқушылар роботтардың өртүрлі салаларда қолданылуының техникалық мүмкіндіктері туралы тиісті білім қалыптастырулары тиіс.		
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, физика, ақпараттану, орыс тілі		
Мұның алдындағы білім	Әскери роботтық техника, оларды қолданылу саласы мен РТК функциялық мүмкіндіктері туралы жалпы мәліметтерді меңгереді.		
Сабақтың барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	<table border="1"> <tr> <th data-bbox="401 1473 883 1587">Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:</th> <th data-bbox="883 1473 1212 1587">Ресурстар</th> </tr> </table>	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар		
Сабақтың басталуы	<table border="1"> <tr> <td data-bbox="401 1587 883 1721"> Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. </td> <td data-bbox="883 1587 1212 1721">Оқулық</td> </tr> </table>	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру.	Оқулық
Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру.	Оқулық		

	Білімді өзектендіру Мұның алдындағы тақырыптар бойынша терминдермен және олардың анықтамаларымен жұмыс – “Допты қағып ал” тәсілі. Мұғалім терминді атап тұрып, допты лақтырады, оны қағып алған оқушы бұл терминнің анықтамасын айтады. Бұдан кейін өзі басқа бір терминді атап, допты екінші оқушыға қарай лақтырады. Сабақ мақсатын анықтау. Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Терминдер сөздері бар слайд						
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу “Қалпына келтіруші” тәсілі <i>Оқушыларға “Роботты басқару алгоритмдері” тақырыбы бойынша бұрмаланған және толық емес ақпараты бар мәтін ұсынылады. Оқушылар мәтінді қалпына келтіреді, яғни оны толықтырып, қателерін түзейді.</i> Сұрақ – жауап “Дұрыс – дұрыс емес” Сергектік минуты Сарамандық жұмысты орындау (материалды бекіту) Оқушыларға роботты басқару алгоритмдерімен негізгі операцияларды орындау мен жасауға, редакциялауға тапсырмалары бар нұсқаулықтық карталар ұсынылады. “Сарапшы” өзара бағалауы	“Роботты басқару алгоритмдері” тақырыбы бойынша өзгертілген мәтін, оқулық, дәптерлер Нұсқаулықтық карталар, компьютер. Жұмысты бағалау өлшем шарттары бар парақ						
Сабақтың соңы	Рефлексия: Сабақтағы жұмысты сипаттайтын сөздерді үш бағыт бойынша атап көрсетіңдер. <table border="1"> <thead> <tr> <th>Сабақ</th><th>Мен сабақта</th><th>Қорытынды</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1. Қызықты. 2. Жалықтырады. 3. Бәрібір.</td><td>1. Жұмыс істедім. 2. Демалдым. 3. Басқаларға көмектестім.</td><td>1. Материалды түсіндім. 2. Білгенімнен көп білдім. 3. Түсінбедім.</td></tr> </tbody> </table>	Сабақ	Мен сабақта	Қорытынды	1. Қызықты. 2. Жалықтырады. 3. Бәрібір.	1. Жұмыс істедім. 2. Демалдым. 3. Басқаларға көмектестім.	1. Материалды түсіндім. 2. Білгенімнен көп білдім. 3. Түсінбедім.	
Сабақ	Мен сабақта	Қорытынды						
1. Қызықты. 2. Жалықтырады. 3. Бәрібір.	1. Жұмыс істедім. 2. Демалдым. 3. Басқаларға көмектестім.	1. Материалды түсіндім. 2. Білгенімнен көп білдім. 3. Түсінбедім.						

	Үй тапсырмасы: §17-ты оқу және тапсырмаларды орындау.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау жөнінде нұсқама өткізу. – Сергектік минуты – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды

оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсындар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?	мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.
---	-------------------------------------

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Әскери роботтық техникалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§ 18. Роботтарға арналған тапсырмалар
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери істің негіздерін біледі, роботтарға арналған міндеттерді шешеді.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды роботтардың функциялық мүмкіндіктерімен таныстыру, жекелеген тактикалық міндеттерді қою мен шешу дағдыларын дарыту: жергілікті жерде бағдарлану.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – жерүстілік роботтардың функциялық мүмкіндіктерін; – басқару интерфейсін құрылымдау бойынша басқару бағдарламасын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – әскери роботтар туралы ақпараттан мысалдар келтіре алады, роботты басқару бағдарламасын, (жерүстілік) радиотехника мен IT-технологиялардың функциялық мүмкіндіктерін білетін болады. Кейбір оқушылар: – әскери іс пен IT-технологияларда заманауи роботтық техника құралдарын қолданудан шығатын ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелер мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады.

	Пәндік лексика мен терминология: – әскери роботтық техника; – android	
Құндылық-тарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың әскери роботтық техника, олардың қолданылу саласы, роботтардың функциялық мүмкіндіктері туралы білім алуына бағытталған. Оқушылар басқару интерфейсін құрылымдау, роботтарды басқару туралы тиісті білімді қалыптастырулары тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, физика, ақпараттану, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Әскери роботтық техника, олардың қолданылу саласы мен РТК-нің функциялық мүмкіндіктері туралы қадетті білімді меңгерген.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сөті. Сәлемдесу, қатысушыларды тексеру. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Бұл тараудың алдыңғы сабақтарының тақырыптарын жаңа тақырыппен біріктіретін қысқаша сюжет ұсынылады. Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар тақтада (интербелсенді) ұсынылған сұрақтарға жауап береді. Сабақ мақсаттарын белгілеу. Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Сұрақтары бар слайд
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу “Қалпына келтіруші” тәсілі Оқушылар оқу материалын зерделейді, жеке тактикалық міндетті шешеді: берілген тақырып бойынша жергілікті жерде бағдарлану: “Android смартфондағы G-сенсордың көмегімен Arduino машинкасын басқару”. Сабақтың соңында оқушылар Arduino машинкасын Android	“Роботтарға арналған міндеттер” тақырыбы бойынша мәтін, оқулық, дәптерлер

	смартфондағы G-сенсордың көмегімен басқару бойынша пішін үйлесімінің белгілі бір нұсқасын ұсынулары тиіс. Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмаларын қорғайды. Сарапшылар жауапты ұсынылған өлшем шарттар бойынша бағалайды.	
Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы: §18-ты оқу. Arduino машинкасын Android смартфондағы G-сенсордың көмегімен басқару бойынша проблемаларды шешу мысалдарын іріктеу. Рефлексия <i>1. Сабақ кезеңдерінің қайсысы сендерді ойлануға, бақылауға үйретті?</i> <i>2. Сендер өз білімдеріңді сабақтың қандай кезеңінде қолдануға әрекеттендіңдер?</i> <i>3. Сендерде сабақтың соңында қандай сезім болды?</i>	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
- Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; - меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу. – Сергектік минуты. – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.

жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.		
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыңдар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

VII ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

VII тарау. ӘСКЕРИ РОБОТТЫҚ ТЕХНИКАЛАРДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

§16. Әскери роботты техникалардың негіздері

1-сұрақ

Әскери және арнайы қолданылатын роботтық техниканың негізгі салаларына жатқызуға болады:

А. барлауды (қарсылас күштері мен құралдарын бақылау, іздестіру, айқындау және ізіне түсу);

В. танк жасауды (қарсыластың күштері мен құралдарын іздестіруді, табуды және жоюды жүзеге асыратын снарядтар);

С. ату қаруларын (қарсыластың күштері мен құралдарын іздестіруді, табуды және жоюды жүзеге асыратын оқтар);

Д. артиллерияны (қарсыластың күштері мен құралдарын іздестіруді, табуды және жоюды жүзеге асыратын ату құралдары).

2-сұрақ

Әскери және арнайы қолданылатын роботтық техниканың негізгі салаларына жатқызуға болады:

- A. маңызды нысаналар мен объектілерді зерттеуді;
- B. нысаналар мен объектілерді бақылауды;
- C. маңызды нысаналар мен объектілерді жоюды;
- D. нысаналар мен объектілердің іс-әрекеттерін бақылауды.

3-сұрақ

Әскери және арнайы қолданылатын роботтық техниканың негізгі салаларына жатқызуға болады:

- A. тылды жабдықтау және әскери қалашықтарға қызмет көрсету;
- B. тылды жабдықтау және әскери инфрақұрылымға қызмет көрсетуді;
- C. әскери техникаға тылда және сервистік қызмет көрсетуді;
- D. тылды жабдықтау және әскери киім нысанына қызмет көрсетуді.

4-сұрақ

Әскери техниканың роботтандырылған үлгілерін қолданудың негізгі салалары болып табылады:

- A. жерастылық, ғарыштық, суастылық;
- B. жерүстілік, ғарыштық, суастылық;
- C. жерүстілік, әуелік, теңіздік;
- D. жерүстілік, жерастылық, суастылық.

5-сұрақ

Жерүстілік роботтар ... үшін пайдаланылады:

- A. артиллериялық атысты дайындау;
- B. шабуыл шептерін жабдықтау;
- C. бөлімшелерді инженерлік жабдықтау;
- D. қарсыластың қорғанысын бұзып шығу.

§17. Роботтарды басқару алгоритмі

6-сұрақ

Робот траекториясын жоспарлау әдістері:

- A. әуелік желілер бойынша қозғалу;
- B. түзу сызықты траекториялар бойынша қозғалыс;
- C. жоспарланған жол бойынша қозғалыс;
- D. түзу сызықтар бойынша қозғалыс.

7-сұрақ

Робот траекториясын жоспарлау әдістері:

- A. шеңбер доғасы бойынша қозғалыс;
- B. үшбұрыш доғасы бойынша қозғалыс;

- С. шаршы доғасы бойынша қозғалыс;
D. сопақ доғасы бойынша қозғалыс.

8-сұрақ

Түрлендіруші роботтандырылған жүйе ... бөлінеді:

- A. дыбыспен басқарылатын роботтарға;
B. сигналмен басқарылатын роботтарға;
C. механикалық жолмен басқарылатын роботтарға;
D. қашықтықтан басқарылатын роботтарға.

9-сұрақ

Түрлендіруші роботтандырылған жүйе ... бөлінеді:

- A. тәуелсіз роботтарға;
B. автономды роботтарға;
C. дербес роботтарға;
D. автоматты роботтарға.

10-сұрақ

Толықтай автономды робот ... орындай алады:

- A. басқару аппаратынсыз ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуді;
B. ұзақ уақыт бойы автономды жұмыс істеуді;
C. адамның араласуынсыз ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуді;
D. басқару жүйелерінсіз ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуді.

Жауаптары

7 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
A	C	B	C	D	B	A	D	B	C

VIII ТАРАУ. ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗДЕРІ

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Әскери роботтық тех- никалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§19. Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары- на сілтеме)	Қазақстан Республикасы азаматтық қорғанысын ұйымдастырылуын біледі
Сабақтың мақсаты	Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуын;
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттерін біледі. – азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысын (оқу орындарын) ұйымдастырудың құрылымы және оның міндеттері. Азаматтық қорғанысының әскери емес құрылымдар қызметі және жабдықталуы жөніндегі ақпараттан мысалдар келтіре алатын болады, қазіргі заманғы қырып-жою құралдарының ерекшеліктерін біледі. Кейбір оқушылар: – қарсыластың қырып-жоюдың заманауи құралдарын қолдануын есепке алумен, шаруашылық жүргізу объектілерінде (білім беру ұйымында) заманауи қару- ларды қолдануы туралы ақпаратқа талдау жасайтын болады.

Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелерді ашатын мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: азаматтық қорғау; азаматтық қорғаныс; азаматтық қорғаныстың бастығы; азаматтық қорғаудың міндеттері; азаматтық қорғау құралымдары.	
Құндылықтарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың шаруашылық жүргізу объектісіндегі азаматтық қорғау туралы білім алуына бағытталған. Оқушылар білім беру мекемесіндегі азаматтық қорғаудың орындалатын міндеттері, азаматтық қорғаудың әскери емес құралымдарының тағайындалуы мен жарақтандырылуы туралы тиісті білім қалыптастырулары тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзілік тарих, Қазақстан тарихы, география, орыс тілі	
Мұның алдындағы білім	Әскери іс негіздері туралы, ең төменгі тактикалық буын бөлімшесінің мүмкіндіктері туралы қажетті білімді меңгереді.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар тақтада (интербелсенді) ұсынылған сұрақтарға жауап береді. Сабақ мақсатын белгілеу Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Сұрақтары бар слайд
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді <i>Талқылауға арналған сұрақ:</i> 1. Азаматтық қорғанысты ұйымдастырудың аумақтық-салалық қағидатын сұлбамен көрсетіндер. 2. Білім беру мекемесіндегі азаматтық қорғаудың негізгі міндеттерін орындаудың кезектілігін сұлбамен көрсетіндер.	Оқулық, дәптерлер, А3 парақтары, маркерлер

	Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмасын қорғайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сұрақ-жауап: “Мен...келісемін, мен мынаны қосқан болар едім” Сергіту минуты Сарамандық жұмысты орындау (материалды бекіту) Оқушыларға сұлба жасау, азаматтық қорғаудың әскери емес құралымдарын көрсету, олардың тағайындалуы мен жарақтандырылуы туралы әңгімелеу ұсынылады. Тапсырма (зерттеу) нәтижелері туралы баяндама жасауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы: оқулықтағы осы тақырып бойынша тапсырманы орындау. Рефлексия: Сабақтағы үш бағыт бойынша жұмысты сипаттайтын сөйлемдерді атап көрсетіңдер. Сабақ: – қызықты; – қызықсыз; – бәрібір. Мен сабақта: – жұмыс істедім; – демалдым; – басқаларға көмектестім. Қорытынды: – материалды түсіндім; – көбірек білдім; – түсінбедім.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау

• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу. – Сергектік минуты. – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыңдар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Әскери роботты тех- никалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§20. Ядролық қару және оның сипаттамасы
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары- на сілтеме)	Ядролық қару мен заманауи қырып-жою құралдарының адамдарға, шаруашылық объектілеріне, қоршаған ортаға әсер етуінің ерекшеліктерін және оны қолданудың экологиялық салдарларын біледі.
Сабақтың мақсаты	Ядролық қарудың түрлерін, ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларын, ядролық жарылыс ошағының сипаттамасын, нейтрондық ату жарақтары зақымдаушы өрекетінің ерекшеліктерін зерделеу.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары мен олардан қорғану тәсілдерін; – ядролық жарылыс ошағы, оның сипаттамасын; – нейтрондық ату жарақтары зақымдаушы факторларының ерекшеліктерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – Жапония аумағында атомдық қаруды қолданудың та-рихи тәжірибесін ескере отырып, ядролық қару мен нейтрондық ату жарақтарын адамдарға, шаруашылық объектілеріне, қоршаған ортаға қолдану қауіптілігі мен экологиялық салдарларын бағалай білетін болады. Кейбір оқушылар: – кеңестік кезеңде Қазақстан аумағында ядролық қарудың сынақ жарылыстарын, сондай-ақ ел басшылығының за-манауи жағдайларда ядролық қарусыздану мәселелері бойынша саяси шешімдерін ескере отырып, ядролық қару мен нейтрондық ату жарақтарын адамдарға, шаруашылық объектілеріне, қоршаған ортаға қолданудың қауіптілігі мен экологиялық салдарларын талдай алады.
Тілдік міндеттер	– Оқушылар: – Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. – Пәндік лексика мен терминология:

	– ядролық қару; – ядролық қарудың зақымдаушы факторлары; – екпінді соққы; – жарықтық сәулелену; – өтпелі радиация; – электрмагнитті импульс.	
Құндылық-тарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың ядролық қару туралы жан-жақты білім алуына бағытталған. Оқушылар жер бетінде ядролық қарусыз бейбітшілік үшін күрес жүргізудің маңыздылығы туралы тиісті білім қалыптастырулары тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, орыс тілі, физика, құқық негіздері.	
Мұның алдын-дағы білім	Әскери іс негіздері туралы қажетті білімді меңгереді, шаруашылық жүргізу объектілері (білім беру ұйымы) азаматтық қорғауының ұйымдық құрылымын біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар тақтада (интербелсенді) ұсынылған сұрақтарға жауап береді. Сабақ мақсатын белгілеу Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Сұрақтары бар слайд
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді <i>Талқылауға арналған сұрақ:</i> 1. Ядролық жарылыстың адамдарға зақымдаушы факторлары әсер етуінің кезектілігін сұлбамен көрсетіндер. 2. Жерүстілік ядролық жарылыстың радиоактивті ізі мен зақымдану аймақтарының құрылуын сұлбамен көрсетіндер.	“Роботтарға арналған міндеттер” тақырыбы бойынша мәтін, оқулық, дәптерлер

	Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмасын қорғайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сұрақ-жауап: “Мен...келісемін, мен мынаны қосқан болар едім” Сергіту минуты Оқушыларға кесте жасау және талдау жүргізу ұсынылады, онда мынаны көрсету қажет: 1) қарсылас елдегі қандай объектілерге ядролық қару қолдануы мүмкін; 2) ядролық қаруды қолданудың қандай салдарлары, оның ішінде қандай экологиялық салдарлары болуы мүмкін; 3) ядролық соққыдан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай іс-шаралар қабылдау қажет. Тапсырма (зерттеу) нәтижелері туралы баяндама жасауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы: оқулықтағы осы параграф бойынша тапсырманы орындау. Рефлексия: – маған ... болатыны таныс болатын; – мен ... болатынын білмеген едім; – мені ... болатындығы қызықтырды.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқалармен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау

• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу. – Сергектік минуты. – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыңдар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?		Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Өскери роботтық техникалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ө.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§21. Химиялық қару
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Химиялық қару мен басқа да заманауи қырып-жою құралдарының адамдарға, шаруашылық объектілеріне, қоршаған ортаға әсер етуінің ерекшеліктері мен оны қолданудың экологиялық салдарларын біледі.
Сабақтың мақсаты	Химиялық қаруды қолданудың белгілерін, қысқаша сипаттамасын, зақымдаушы қасиеттері мен олардан қорғану тәсілдерін зерделеу.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – уландырушы заттардың қысқаша сипаттамасын, олардың зақымдаушы қасиеттерін; – химиялық қару қолдану ошағын, химиялық зақымдалу аймақтарын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – жергілікті соғыстарда химиялық қару қолданудың тарихи тәжірибесін ескерумен, химиялық қаруды адамдарға, шаруашылық объектілеріне, қоршаған ортаға қолданудың қауіптілігін және экологиялық салдарларын бағалай білетін болады. Кейбір оқушылар: – кеңестік кезеңде Қазақстан аумағында химиялық қаруды сынаудың, сондай-ақ ел басшылығының заманауи жағдайларда химиялық қару мәселелері бойынша саяси шешімдерін ескере отырып, химиялық қаруды адамдарға, шаруашылық объектілеріне, қоршаған ортаға қолданудың қауіптілігі мен экологиялық салдарларын талдай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: — химиялық қару (ХҚ); — уландырушы заттар (УЗ);

	— жүйке-салдандыру әрекетті УЗ; — тұншықтыру әрекетті УЗ; — жалпы улаушы әрекетті УЗ; — тітіркендіруші әрекетті УЗ; — психохимиялық әрекетті УЗ.	
Құндылық-тарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың химиялық қару туралы жан-жақты білім алуына бағытталған. Оқушылар бейбітшілік үшін және химиялық қаруды қолданбау үшін күрес жүргізудің маңыздылығы туралы тиісті білім қалыптастырулары тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, география, орыс тілі, физика, құқық негіздері	
Мұның алдын-дағы білім	Ядролық қарудың түрлері, ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары, нейтрондық ату жарақтары әсерінің ерекшеліктері туралы қажетті білімді меңгереді.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Оқушылар назарын жұмылдыру. Ойын арқылы оңды психологиялық көңіл-күй жасау: Білімді өзектендіру. “Қателікті ұста” тәсілі (бұрыннан белгілі жалған тұжырымдардан қателікті табу және дұрысын ұсыну). Оқушылардың алдында – “тұжырымдары” бар қағаз парағы. Сабақ мақсатын белгілеу Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Оқулық Сұрақтары бар слайд
Сабақтың ортасы	Жаңа материалды зерделеу Оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді <i>Талқылауға арналған сұрақ:</i> 1. Химиялық қару қолданудың қауіптілігі неде? 2. Химиялық қару қашан және қай жерде бірінші рет қолданылды? 3. Уландырғыш заттармен (УЗ) зақымдану белгілері қандай? 4. Химиялық қаруды жеткізу құралы не болып табылады?	Оқулық, дәптерлер, сұрақтары бар слайд

	5. Химиялық қару қолданылуының ошағы не деп аталады? 6. Қандай аймақ химиялық зақымдану аймағы деп аталады? Әрбір топтың спикерлері өз тапсырмасын қорғайды, қалған топтар нақтылаушы сұрақтар қояды. Сұрақ-жауап: “Мен... келісемін, мен мынаны қосқан болар едім” Сергіту минуты Сарамандық жұмысты орындау (материалды бекіту) Оқушыларға кесте жасау және талдау жүргізу ұсынылады, онда мынаны көрсету қажет: 1. Қандай нысаналар химиялық шабуыл объектілері болып табылады? 2. Химиялық қаруды адамдарға, қоршаған ортаға, экологияға қолданудың салдарлары қандай болуы мүмкін? 3. Химиялық қарудан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қандай іс-шаралар қабылдау қажет? Тапсырма (зерттеу) нәтижелері туралы баяндама жасауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы	Үй тапсырмасы: осы параграф бойынша оқулық тапсырмасын орындау. Рефлексия: “Кемпірқосақ” тәсілі: – мен енді... _____ орындай аламын ... – қиын болды... _____ – менде ойдағыдай болып шықты... _____ – бүгін мен білдім... _____ – мен үйрендім... _____	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау

көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?		
• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсынан озып кету немесе тереңдету мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары үлгерім байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлісу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау.	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама өткізу. – Сергектік минуты. – Қызметті алмастыру. – Сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыңдар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?	Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.	

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Әскери роботтық тех- никалардың негіздері”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§22. Биологиялық (бактериологиялық) қару
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары- на сілтеме)	Биологиялық (бактериологиялық) қару мен қырып- жоюдың басқа да заманауи құралдарының адамдарға, шаруашылық жүргізу объектілеріне, қоршаған ортаға әсер етуінің ерекшеліктері мен оны қолданудың экологиялық салдарларын біледі.
Сабақтың мақсаты	Биологиялық (бактериологиялық) қаруды қолданудың белгілерін, бактериялық құралдардың қысқаша сипаттама- сын, зақымдаушы әсері мен олардан қорғану құралдарын зерделеу.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – биологиялық (бактериологиялық) қару, оның зақым- даушы әсерін, қолданылу белгілерін; – бактериялық құралдардың қысқаша сипаттамасын, олардың зақымдаушы әрекеттерін және олардан қорғану құралдарын; – бактериологиялық қарудың қолданылу ошағы, оның сипаттамасын; – бактериялық зақымдану ошағында жүргізілетін іс-ша- раларды; карантин мен обсервацияны білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – кейбір дамыған мемлекеттерде биологиялық (бакте- риологиялық) қарудың бар екендігін ескере отырып, биологиялық (бактериологиялық) қаруды адамдарға, шаруашылық жүргізу объектілеріне, қоршаған ортаға қолданудың қауіптілігі мен экологиялық салдарларын бағалай білетін болады.
	Кейбір оқушылар: – Қазақстан аумағында кеңестік кезеңде биологиялық (бактериологиялық) қаруды сынауды, сондай-ақ зама- науи жағдайларда биологиялық (бактериологиялық) қаруды жою мәселелері бойынша басшылықтың саяси шешімдерін ескере отырып, химиялық қаруды адамдарға, шаруашылық жүргізу объектілеріне, қоршаған ортаға қолданудың қауіптілігіне талдау жасай алады.

Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: — биологиялық (бактериологиялық) қару (БҚ); — зақымдаушы әрекеттері (ЗӘ); — қорғану құралдары; — карантин; — обсервация.	
Құндылықтарды тәрбиелеу	Сабақ оқушылардың биологиялық (бактериологиялық) қару туралы жан-жақты білім алуына бағытталған. Оқушыларда бейбітшілік үшін күрес жүргізу және биологиялық (бактериологиялық) қаруды қолданбаудың маңыздылығы туралы тиісті білім қалыптасуы тиіс.	
Пәнаралық байланыс	Дүниежүзілік тарих, Қазақстан тарихы, география, орыс тілі, физика, құқық негіздері	
Мұның алдындағы білім	Химиялық қару туралы қажетті білімді меңгереді, химиялық қаруды қолдану белгілерін ажыратады. Химиялық қарудың қысқаша сипаттамасын, зақымдаушы қасиеттерін және қорғану тәсілдерін біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабаққа жоспарланған жаттығулардың түрлері:	Ресурстар
Сабақтың басталуы	Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. Оқушылар назарын жұмылдыру. Білімді өзектендіру. “Миллион кімге бұйырады?” төсілі. Жауаптарының нұсқалары бар (4 жауаптан кем емес), күрделілігі мен құны өсе түсетін сұрақтар іріктеліп аланады. Шарттары: “50 де 50”; “залдың көмегі”; “бір қателік құқығы”. Сұрақтар мұның алдындағы тақырыптар бойынша құрастырылады. Мысалы:	Оқулық

	1. Ядролық қару – бұл ... негізгі түрлерінің бірі: А) жаппай қырып-жою қаруы; Б) жарылғыш зат; В) заряды бар ату жарағы; С) жарықшақтық ату жарағы. 2. Химиялық қару – бұл: А) уытты зат; Б) жаппай қырып-жою қаруы; В) химиялық заряд; С) жарылғыш зат. Сабақ мақсатын белгілеу. Мұғалім қорытынды жасайды. Топтарға бөлу.	Слайд дайындау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақтың мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсаттарға әлі де қол жеткізбесе, қалай ойлайсыңдар, бұл неліктен болды? Сабақты саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және неліктен?	Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңдар. Бұл бағаншада маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.
--	---

VIII ТАРАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ СҰРАҚТАРЫ

VIII ТАРАУ. ӨМІР ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗДЕРІ

1-сұрақ

Азаматтық қорғау (АҚ) ... бойынша ұйымдастырылады:

- A. аумақтық-салалық принцип;
- B. аумақтық-жергілікті принцип;
- C. аумақтық-өндірістік принцип;
- D. аумақтық-әкімшілік принцип.

2-сұрақ

Ядролық жарылыстың зақымдаушы факторлары болып табылады:

- A. екпінді толқын, радиобелсенді сәулелену, өтпелі радиация, электромагнитті зақымдау мен импульс;
- B. екпінді толқын, электромагнитті сәулелену, өтпелі радиация, радиобелсенді зақымдау және жарықтық импульс;
- C. екпінді толқын, жарықтық сәулелену, өтпелі радиация, радиобелсенді зақымдау және электромагнитті импульс;
- D. екпінді толқын, өтпелі сәулелену, жарықтық радиация, радиобелсенді зақымдау және электромагнитті импульс.

3-сұрақ

Радиобелсенді зақымдау – бұл:

- A. олардың әуелік (бұлттық) және төменгі әуелік түзілімдерден кейін түсуі нәтижесінде радиобелсенді заттармен зақымдануға ұшырайтын аумақ;
- B. олардың әуелік (бұлттық) және төменгі әуелік түзілімдерден кейін пайда болуы нәтижесінде радиобелсенді заттармен зақымдануға ұшырайтын аумақ;
- C. жерүстілік (жерастылық) және төменгі әуелік ядролық жарылыстар технологиялары бойынша шығарылымдар нәтижесінде радиобелсенді заттармен өңдеуге ұшырайтын аумақ;
- D. олардың жерүстілік (жерастылық) және төменгі әуелік ядролық жарылыстардан кейін жерге түсуімен радиобелсенді заттармен зақымдануға ұшырайтын аумақ.

4-сұрақ

Химиялық қару – бұл:

А. жаппай қырып-жою қаруы, оның әрекеті кейбір ұнтақ тәрізді заттардың уыттылық қасиеттеріне негізделген;

В. жаппай қырып-жою қаруы, оның әрекет етуі кейбір химиялық заттардың уыттылық қасиеттеріне негізделген;

С. жаппай қырып-жою қаруы, оның әрекет етуі химиялық заттардың токсиндері мен олардың кейбір қасиеттеріне негізделген;

Д. жаппай қырып-жою қаруы, оның әрекет етуі химиялық заттардың пайдалы қасиеттеріне негізделген.

5-сұрақ

Биологиялық (бактериологиялық) қару... болып табылады:

А. адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді жаппай қырып-жою құралы;

В. жекелеген адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді қырып-жоюдың құралы;

С. адамдарды, ішінара жануарларды жаппай қырып-жою құралы;

Д. адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді ішінара жою құралы.

6-сұрақ

Биологиялық қару деп аталады:

А. ауру жұқтырушы кеміргіштер – жеткізудің техникалық құралдарына орналастырылған және адамдарды, ауылшаруашылық жануарларын, азық-түлік пен жем-шөп қорларын зақымдау үшін тағайындалған жұқпа көздері;

В. ауру жұқтырушы жәндіктер – жеткізудің техникалық құралдарына орналастырылған және адамдарды, ауылшаруашылық жануарларын, азық-түлік пен жем-шөп қорларын зақымдау үшін тағайындалған жұқпа көздері;

С. ауру жұқтырушы микробтар мен олар шығаратын токсиндер, жәндік-тасымалдағыштар мен кеміргіштер – жеткізудің техникалық құралдарына орналастырылған және адамдарды, ауылшаруашылық жануарларын, азық-түлік пен жем-шөп қорларын зақымдау үшін тағайындалған жұқпа көздері;

Д. ауру жұқтырушы микробтар – жеткізудің техникалық құралдарына орналастырылған және адамдардың, ауылшаруашылық жануарларының, азық-түлік пен жем-шөп қорларын зақымдау үшін тағайындалған жұқпа көздері.

7-сұрақ

Тыныс алу мүшелерін қорғаудың ең қарапайым құралдарына жатады:

А. жалпы әскери газтұмылдырық мен шаңға қарсы мата бетперделер;

В. мақта-мөрлілік таңғыштар мен шаңға қарсы мата бетперделер;

С. азаматтық газтұмылдырық пен шаңға қарсы мата бетперделер;

Д. сүзгілік-сіңіруші қорапша мен мата бетперделер.

8-сұрақ

Адам терісін қорғаудың ең қарапайым құралдары ретінде өндірістік арнаулы киім пайдаланылуы мүмкін:

А. брезенттен, оттан қорғайтын матадан, резеңкеленген матадан немесе қалың шұғадан тігілген күртешелер мен шалбарлар, комбинезондар, күләпаралары бар халаттар;

В. көдімгі материалдан тігілген оқшаулаушы шалбарлар, сүзгілік комбинезондар, күләпаралары бар халаттар, оттан қорғайтын көзілдіріктер, қалың маталар;

С. резеңкеленген материалдардан жасалған күртешелер мен шалбарлар, арнаулы химиялық құрамдар сіңірілген костюм немесе халаттар, оттан қорғайтын көзілдіріктер;

Д. матадан тігілген күртешелер мен шалбарлар, комбинезондар, күләпаралары бар халаттар, оттан қорғайтын көзілдіріктер, қалың шұғадан жасалған маталар.

9-сұрақ

Теріні қорғау құралдары ретінде арнаулы қорғаныс киімі пайдаланылады:

А. көдімгі материалдан тігілген оқшаулаушы шалбарлар, сүзгілік комбинезондар, күләпаралары бар халаттар, оттан қорғайтын көзілдіріктер, қалың шұғадан жасалған маталар;

В. резеңкеленген материалдардан жасалған күртешелер мен шалбарлар, арнаулы химиялық құрамдар сіңірілген костюм немесе күләпаралары бар халаттар, оттан қорғайтын көзілдіріктер;

С. матадан тігілген күртешелер мен шалбарлар, комбинезондар, күләпаралары бар халаттар, оттан қорғайтын көзілдіріктер, қалың шұғадан жасалған маталар;

Д. резеңкеленген материалдардан жасалған оқшаулаушы жамылғылар мен костюмдер, көдімгі материалдан жасалған, арнаулы химиялық құрамдар сіңірілген костюм немесе комбинезон болып табылатын сүзгілік құралдар.

10-сұрақ

Ұжымдық қорғану құралдары – бұл:

А. сақтау орны ретінде салынған объектілер мен құрылыстар;

В. азаматтық қорғаныстың қорғаныстық инженерлік құрылыстары;

С. инженерлік жұмыстарға арналған қорғаныстық құрылыстар;

Д. қорғаныс техникасы мен мүлкіне арналған инженерлік құрылыстар.

11- сұрақ

Азаматтық қорғау сигналдары мыналар үшін тағайындалған:

А. халықты пәтерлерден мүлікті алып шығу мен оларды сақтау камераларына тапсырудың басталуы, қарсыластың пайда болу қауіптілігі туралы хабардар ету;

В. халықты олардың кезінде қарсыластың шабуыл жасау қаупі пайда болуы ықтимал қауіпті жағдайлар туралы хабардар ету;

С. халықты төтенше жағдайлар және қарсыластың шабуыл жасау қаупінің тікелей туындауы туралы хабардар ету;

Д. төтенше жағдайлар, халық пен техниканы тікелей пайда болған қауіпті жою үшін жұмылдыру туралы хабардар ету.

12-сұрақ

Азаматтық қорғаныстың сақтандыру сигналы болып табылады:

- А. «Барлығының назарына!»;
- В. «Әуе дабылы!»;
- С. «Химиялық дабылдың аяқталуы!»;
- Д. «Радиациялық қауіптіліктің аяқталуы!».

13-сұрақ

Қазақстан Республикасы аумағында террор қауіптілігінің мынадай деңгейлері белгіленуі мүмкін:

- А. жұмсартылған (сары); елеулі (қызылсары); қауырт (қызыл);
- В. әлсіретілген (сары); үлкен (қызылсары); драмалық (қызыл);
- С. күшейтілген (сары); жоғары көтерілген (қызылсары); жіті (қызыл);
- Д. бірқалыпты (сары); жоғары (қызылсары); қатерлі (қызыл).

14-сұрақ

Жарақат деп аталады:

А. қан кетумен және көгерумен қатар жүретін, шырышты жабындар мен терең тіндердің бүтіндігі, тері қабықшаларының бұзылуымен сипатталатын зақымдану;

В. қан кетумен және көгерумен қатар жүретін, тіндердің шырышты қабықшалары беттерінің бұзылуымен сипатталатын зақымдану;

С. ауырумен, қан кетумен және көгерумен қатар жүретін, тері жабындарының, шырышты қабықшалардың, ал кейде терең тіндердің де бүтіндігінің бұзылуымен сипатталатын зақымдану;

Д. ауырумен, қан кетумен және көгерумен қатар жүретін, тері жабындарының, шырышты қабықшалардың бүтіндігі, кейде терең тіндердің бұзылуымен сипатталатын зақымдану.

15-сұрақ

Үсітіп алу – бұл:

А. төменгі температура кезінде суықтың әсер етуі нәтижесінде ағза тіндерінің зақымдануы;

В. оңды температура кезінде суықтың әсер етуі нәтижесінде ағза іш құрылысының зақымдануы;

С. бірқалыпты температура кезінде аяқ-қолдарға ауа райының әсер етуі нәтижесінде ағзаның зақымдануы;

Д. төменгі температура кезінде ауаның әсер етуі нәтижесінде ағза мен дене тіндерінің зақымдануы.

Жауаптары

8 — БЖБ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
А	С	Д	В	А	С	В	А	Д	В	С	А	Д	С	А

I ТОҚСАН БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1-сұрақ

ӨШҚ әскерлері зениттік-зымырандық және радиотехникалық әскерлерден құралады. Зениттік-зымырандық әскерлер ... қаруланған:

- a) зымырандық кешендермен;
- b) артиллериялық зеңбіректермен;
- c) зениттік кешендермен;
- d) ірі калибрлі зеңбіректермен.

2-сұрақ

ӨШҚ әскерлері зениттік-зымырандық және радиотехникалық әскерлерден құралады. Радиотехникалық әскерлер:

- a) нысаналарды анықтайды, олардың қашықтығын, жылдамдығын, ұшу бағытын анықтайды;
- b) нысаналарды, қашықтықты, ұшу бағытын айқындайды;
- c) нысаналардың координаталарын танып біледі, олардың жылдамдығын, ұшу бағытын анықтайды;
- d) айқындалған нысаналарды танып біледі, олардың координаталарын, жылдамдығын, ұшу бағытын анықтайды.

3-сұрақ

ҚР ҰҚК Шегаралық қызметі ... жүзеге асыратын уәкілетті орган болып табылады:

- a) құрлықта, аумақтық суларда (теңізде) және өуе кеңістігінде Мемлекеттік шегараны күзету мен қорғауды;
- b) құрлықта, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда (оның ішінде, суастылық ортада) Мемлекеттік шегараны күзету мен қорғауды;
- c) құрлықта, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда (оның ішінде, барлық өзендерде) Мемлекеттік шегараны күзету мен қорғауды;
- d) құрлықта, аумақтық суларда (теңізде) және өуе кеңістігінде (оның ішінде, көрші мемлекеттерде) мемлекеттік шегараны күзету мен қорғауды.

4-сұрақ

Қазақстанның қолданыстағы Әскери доктринасы Қазақстан Республикасы Президентінің ... Жарлығымен бекітілген:

- a) 1992 жылғы 25 тамыздағы №870;
- b) 1992 жылғы 7 мамырдағы №745;
- c) 2017 жылғы 29 қыркүйектегі №554;
- d) 2011 жылғы 11 қазандағы №161.

5-сұрақ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 шілдедегі “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері туралы” №3068 Жарлығы ... белгілейді:

а) Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұлғалар Қарулы Күштердің туларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімшелерінің жауынгерлік тулары мен рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігін;

б) Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұлғалар Қарулы Күштердің туларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары мен рәміздерін құрметтеуге міндетті екендігін;

с) Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұлғалар Қарулы Күштердің туларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері батальондарының әскери тулары мен рәмізін құрметтеуге тиіс екендігін;

д) Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан тұлғалар Қарулы Күштердің туларын, Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары мен рәміздерін құрметтеуге тиіс екендігін.

6-сұрақ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 шілдедегі “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері туралы” №3068 Жарлығы ... белгілейді:

а) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлері, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылған азаматтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің туларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары мен рәміздерін құрметтеуге, шайқасты жауынгерлік туларды жанкештілікпен және ерлікпен қорғауға және оларды қарсыластың қолға түсіруіне жол бермеуге міндетті екендігін;

б) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлері, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылған азаматтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскерлер түрлерінің туларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихы мен әскери бөлімдерінің жауынгерлік туларын құрметтеуге, жауынгерлік туларды шайқаста жанкештілікпен және ерлікпен қорғауға және оларды қарсыластың қолға түсіруіне жол бермеуге тиіс екендігін;

с) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлері, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылған азаматтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің туларын, әскери бөлімшелердің жауынгерлік туларын құрметтеуге және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылу тарихын білуге міндетті екендігін;

д) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлері, сондай-ақ, әскери жиындарға шақырылған азаматтары Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихын, Қазақстан Республикасы Қарулы күштері әскери бөлімдерінің тулары мен белгілерін құрметтеуге, оларды шайқаста жанкештілікпен және ерлікпен қорғауға және қарсыластың қолға түсіруіне жол бермеуге тиіс екендігін.

7-сұрақ

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 18 шілдедегі “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері туралы” №3068 Жарлығы ... белгілейді:

а) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің туларын, әскери бөлімдердің жауынгерлік туларын қорлауға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жауапкершілікке тартылады;

б) елдер Қарулы Күштерін, олардың жауынгерлік тулары мен Қарулы күштердің рәміздерін қорлауға кінәлі тұлғалар бұл елдердің заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады;

с) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскерлерінің түрлері мен тектерінің туларын, әскери бөлімдерінің тулары мен рәміздерін қорлауға кінәлі тұлғалар заңнама алдында жауапкершілікке тартылмайды;

д) Қазақстан Республикасы Қарулы күштері түрлерінің туларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің жауынгерлік тулары мен рәміздерін қорлауға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жауапкершілікке тартылады.

8-сұрақ

Ұлттық экстремизм – бұл:

а) көршілердің арасында, оның ішінде ұрып-соғумен немесе ұрып-соғуға шақырумен байланысты ұлттық араздықты тұтату;

б) нәсілдік, ұлттық араздықты, оның ішінде күш қолданумен немесе күш қолдануға шақырумен байланысты тұтату;

с) оның ішінде, жұмыста күш қолданумен байланысты қызметтестердің арасында нәсілдік араздықты тұтату;

д) оның ішінде, қатынастарды айқындаумен немесе қатынастарды айқындауға шақырулармен рулық араздықты тұтату.

9-сұрақ

Діни экстремизм – бұл:

а) діни өшпенділікті немесе араздықты тұтату, оның ішінде мұнымен бір мезгілде азаматтардың қауіпсіздігін, өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ететін күш қолданумен байланыстысы;

б) діни адамдардың арасында өшпенділікті тұтату, оның ішінде айналадағы адамдардың қауіпсіздігіне қатер туындататын, олардың жақтастары арасында күш қолдану мен күш қолдануға шақыруларымен байланыстысы;

с) діни өшпенділікті немесе араздықты тұтату, оның ішінде күш қолдануға немесе күш қолдануға шақырулармен байланыстысы, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, өнегелілігіне немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдану;

д) өшпенділік пен араздықты тұтату, оның ішінде азаматтардың өнегелік сенімдеріне қарама-қарсы келетін діни сенімдердің негізінде күш қолданумен немесе күш қолдануға шақыруларымен байланыстысы.

10-сұрақ

Саяси экстремизм – бұл:

а) конституциялық құрылысты күш қолданумен өзгерту, мемлекет егемендігін бұзу, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру, заңсыз әскерилендірілген құралымдарға қатысу және басшылық жасау, елде қарулы төңкеріс ұйымдастыру, әлеуметтік әділетсіздікті тұтату;

б) конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, Қазақстан Республикасының егемендігін, аумағының біртұтастығын, қол сұғылмайтындығы мен бөлінбейтіндігін бұзушылық, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру, өкімет билігін күшпен басып алу немесе өкімет билігін күшпен ұстап тұру, заңсыз әскерилендірілген құралымдарды құру, оған басшылық жасау мен қатысу, қарулы бүлік ұйымдастыру және оған қатысу, әлеуметтік, сословиелік араздықты тұтату;

с) қоғамның әлеуметтік негіздерін күшпен өзгерту, егемендікті бұзушылық, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіру, өкімет билігін күшпен басып алу немесе өкімет билігін күшпен ұстап тұру, заңсыз әскерилендірілген құралымдар құру, әлеуметтік қақтығысты тұтату;

д) конституциялық құрылысты ішінара өзгерту, мемлекет аумағының біртұтастығын, қол сұғылмайтындығы мен бөлінбейтіндігін қамтамасыз ету, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, өкімет билігін күшпен басып алуға және әлеуметтік, сословиелік араздықты тұтандыруға қарсы күрес.

Жауабы:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
A	D	B	C	B	A	D	B	C	B	D	C	A	B	A	D	B	D	A	A

II ТОҚСАН БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1-сұрақ

Ату қаруының (АК-74) қауіптілік көздері немесе тасымалдауыштары ... болып табылады:

- а) ұңғылық қорапшаның қақпағы;
- б) нысана көздеуші қарауыл;
- с) бекітпе;
- д) ұшып бара жатқан оқ.

2-сұрақ

Ату қаруының (АК-74) қауіптілік көздері немесе тасымалдауыштары ... болып табылады:

- а) жабық үй-жайда ұзақ уақыт ату кезінде жинақталған бытыралық қуаттағыштың жану өнімдері;
- б) ұңғылық қорапшасы, нысана көздеу және дүмнің тапаншалық тұтқасы бар ұңғы;

- c) кері әрекетті тетік;
- d) соққылық-шүріппелік тетік.

3-сұрақ

Ату қаруының (АК-74) қауіптілік көздері немесе тасымалдауыштары ... болып табылады:

- a) автомат (оқшашардың) оқжатары;
- b) газ поршеньді бекітпелі жақтау;
- c) ату кезінде ұңғы арнасының оқпандық бөлігі мен оқпандық тежегіштен ұшып шығатын қызған газдар ағыны;
- d) ұңғылық бастырмасы бар газ түтігі.

4-сұрақ

АК-74 автоматынан жерүстілік нысаналарға неғұрлым әсер ететін ату:

- a) автоматта – 700 м-ге дейінгі қашықтық;
- b) автоматта – 600 м-е дейінгі қашықтық;
- c) автоматта – 500 м-ге дейінгі қашықтық;
- d) автоматта – 400 м-ге дейінгі қашықтық.

5-сұрақ

Тура ату қашықтығы (АК-74):

- a) автоматтан «кеуделік дене бітім» бойынша – 740 м;
- b) автоматтан «кеуделік дене бітім» бойынша – 640 м;
- c) автоматтан «кеуделік дене бітім» бойынша – 540 м;
- d) автоматтан «кеуделік дене бітім» бойынша – 440 м.

6-сұрақ

Нысанаға алу айлабұйымы:

- a) өртүрлі қашықтықтағы нысаналарды ату кезінде автоматты (оқшашарды) кезеу қызметін атқарады және нысанасы мен қарауылы болады;
- b) автоматтан (оқшашардан) вертикаль бойынша қозғалмайтын нысаналарға қашықтықтан оқ ату қызметін атқарады;
- c) өртүрлі қашықтықтағы нысаналарды ату кезінде автоматты (оқшашарды) тіреу қызметін атқарады және қарауылы болады;
- d) өртүрлі қашықтықтағы нысаналарды ату кезінде автоматты (оқшашарды) ұстап тұру қызметін атқарады және нысанасы болады.

7-сұрақ

Ұңғылық бастырма ... қызметін атқарады:

- a) ату кезінде автоматшыны (оқшашаршыны) кері тебуден сақтандыру;
- b) автоматты оқ ату кезінде автоматшыны (оқшашаршыны) ұстап тұру;
- c) ату кезінде автоматшы (оқшашаршы) қолдарын күйіп қалулардан сақтандыру;
- d) жеке оқтармен ату кезінде автоматшыны (оқшашаршыны) ұстап тұру.

8-сұрақ

Сарбаздар мен сержанттар автоматты (оқшашарды) ... қарап-тексереді:

- a) тәуліктің кез келген уақытында;
- b) далалық оқу жаттығулары кезінде;
- c) таңертеңгі дене шынықтыру жаттығулары кезінде;
- d) тазарту кезінде.

9 сұрақ

Бұрауыш пен шұқығыш (автоматтың (оқшашардың) керек-жарақтары) ... қолданылады:

- a) автоматтан (оқшашардан) ату кезінде;
- b) автоматты (оқшашарды) бөлшектеу және жинастыру кезінде;
- c) автоматты (оқшашарды) тазалау және майлау кезінде;
- d) автоматты (оқшашарды) қоймаға сақтауға тапсыру кезінде.

10-сұрақ

Патрондарды қарап-тексеру кезіндетексеру керек:

- a) гильзаларда ылғалдылық пен дымқылдықтың жоқтығын, гильза оқпаншасындағы оқтың нық тұруын;
- b) гильзаларда таттану мен майысулардың жоқтығын, гильза оқпаншасындағы оқтың нық тұруын;
- c) гильзаларда саусақ іздерінің жоқтығын, гильза оқпаншасындағы оқтың нық тұруын;
- d) гильзаларда артық бөгде заттың жоқтығын, гильза оқпаншасындағы оқтың нық тұруын.

11-сұрақ

Қол жарықшақтық гаранаталар ... үшін тағайындалған:

- a) жақын шайқаста қарсыластың адам күшін жою;
- b) шайқаста қарсыластың әскери техникасын жарықшақтармен зақымдау;
- c) қарсыластың адам күшін жарықшақтармен граната атқышпен зақымдау;
- d) алыс шайқаста қарсыласты жарықшақтармен жою.

12-сұрақ

РГД-5 және РГН қол гранаталары ... жатады:

- a) қорғаныс гранаталарына;
- b) шегініс жасау гранаталарына;
- c) шабуылдаушы гранаталарға;
- d) жарқылды гранаталарға.

13-сұрақ

Жорықтық сап ... қолданылады:

- a) бөлімшелер марш жасаған кезде, тоқтап демалыс жасаған (демалыс уақытында) кезде, сапта бір орында тұрып өн айтқан кезде, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда;

б) бөлімшелерді түнге далалық лагерьлерге орналастыру үшін, түнгі уақытта өн айту үшін, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда;

с) бөлімшелердің түнгі уақытта өн айтып жүріп өту үшін, таңертеңгілік дене шынықтыру жаттығулары кезінде, шеруде салтанатты маршпен жүріп өту кезінде, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда;

д) бөлімшелердің марш жасау кезінде жүріп өтуі, салтанатты марштан жүріп өтуі кезінде, сондай-ақ басқа да қажетті жағдайларда.

14-сұрақ

Бағыттаушы – бұл:

а) көрсетілген бағытта лектің соңында жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина);

б) көрсетілген бағытта бастаушы болып жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина);

с) сапқа кешігіп келген және көрсетілген бағытта жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина);

д) сапқа кешіккен және өз бөлімшесін сапқа тұру көрсетілген жерде қуып жеткен әскери қызметшілер тобы.

15-сұрақ

Тұйықтаушы – бұл:

а) бас лекте жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина);

б) лектің ортасында жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина);

с) лектегі ең соңғы әскери қызметшінің алдында жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина);

д) лекте ең соңғы болып жүретін әскери қызметші (бөлімше, машина).

16-сұрақ

Әскери қызметшінің шеңбер бойымен бұрылуы үшін берілетін команда:

а) «Сол-ҒА!»;

б) «Ай-НАЛ!»;

с) «Оң-ҒА!»;

д) «Жартылай айналып оң-ҒА!»

17-сұрақ

Жорықтық қадаммен жүру ... команда бойынша басталады:

а) «Қадам – БАС!»;

б) «Жүгіре – БАС!»;

с) «Айнала – БАС!»;

д) «САПТАН!».

18-сұрақ

Орнында тұрып, бір қатардан екі қатар болып қайта сапқа тұру ... командасы бойынша жүргізіледі:

а) «Бөлімше, үш қатар болып – САПҚА ТҮР!»;

- b) «Бөлімше, бір қатар болып – САПҚА ТҮР!»;
- c) «Бөлімше, екі қатар болып – САПҚА ТҮР!»;
- d) «Бөлімше, төрт қатар болып – САПҚА ТҮР!»

19-сұрақ

Жергілікті жердегі горизонт тұстары ... анықталады:

- a) көріну нашар болғанда, жергілікті заттардың белгілерімен;
- b) құбылнама, аспан шам-шырақтары және жергілікті белгілер бойынша;
- c) жұмыс істемейтін құбылнамамен, бұлтты ауа райында аспан шам-шырақтарымен;
- d) азимут, бағдар бойынша.

20-сұрақ

GPS-навигатор – бұл ...аспап:

- a) оны пайдалану адамға жергілікті жерде өзінің орналасқан жерін жылдам және дәл анықтауға мүмкіндік бермейтін;
- b) оны пайдалану жергілікті жердегі өзінің орналасқан жерін анықтаудың дәлдігін шатастыратын;
- c) оны пайдалану кез келген адамды жергілікті жердегі өзінің орналасқан жерін жылдам және дәл анықтауда бағдарланудан шатастыратын;
- d) оны пайдалану кез келген адамға жергілікті жердегі орналасқан жерін жылдам және дәл анықтауға мүмкіндік беретін.

Жауабы:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
b	a	c	c	d	a	c	d	b	b	a	c	d	b	d	b	a	c	b	d

III ТОҚСАН БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1-сұрақ

Әскери техниканың роботтандырылған үлгілерін қолданудың негізгі салалары ... болып табылады:

- a) жерүстілік, әуелік, теңіздік;
- b) жерастылық, әуелік, суастылық;
- c) жерастылық, ғарыштық, өзендік;
- d) жерастылық, ғарыштық, суүстілік.

2-сұрақ

ҰША міндеттері:

- a) бақылаушылық, маманданушылық, соққылық және құрылыстық;
- b) барлаушылық, соққылық және жоюшылық, арнаулылық;
- c) барлаушылық, бақылаушылық, соққылық және маманданушылық;
- d) барлаушылық, соққылық және маманданушылық, құрылыстық.

3-сұрақ

Күрделі әрекеттер жасайтын роботтандырылған жүйе үш үлгіге... бөлінеді:

- a) қашықтықтан басқарылатын, өздігінен басқарылатын, ұжымдық роботтарға;
- b) қашықтықтық-ұжымдық роботтар, өздігінен басқарылатын роботтарға;
- c) қашықтықтан басқарылатын, ұжымдық роботтарға;
- d) қашықтықтан, өздігінен, ұжымдық басқарылатын роботтарға.

4-сұрақ

Толықтай өздігінен басқарылатын робот:

- a) басқа жақтан басқарумен белгілі бір уақыт ішінде жұмыс істей алады;
- b) қашықтықтық қуаттау құрылғысы арқылы ұзақ уақыт бойы жұмыс істей алады;
- c) ұзақ уақыт бойы адамның араласуынсыз жұмыс істей алады;
- d) түнгі уақытта адам жүретін жолды жарықтандырусыз жұмыс істей алады.

5-сұрақ

Білім беру мекемесіндегі азаматтық қорғаудың (АҚ) негізгі міндеттері ... болып табылады:

- a) персонал мен оқушыларды бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардан қорғану тәсілдері мен іс-әрекеттеріне оқытып-үйрету;
- b) арнаулы мекемелерді бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардан қорғану тәсілдері мен іс-әрекеттеріне оқытып-үйрету;
- c) күзет персоналын бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардан қорғану тәсілдері мен іс-әрекеттеріне оқытып-үйрету;
- d) құтқарушылар жасақтарын бейбіт және соғыс уақытындағы төтенше жағдайлардан қорғану тәсілдері мен іс-әрекеттеріне оқытып-үйрету.

6-сұрақ

Білім беру мекемесіндегі азаматтық қорғаудың (АҚ) негізгі міндеттері ... болып табылады:

- a) дыбыстық сигналдар жүйесін жасау және оны тұрақты дайындықта ұстау;
- b) хабардар етудің жергілікті жүйесін жасау және оны тұрақты дайындықта ұстау;
- c) айырым белгілері мен байланыс құралдары дайындығының сұлбалары жүйесін жасау және үнемі нақтылау;
- d) көршілес мекемелермен хабардар ету жүйесін жасау және дайындықта ұстау.

7-сұрақ

Екпінді толқын – бұл:

- a) ядролық жарылыстың екінші дәрежелі зақымдаушы факторы;
- b) ядролық жарылыстың екінші және ең қауіпті факторы;

- с) ядролық жарылыстың негізгі зақымдаушы факторы;
- д) ядролық жарылыстың үшінші және негізгі зақымдаушы факторы.

8-сұрақ

Жарықтық сәулелену – бұл:

- а) көзге көрінбейтін ультракүлгін және инфрақызыл түстерді қамтитын шашыранды энергиялар ағыны;
- б) көзге көрінетін ультракүлгін және инфрақызыл түстерді қамтитын шоғырлы энергиялар ағыны;
- с) көзге көрінетін ультракүлгін және инфрақызыл шағылуларды қамтитын жарық энергияларының ағыны;
- д) көзге көрінетін ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерді қамтитын сәулелік энергиялар ағыны.

9-сұрақ

...ядролық зақымдау ошағы деп аталады:

- а) ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларының тікелей әсер етуіне ұшыраған аумақ;
- б) ядролық жарылыс екпінді толқынының тікелей әсер етуіне ұшыраған аумақ;
- с) ядролық жарылыс электромагнитті импульсінің тікелей әсер етуіне ұшыраған аумақ;
- д) ядролық жарылыс өтпелі радиациясының тікелей әсер етуіне ұшыраған аумақ.

10-сұрақ

Нейтрондық қару – ядролық қарудың түрөзгерісі, онда:

- а) нейтрондық сәулеленудің зақымдаушы әсер етулерінің шектелулері кезінде қарсыластың адам күші мен қару-жарағын жоюға арналған екпінді толқын түрінде бөлініп шығатын жарылыс күші жасанды түрде арттырылады;
- б) нейтрондық сәулеленудің зақымдаушы әсер етулерінің шектелулері кезінде қарсыластың адам күші мен қару-жарағын жоюға арналған жарықтық сәулелену түрінде бөлініп шығатын жарылыс энергиясының үлесі жасанды түрде арттырылады;
- с) екпінді толқын мен жарықтық сәулеленудің зақымдаушы әсер етулерінің шектелулері кезінде қарсыластың адам күші мен қару-жарағын жоюға арналған нейтрондық сәулелену түрінде бөлініп шығатын жарылыс энергиясының үлесі жасанды түрде арттырылады;
- д) электромагнитті әсер етудің шектелулері кезінде қарсыластың адам күші мен қару-жарағын жоюға арналған екпінді толқын және жарықтық сәулелену түрінде бөлініп шығатын жарылыс қуаты жасанда түрде арттырылады.

11-сұрақ

Уландырушы заттар (УЗ) – бұл:

- а) қолданылған кезде үлкен аудандарда адамдар мен жануарларды сауықтыруға, өртүрлі құрылыстарға енгуге, жергілікті жерді тыңайтуға қабілетті химиялық қосылыстар;

б) қолданылған кезде үлкен аудандардағы адамдар мен жануарларды зақымдауға, өртүрлі құрылыстарға енуге, жергілікті жер мен суқоймаларын зияндауға қабілетті химиялық қосылыстар;

с) қолданылған кезде шағын аудандардағы адамдар мен жануарларды зақымдауға, өртүрлі құрылыстарға енуге, суқоймаларын зияндауға қабілетті су төрізді сұйықтық;

д) қолданылған кезде төгілген жерлерінде адамдар мен жануарларды зақымдауға, өртүрлі құрылыстарға енуге, жергілікті жер мен суқоймаларын зияндауға қабілетті құм материал.

12-сұрақ

Жүйкелік-салдандырушы әсері бар УЗ:

а) ви-икс – VX, зарин – GB, зоман – GD;

б) иприт, люизит;

с) фосген, дифосген;

д) көгертікш қышқыл, хлорциан.

13-сұрақ

Теріні іріңдету әсері бар УЗ:

а) ви-икс – VX, зарин – GB, зоман – GD;

б) фосген, дифосген;

с) иприт, люизит;

д) көгертікш қышқыл, хлорциан.

14-сұрақ

Тұншықтырушы әсері бар УЗ:

а) ви-икс – VX, зарин – GB, зоман – GD;

б) иприт, люизит;

с) көгертікш қышқыл, хлорциан;

д) фосген, дифосген.

15-сұрақ

Карантин – бұл:

а) ошағының ішінде, сондай-ақ оның шектерінен тыс жерлерде де жұқпаның таралуынан сақтандыруға және пайда болған зақымдау ошағын жоюға бағытталған, эпидемияға қарсы, санитариялық-гигиеналық, емдеу және өкімшілік-шаруашылық іс-шаралардың кешені;

б) зақымдау ошағының пайда болуынан сақтандыруға бағытталған, эпидемияларға қарсы, санитарлық-гигиеналық, емдеу және өкімшілік-шаруашылық іс-шаралар кешені;

с) зақымдау ошағының таралуынан сақтандыруға бағытталған, эпидемияларға қарсы іс-шаралар кешені;

д) жұқпа таралуынан сақтандыруға бағытталған іс-шаралар.

16-сұрақ

Обсервация ... ұйымдастырылады:

- a) карантин аймағынан шығып кетуге мұқтаж тұлғаларды бақылау үшін тағайындалған, карантин аймағынан шалғай аудандарда;
- b) карантин аймағынан шығып кетуге мұқтаж адамдарды бақылау үшін тағайындалған карантин аймағынан алыс аудандарда;
- c) карантин аймағына тікелей жапсарлас жатқан аудандарда, сондай-ақ карантин аймағынан шығып кетуге мұқтаж тұлғаларды бақылау үшін;
- d) карантин аймағын бақылау үшін тағайындалған, карантин аймағынан шалғай аудандарда.

17-сұрақ

Тыныс алу мүшелерін қорғаудың жеке құралдары қорғау тәсілі бойынша ... болып бөлінеді:

- a) сүзгілік және қоршаулық;
- b) сүзгілік және оқшаулаушы;
- c) сүзгілік және бөлуші;
- d) қоршаулық және бөлуші.

18-сұрақ

Газтұтқыны кию үшін ... қажет:

- a) тыныс алуды бөгей тұру, көздерді жұму, баскиімді шешу, дулыға-бетпердені алып шығу және оны басқа қатпарланулар болмайтындай етіп, тартып кигізу, толықтай дем шығаруды жасап, баскиімді кию;
- b) тыныс алуды бөгей тұру, көздерді ашу, баскиімді шешу, дулыға-бетпердені алып шығу және оны басқа қатпарланулар болмайтындай етіп тартып кию;
- c) біркелкі тыныс алу, көздерді ашу, баскиімді шешу, дулыға-бетпердені алып шығу және оны басқа қатпарланулар болмайтындай етіп тартып кию;
- d) тыныс алуды бөгемеу, көздерді ашу, баскиімді шешу, дулыға-бетпердені алып шығу және оны басқа қатпарланулар болмайтындай етіп тартып кию;

19-сұрақ

Тыныс алу мүшелерін қорғаудың ең қарапайым құралдарына ... жатады:

- a) жалпы әскери газтұтқы және шаңға қарсы маталық бетперделер;
- b) мақта-мөрлілік таңғыштар мен шаңға қарсы маталық бетперделер;
- c) азаматтық газтұтқы мен шаңға қарсы маталық бетперделер;
- d) сүзгілік-сіңіруші қорапша мен маталық бетперделер.

20-сұрақ

Тұрмыстық киім-кешек бұйымдарынан теріні қорғау үшін неғұрлым жарамдылары:

- a) тығыз мақта матадан немесе хлорвинилді үлдірмен жабылған матадан жасалған күртешелер мен жамылғылар;

б) мақта матадан немесе хлорвинилді үлдірмен жабылған матадан жасалған сулықтар мен жамылғылар;

с) резеңкеленген матадан немесе хлорвинилді үлдірмен жабылған матадан жасалған сулықтар мен жамылғылар;

д) маталық материалдан немесе хлорвинилді үлдірмен жабылған матадан жасалған қолшатырлар мен жамылғылар.

Жауабы:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
a	b	d	c	a	b	c	d	a	c	b	a	c	d	a	c	b	a	b	c

IV ТОҚСАН БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1-сұрақ

Баспаналар – бұл:

а) балаларды ядролық жарылыстың зақымдаушы факторларынан, уландырушы заттардан, биологиялық құралдардан, сондай-ақ өрт кезінде түзілетін жоғары температура мен зиянды газдардан қорғау үшін тағайындалған арнаулы құрылыстар;

б) оларды паналаған адамдарды ядролық жарылыстың барлық зақымдаушы факторларынан, уландырушы заттардан, биологиялық құралдардан, сондай-ақ өрт кезінде түзілетін жоғары температуралар мен зиянды газдардан қорғау үшін тағайындалған арнаулы құрылыстар;

с) техниканы ядролық жарылыстың барлық зақымдаушы факторларынан, уландырушы заттардан, биологиялық құралдардан, сондай-ақ өрт кезінде түзілетін жоғары температура мен зиянды газдардан қорғау үшін тағайындалған арнаулы құрылыстар мен жөндеу шеберханалары;

д) оларды паналаған адамдарды ядролық жарылыстың барлық зақымдаушы факторларынан, уландырушы заттардан, биологиялық құралдардан, сондай-ақ тұрмыстық қатты қалдықтар жануының жоғары температурасынан қорғау үшін тағайындалған құрылыстар.

2-сұрақ

Радиацияға қарсы паналау орындары (РҚП):

а) жергілікті жер радиоактивті зақымданған кезде адамдардың жеке мүліктерін иондандырушы сәулеленулерден қорғауды қамтамасыз етеді, адамдарды екпінді толқыннан, тері мен киімге радиоактивті, уландырушы заттар мен биологиялық құралдардың тікелей түсуінен қорғайды;

б) жергілікті жер радиоактивті зақымданған кезде адамдарды иондандырушы сәулеленулерден қорғауды қамтамасыз етеді, жеке мүлікті өрттен, адамдардың терісіне және киіміне лас заттар мен биологиялық құралдардың тікелей түсуінен қорғайды;

с) жергілікті жер радиоактивті зақымданған кезде адамдарды иондандырушы сәулеленулерден қорғауды қамтамасыз етеді, жарықтық сәулеленуден,

өтпелі радиациядан, ішінара екпінді тоқыннан, адамдардың терісі мен киімдеріне радиоактивті, уландырушы заттар мен биологиялық құралдардың тікелей түсуінен қорғайды;

d) жергілікті жер радиоактивті зақымданған кезде жауынгерлік техниканы иондандырушы сәулеленулерден қорғауды қамтамасыз етеді, жауынгерлік техниканы жарықтық сәулеленуден, өтпелі радиациядан, ішінара екпінді толқыннан қорғайды.

3-сұрақ

Ең қарапайым паналау орындарына жатады:

- a) ашық және үсті жабылған пана;
- b) үсті жабылған туннельдер;
- c) ашық және үсті жабылған метро;
- d) ашық және үсті жабылған жерқоймалар.

4-сұрақ

Халық дабылдың немесе гуіл мен басқа да сигналдық құралдардың дыбысын естіген кезде, дереу:

- a) көшеге шығады, базарға барып, адамдардың не туралы айтып жатқанын тыңдайды;
- b) телехабарлар бағдарламаларына сәйкес теледидарды қосып, қарайды;
- c) радио, теледидарды қосады және іс-әрекеттердің тәртібі туралы хабарламаны тыңдайды;
- d) көршілерден іс-әрекеттердің тәртібі туралы хабарламаны тыңдайды.

5-сұрақ

Қала сыртындағы аймақ ... болып табылады:

- a) қала ішіндегі және ірі елді мекендер шектеріндегі аумақ;
- b) қалалардағы және басқа да елді мекендердегі биік емес ғимараттардың жанында орналасқан аумақ;
- c) қалалар мен облыс орталықтарындағы биік ғимараттар шектерінен тыс орналасқан аумақ;
- d) қалалардағы мүмкін болатын қираулар аймақтары шектерінен тыс орналасқан аумақ.

6-сұрақ

Бөліп орналастыру мен эвакуация:

- a) қалалар халқының тығыздығын азайтады, осыған орай халық шығындары да елеулі азайтылуы мүмкін;
- b) қаланың жекелеген учаскелерінде халықтың үлкен тығыздығын жасайды, осыған орай халық шығындары болуы мүмкін;
- c) қалалар халқының тығыздығын арттырады, осыған орай, халық шығындары елеулі болуы мүмкін;
- d) қалалар халқының тығыздығын төмендетеді, осыған орай, негізгі көшелердегі халық саны жылдам артады.

7-сұрақ

Эвакуацияның аралас тәсілінің мәні мынада:

- a) қалалардан халық мүлкін жаппай тасып шығару қолда бар көліктің барлық түрлерімен жүргізіледі;
- b) қалалардан халықты жаппай шығару жаяу жүру қолда бар көліктің барлық түрлерімен тасып шығарумен үйлестіріледі;
- c) қалалардан халықты жаппай шығару көліктің барлық түрлерін тартумен жүзеге асырылады;
- d) қалалардан халықты жаппай шығару жаяу сапты бақылаумен жүзеге асырылады.

8-сұрақ

Жарылғыш құрылғыға ұқсас зат айқындалған кездегі іс-әрекеттер:

- a) жақындап келу, қозғап көру, қауіпсіз жерге апару;
- b) өтіп жатқан адамдардан жақындап келуді, басқа жерге апаруды өтіну;
- c) өтіп жатқан адамдармен не істеу және қандай әрекет жасау керектігін талқылау;
- d) жақындамау, қозғамау, тасымалдамау.

9-сұрақ

Жарылғыш құрылғыға ұқсас зат айқындалған кездегі іс-әрекеттер:

- a) мамандар келіп жеткенге дейін күдікті затқа бақылау жүргізу және айқындалған затты қызыл таспамен қоршау;
- b) мамандар келіп жеткенге дейін өтіп жатқан адамдарға бұл жердің қауіпті екендігі туралы хабарлау;
- c) мамандар келіп жеткенге дейін күдікті затқа бақылау жүргізу және қауіпті аймақты күзетуді қамтамасыз ету;
- d) мамандар келіп жеткен кезде олардың жұмысына бақылау жүргізу, оларға қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өз ойларын білдіру.

10-сұрақ

Телефон арқылы қоқан-лоқы жасалған кезде:

- a) ұйым басшысына және құқық қорғау органдарына телефон арқылы алынған ақпаратты дереу хабарлауды қамтамасыз ету;
- b) құқық қорғау органдарының кезекші бөліміне телефон арқылы алынған ақпаратты дереу хабарлауды қамтамасыз ету;
- c) телефон арқылы алынған ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына дереу хабарлауды қамтамасыз ету;
- d) ұйым басшысынан және құқық қорғау органдарынан телефон арқылы алынған ақпараттың қатаң құпиялылығын қамтамасыз ету.

11-сұрақ

Сел (сел ағыны) – бұл:

- a) тау жыныстары массасының ауырлық күшінің әсер етуімен беткеймен төмен қарай сырғып, орын өзгертуі;

б) шағын тау өзендерінің алаптарында кенеттен пайда болатын, су мен тау жыныстары сынықтарының қоспасынан тұратын тасқынды лай немесе лай-тасты ағын;

с) тау жыныстары үлкен массаларының бөлініп түсуі мен апатты құлауы, олардың аударылуы, бөлшектенуі және тік, құлама беткейлермен сырғуы;

д) өзенде жыл сайын бірдей маусымда қайталанатын, су деңгейінің елеулі және айтарлықтай ұзақ уақыт көтерілуі.

12-сұрақ

Су тасқындары – бұл:

а) тау жыныстары массасының ауырлық күшінің әсер етуімен беткеймен төмен қарай сырғып, орын өзгертуі;

б) тау өзендерінің алаптарында кенеттен пайда болатын, су мен шағын тау жыныстары сынықтарының қоспасынан тұратын тасқынды лай немесе лай-тасты ағын;

с) өзенге, көлге немесе су айдынына жапсарлас жатқан жерді судың басуы, ол материалдық залал мен халық денсаулығына зиян келтіреді немесе адамдардың өліміне әкеледі;

д) өзенде жыл сайын бірдей маусымда қайталанатын су деңгейінің елеулі және айтарлықтай ұзақ уақыт көтерілуі.

13-сұрақ

Дауыл – бұл:

а) су деңгейінің қарқынды, салыстырмалы түрде қысқамерзімді көтерілуі, нөсер жауындармен, кейде қысқы жылымықтар кезінде қардың еруімен қалыптасады;

б) тау өзендерінің алаптарында кенеттен пайда болатын, су мен шағын тау жыныстары сынықтарының қоспасынан тұратын тасқынды лай немесе лай-тасты ағын;

с) өзенге, көлге немесе су айдынына жапсарлас жатқан жерді судың басуы, ол материалдық залал мен халық денсаулығына зиян келтіреді немесе адамдардың өліміне әкеледі;

д) жылдамдығы құйын жел жылдамдығынан аз жел, алайда ол айтарлықтай жоғары және 15–20 м/с-қа дейін жетеді.

14-сұрақ

Қан кету ретінде түсініледі:

а) сыртқы әсер етуден дененің дәкемен оралған бөліктері;

б) зақымданған қантамырлар мен денедегі көгерген жерлер;

с) зақымданған қантамырлардан қанның шығуы;

д) зақымданған қантамырлардан дененің қызаруы.

15-сұрақ

Қан аққан тамырды сүйекке саусақпен басу тәсілі ... қолданылады:

а) бұрауды немесе қысатын таңғышты дайындау үшін қажетті қысқа мерзімге;

б) жараланған адамды көлікпен тасымалдауға дайындау үшін қажетті ұзақ уақытқа;

с) жараланған адамды өуе көлігімен тасымалдауға дайындау үшін қажетті ұзақ уақытқа;

д) далалық жағдайларда жараланған адамды оталарға дайындауға қажетті қысқа уақытқа.

16-сұрақ

Қан аққан ұсақ артериялар мен веналарға ... салынады:

а) бұрау;

б) қан аққан тамырды саусақпен басу;

с) кәдімгі таңғыш;

д) қысатын таңғыш.

17-сұрақ

Күйіп қалу – бұл:

а) тері жабындары біртұтастығының, шырышты қабықшалардың, кейде терең тіндердің де бұзылуымен және онымен қатар жүретін ауырсынудымен, қан кетумен және үңіреюмен сипатталатын зақымдану;

б) тіндердің жоғары температураның, химиялық заттардың, электр тогы немесе радиацияның әсер етуінен зақымданулары;

с) жарақаттың үңіреюі, терінің созылыңқы талшықтарының бұзылуы;

д) өткір кесуші құрал (пышақ, айнек және т.б.) әсерінің нәтижесі.

18-сұрақ

Асептика – бұл:

а) жарақаттағы микробтарды жоюға, жарақатта микробтардың дамуы және олардың тіндерге тереңдеп енуіне қолайсыз жағдайлар жасауға бағытталған іс-шаралар кешені;

б) ауада және адамды қоршаған барлық заттарда болатын микробтар;

с) қан жоғалтумен қатар жүретін, ауыр көлемді зақымданулар нәтижесінде пайда болатын есеңгіреу;

д) оларды жарақатпен жанасатын барлық заттардан (хирург қолында, таңу материалында және басқаларда) физикалық және химиялық заттармен жою жолымен жарақатқа микробтардың түсуінен сақтандыру тәсілі.

19-сұрақ

Антисептика – бұл:

а) ауада және адамды қоршаған барлық заттарда болатын микробтар;

б) жарақаттағы микробтарды жоюға, жарақатта микробтардың дамуы және олардың тіндерге тереңдеп енуіне қолайсыз жағдайлар жасауға бағытталған іс-шаралар кешені;

с) оларды жарақатпен жанасатын барлық заттардан (хирург қолында, таңу материалында және басқаларда) физикалық және химиялық заттармен жою жолымен жарақатқа микробтардың түсуінен сақтандыру тәсілі.

d) қан жоғалтумен қатар жүретін, ауыр көлемді зақымданулар нәтижесінде пайда болатын есеңгіреу;

е) қан жоғалтумен қатар жүретін, ауыр көлемді зақымданулар нәтижесінде пайда болатын есеңгіреу;

20-сұрақ

Сүйектің сынуы – бұл:

а) жұмсақ тіндер зақымдануының неғұрлым кең таралған түрі, бұл кезде тері жабынының біртұтастығы бұзылмайды;

б) бір-бірімен салыстырғанда, сүйектердің буындық бетінің жылжуы;

с) сүйек бүтіндігінің сыртқы механикалық әсер ету кезінде туындайтын, толықтай немесе ішінара бұзылуы;

д) ағза тіндерінің төменгі температура кезінде суықтың әсер етуі нәтижесінде зақымдануы.

Жауабы:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
b	c	a	c	d	a	b	d	c	a	b	c	d	c	a	d	b	d	b	c

ДАЛАЛЫҚ ОҚУ ЖИЫНЫ

2-бөлім

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Кіріспе сабақ”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.
Сыныбы:	
Сабақтың тақырыбы	§ 1. Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы мен әскери техникасы. § 2. Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі. § 3. Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу. § 4. Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері.
Бұл сабақта оқытудың қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	ҚР Қарулы Күштері түрлерінің жауынгерлік техникасының тағайындалуы мен техникалық сипаттамаларын, бөлімшенің жорықтық, ұрыс алдындағы және жауынгерлік тәртіптегі іс-әрекеттерін, сарбаздың шайқастағы іс-әрекеттерін, сондай-ақ жеке қорғану құралдарын пайдалану бойынша нормативтерді орындай біледі.
Сабақтың мақсаты	ҚР Қарулы Күштері түрлерінің жауынгерлік техникасының тағайындалуы мен техникалық сипаттамаларын, бөлімшенің жорықтық, шайқас алдындағы және жауынгерлік тәртіптегі іс-әрекеттерін, сарбаздың шайқастағы іс-әрекеттерін, зерделеу, сондай-ақ газтұмылдырықты, жалпыәскери қорғаныс жинақталымын кию бойынша жаттығу жүргізу.
Бағалаудың өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – ҚР Қарулы Күштері түрлерінің тағайындалуы мен тактикалық-техникалық сипаттамаларын; – бөлімшенің жорықтық, ұрыс алдындағы және жауынгерлік тәртіптегі іс-әрекеттерін; – сарбаздың шайқастағы іс-әрекеттерін; – газтұмылдырықты, жалпыәскери қорғаныс жинақталымын кию тәсілдерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – тактикалық дайындықтың негізгі ережелерін білетін және іс жүзінде орындай алатын болады. Кейбір оқушылар: – ҚР ҚК түрлерінің жауынгерлік техникасының жауынгерлік мүмкіндіктері, бөлімшенің (сарбаздың) шайқастағы іс-әрекеттерінің тәсілдері туралы ақпаратқа талдау жасап, сондай-ақ газтұтқыш, тұмылдырық, жалпыәскери қорғаныс жинақталымын кию бойынша нормативтерді орындай алатын болады.

Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады.	
	Пәндік лексика мен терминология: • қару-жарақ; • жауынгерлік техника; • тағайындалу; • тактикалық-техникалық сипаттамалар; • жорықтық тәртіп; • лек; • ұрыс алдындағы тәртіп; • жауынгерлік тәртіп; • ұрыстағы өзара әрекеттестік; • оқ жаудыру мен бөлімшені басқару; • дулыға-бетперде; • «Химиялық дабыл»; • «Газдар»; • ОП-1М қорғаныс плащы; • қорғаныс жинақталымы; • жеке қорғану құралдары; • дәрі-дәрмек қорабы; • ұрыс; • жауынгерлік тапсырма; • оқ жаудыру; • жүгіріп өту; • жер бауырлай еңбектеу.	
Құндылық-тарды дарыту	Сабақ оқушылардың әскери іс негіздері – тактикалық дайындық мәселелері бойынша жан-жақты білім алуына бағытталған.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, орыс тілі, физика, химия, құқық негіздері	
Мұның алдын-дағы білім	Тактикалық дайындық: мотоатқыштар бөлімшесінің ұйымдастырылуы мен жауынгерлік мүмкіндіктері, штаттық қару-жарағы мен жауынгерлік техникасы, бөлімшенің жауынгерлік мүмкіндіктері туралы қажетті білімді меңгереді.	
Сабақтың барысы		
Сабақ кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталу кезеңі	1. Ұйымдастыру кезеңі – 5 мин. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, оқу-материалдық базаны (оқу орнының дайындығын) тексеру.	Оқулық, дәптер

	2. Білімді өзектендіру – 5 мин. Өткен материалды қайталау. «Миға шабуыл» әдісі: 10-сыныпта бұл пәннің курсын оқыту кезінде әскери істің қандай тараулары зерделенген еді? Бұл тараулардың қайсысы сарбаздың ұрысқа дайындығын қарастырады? Сендер қалай ойлайсыңдар, сарбазды дайындаудың қандай тараулары жергілікті жердегі іс-әрекеттердің шеберліктері мен іс-тәжірибелік дағдыларын тікелей қалыптастырады? Мұғалім қорытынды жасайды.	
Сабақтың ортасы (30 мин)	3. Бірінші күнгі сабақтың тақырыбы, мақсаттары мен мәселелері жөнінде хабардар ету – 3 мин. Оқушыларды 4 командаға бөлу. Жаңа материалды зерделеу (оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді). Талқылауға арналған тақырыптар (команданың аты): №1 команда. «Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы мен әскери техникасы». №2 команда. «Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі»; №3 команда. «Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу»; №4 команда. «Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері». 4. Тапсырма – 20 мин. Әрбір команда өз командасының аты бойынша постер құрастыруы керек (оқулықты, қосымша материалдар мен ақпарат дереккөздерін пайдаланады). 5. Постерлердің көрсетілімі – 20 мин. – №1 команда өз жұмысын ұсынады;	Оқулық, дәптер

	– басқа командалар постерді тыңдайды және толықтырады (нақтылайды); – оқушылар оқулық мәтінін пайдалана отырып, өз толықтыруларына дәлелдер келтіреді. 6. Барлық командалар қосымша ақпарат дереккөздерін пайдалана отырып, постер құрастырады. 7. «Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы мен жауынгерлік техникасы» тақырыбы бойынша қорытындылау: – берілген тапсырма бойынша әрбір команданың постері тыңдалады; – әрбір командаға уақыт беріледі; – жалпы пікірталасты, командалардың баяндауларына талдау жасауды, қорытындылауды мұғалім жүргізеді. 8. Үзіліс – 5 мин. 9. № 2 команда: «Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі» тақырыбындағы өз жұмысын ұсынады – 5 мин. Жалпы талқылау, талдау жүргізіледі – 10 мин. 10. Мұғалім оқу топтарына 20 минуттың ішінде іс жүзінде пысықтауды ұсынады: – жаяу жүрген кезде мотоатқыштар бөлімшесінің екі лек болып сапқа тұру тәртібі; – мотоатқыштар бөлімшесінің тізбектеліп жазылуы: а) жауынгерлік машинадан түскеннен кейін; ә) лектен бір-бірінен. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы – 5 мин. 11. Түскі ас – 50 мин. 12. №3 команда: «Қорғанудың дербес құралдарын қорғануға жаттығу» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады – 10 мин.	
--	---	--

	Жалпы талқылау, постерді талдау – 10 мин. 13. Командаларға 18 минуттың ішінде тапсырмалар жазылған карточканы таңдап алу және өз командаларының құрамында мынадай тәсілдерді жасап көру ұсынылады: – газтұтқыны кию («Газдар» командасы беріледі); – тұмылдырықты кию («Респираторларды ки» командасы беріледі); – жалпыөскери қорғаныс костюмін және газтұтқыны кию («Жамылғыны жеңімен, шұлықты, қолғаптарды ки», «Газдар» командалары бойынша); – жалпыөскери қорғаныс жинақталымы мен газтұмылдырық кию («Қорғаныс костюмін ки», «Газдар» командалары бойынша). Командалардың спикерлері жалпыөскери қорғаныс жинақталымын шешу тәсілдеріне назар аударулары тиіс. 14. «Джигсо» әдісімен жұмыс істеу – 20 мин. Әрбір команданың спикері басқа командалардың (оқу топтарының) мүшелеріне қорғаныс құралдарын кию тәсілдерін көрсетеді, қозғалыс сағат тілі бағыты бойынша жүргізіледі. 15. Қорғаныс құралдарын кию бойынша жеке жұмыс – 10 мин. 16. Жұптық жұмыс. Оқушылар қорғану құралдарын кию процесінде бір-бірінің қателіктерін түзейді – 10 мин. 17. Кигеннен кейін жалпыөскери қорғаныс жинақталымын шешу тәсілдерін пысықтау – 10 мин. 18. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы – 2 мин. 19. №4 команда: «Ұрыстағы сарбаздың әрекеті» тақырыбы бой-	
--	---	--

	ынша өз жұмысын ұсынады – 5 мин. Жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі – 10 мин. 20. Үзіліс – 5 мин. 21. Сарамандық жұмыс – 20 мин. Тапсырма. Мына мәселелерді пысықтау: – сарбаздың ұрыста орын ауыстырып, жылжуы; – сырт киімді пайдаланумен тосқауылдардан өту; – ядролық жарылыстың жарқылы кезіндегі іс-әрекет. Тапсырмалардың орындалу нәтижелері туралы баяндау.	
Сабақтың соңы	22. Рефлексия: – сендер қазір нені орындай аласыңдар? – бұрын нені орындай алмаған едіңдер? – сендерге қай жерде көмек керек? 23. Үй тапсырмасы: §1–4 сұрақтар мен тапсырмалар.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау
• Оқытудың жеке қарқынның таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсының тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі –	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, оқушылардың сарамандық жұмысын бағалау	• Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқау; • сергіту минутын өткізу;

егер оқушыда жоғары ын-талану бай-қалса, ол та-қ ы р ы п т ы ақпараттың қосымша де-реккөздерін пайдалана отырып зер-делей алады; • топтағы жұ-мыс – рөл-дерді бөлу, орындалатын ж ұ м ы с т ы , тапсырманы таңдау		• Сабақ барысында қауіпсіздік техника-сы іс-шараларын сақ-тау.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақ-саттары нақты және қолжетім-ді болды ма? Оқушылардың бәрі бірдей оқу мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса, қол жет-кізбесе, онда сіз қалай ой-лайсыз, бұл неліктен бол-ды? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезең-дерінің уақы-тын тиімді пай-даландыңыз ба? Сабақ жоспа-рынан шығып кету болды ма? Болса неліктен?	Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдала-ныңдар. Бұл бағанадағы маңызды, мәні бар сұрақ-тарға жауап беріңдер.	

Ұзақмерзімді жоспарлау та- рауы: “Қазақстан Республикасы- ның Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіз- дігінің кепілі”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы	§5. Қорғаныстағы сарбаз. §6. Шабуылдағы сарбаз
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспары- на сілтеме)	Оқушыларда жеке окопты қолдану, қорғаныстық және шабуылдаушы шайқасқа дайындық, командир командаларын орындау бойынша іс-тәжірибелік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
Сабақтың мақсаты	Сарбаздың қорғаныстық және шабуылдаушы шайқастағы іс-әрекетін, жеке оқпана параметрлерін, сарбаздың шабуылдаушы шайқасқа дайындық тәртібін, командаларды орындауды зерделеу.
Бағалаудың өлшем шарт- тары	Барлық оқушылар: – ату позициясын (атысқа арналған орынды) иеленуді; – өзіне оқпана қазу мен бүркемеленуді; – қарсыластың ядролық қару қолданған кездегі, өуе қарсыласы, радиобелсенді, химиялық және бактериологиялық зақымдану туралы хабардар ету сигналдары кезіндегі іс-әрекетті; – өртүрлі бағыттардан қарсылас танкілері мен жаяу әскерінің шабуылдарын тойтаруды; – өуедегі нысаналарға оқ жаудыруды; – шабуылға дайындық кезіндегі іс-әрекеттерді; – бірден шабуылдау кезінде сарбаздың лекте жүруін және оның бөлімшенің жауынгерлік қатарындағы орнын иеленуін; – шабуылдау кезінде өтетін жерлердегі тосқауылдардан өтуді; – қарсыласты оқ жаудырумен, гранаталармен, жою тәсілдерін, шабуыл объектісін иеленуді; – шабуылдау барысында радиоактивті (ұландырушы) заттармен зақымданған жердегі іс-әрекеттерді білетін болады.

	Оқушылардың көпшілігі: – сарбаздарға шайқаста қойылатын негізгі талаптарды білетін және оларды іс жүзінде орындай алатын болады. Кейбір оқушылар: – сарбаздың дербес және бөлімше құрамында әртүрлі шайқастағы тәсілдері мен іс-қимылдары туралы ақпаратқа талдау жасай алады.	
Тілдік міндеттер	Оқушылар: Қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: • қорғаныс; • оқпана; • қарсылас; • «Радиациялық қауіптілік!»; • «Химиялық дабыл!»; • «Бөлімше, ұрысқа!»; • өуе нысанасы; • шабуыл; • керек-жарақтар; • «Шабуылға дайындал!»; • өрістетілген сап; • «Шабуылға – алға!»; • траншея.	
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың өзара жолдастық көмек көрсету бойынша жан-жақты білім алуына, оларда қазақстандық патриотизм мен өзінің әскери дайындығы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, орыс тілі, физика, химия, құқық негіздері.	
Мұның алдындағы білім	ҚР ҚК түрлерінің жауынгерлік техникасының тағайындалуы, бөлімшенің жорықтық, шайқас алдындағы және жауынгерлік тәртіптегі іс-әрекеттері, газтұтқы, тұмалдырық пен жалпыәскери қорғаныс жинақталымын кию тәсілдері туралы қажетті білімді меңгереді.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы 9.00 – 9.10	1. Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, оқу-материалдық базаны (оқу орнының дайындығын) тексеру. 2. Білімді өзектендіру Өтілген материалды қайталау.	Оқулық, дәптер

	«Миға шабуыл» әдісі: 4) Сендер тактикалық дайын-дыңтың қандай мәселелерін зерделедіңдер және бұл сабақтың барысында нені үйрендіңдер? 5) Сарбаздың шайқастағы міндеттерін баяндандар? 6) Сендер қалай ойлайсыңдар, сарбаздарға қорғаныс құралдарымен нормативтерді орындау бойынша жаттығуды дербес өткізу не үшін қажет? Мұғалім қорытынды жасайды.	
Сабақтың ортасы 9.10–12.50	3. Екінші күнгі сабақтың тақырыбы, мақсаттары мен мәселелері жөнінде хабардар ету. Оқушыларды 2 командаға бөлу. Жаңа материалды зерделеу (оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді). Талқылауға арналған тақырыптар (команданың аты): №1 команда. «Қорғаныстағы сарбаз». №2 команда. «Шабуылдағы сарбаз». 4. Тапсырма Әрбір команда өз командасының аты бойынша постер құрастырады (оқулықты, қосымша ақпарат дереккөздерін пайдаланады). 5. Постерлерді көрсету: – №1 команда «Қорғаныстағы сарбаз» өз жұмысын ұсынады; – екінші команда тыңдайды және постерді толықтырады (нақтылайды); – оқушылар оқулық мәтінін пайдалана отырып, өз толықтыруларын дәлелдейді. 6. Командалар қосымша ақпарат дереккөздерін пайдалана отырып, постер жасайды (бейне постер табады).	Оқулық, дәптер

	7. «Қорғаныстағы сарбаз» тақырыбы бойынша қорытындылау: – берілген тақырып бойынша әрбір команданың постері көрсетіледі; – әрбір командаға уақыт беріледі; – жалпы пікірталасты, командалардың баяндауларына талдау жасауды, қорытындылауды мұғалім жүргізеді. Үзіліс – 10 мин. 8. Мұғалім оқу топтарына мынадай мәселелерді іс-тәжірибеде пысықтауды ұсынады (командалар): – ату позициясын (атысқа арналған орынды) иелену; – өзіне оқпана қазу және бүркемелеу; – жатып атуға арналған оқпана қазу; – мынадай сигналдар бойынша сарбаздың іс-әрекетін пысықтау: «Радиациялық қауіптілік!»; «Химиялық дабыл!»; «Өуе!»; «Бөлімше, ұрысқа!». – әртүрлі бағыттардан қарсыластың танкілері мен жаяу әскерінің шабуылдарын тойтару; – әуедегі нысаналарға оқ жаудыру. 9. «Джигсо» әдісімен жұмыс. Әрбір команданың спикерлері өз жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді, басқа командалардың (оқу топтарының) мүшелеріне проблемалық мәселелерді қалай шешкендерін түсіндіреді. Үзіліс – 10 мин. 10. №2 команда: «Шабуылдағы сарбаз» тақырыбындағы өз жұмысын ұсынады. – басқа команда постерді тыңдайды және толықтырады (нақтылайды); – оқушылар оқулық мәтінін пайдалана отырып, өз толықтыруларын дәлелдейді.	
--	---	--

	11. Командалар қосымша ақпарат дереккөздерін пайдалана отырып, постер жасайды. 12. «Шабуылдағы сарбаз» тақырыбы бойынша қорытындылау: – берілген тапсырма бойынша әрбір команданың постері тыңдалады; – әрбір командаға уақыт беріледі; – жалпы пікірталасты, командалардың баяндауларына талдау жасауды, қорытындылауды мұғалім жүргізеді. Үзіліс – 10 мин. 13. Мұғалім оқу топтарына мынадай мәселелерді іс-тәжірибеде пысықтауды ұсынады (командалар): – «Шабуылға дайындал!»; – «Шабуылға – алға!». Командалар (бөлімшелер) құрамында іс жүзінде орындау: – бірден шабуылдау кезінде сарбаздың лекте жүруі және бөлімшенің жауынгерлік қатарынан орын алуы; – өтетін жерлердегі тосқауылдардан өту және шабуыл; – қарсыласты траншеяда оқ жаудырумен, гранаталармен, қоянқолтық шайқаста жою тәсілдері; – шабуыл объектісін иемдену; – шабуылдау барысында сарбаздың радиоактивті (уландырушы) заттармен зақымданған жердегі іс-әрекеті. 14. «Джигсо» әдісімен жұмыс. Әрбір команданың спикерлері өз жұмыстарының нәтижелерін көрсетеді, басқа командалардың (оқу топтарының) мүшелеріне проблемалық мәселелерді қалай шешкендерін түсіндіреді. 15. Мұғалімнің жалпы қорытынды жасауы.	
--	---	--

Сабақтың соңы	16. Рефлексия: “Үш С”. Оқушыларға сабақ процесінде өздерінде ойдағыдай болып шыққан үш сәтті, өздерінде қиындықтар туындатқан екі сәтті атау, келесі сабақта өз жұмыстарын жақсартатын бір іс-әрекетті көрсету ұсынылады. 17. Үй тапсырмасы: §5–8, сұрақтар мен тапсырмалар.
---------------	--

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ө.:
Сыныбы:	
Сабақтың тақырыбы	§7. Бақылаушы сарбаз. §8. Шолушы сарбаз. §9. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары. §10. АК-74 (винтовкасы) атуға ыңғайлануға жаттығу. §11. Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдері.
Бұл сабақта оқытудың қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Сарбаздың бақылау жүргізу тәртібін, іс-әрекеттерін біледі, жергілікті жердің сұлбасын жасап, сұлбаға қарсыластың нысаналарын түсіре алады, шолғында әрекет ете алады, АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу мен жинауды, атуға және қол жарықшақты гранаталарды лақтыру тәсілдерін біледі.
Сабақтың мақсаты	Бақылау жүргізу тәсілдерін, жергілікті жердің сұлбасын жасауды, сұлбаға нысаналарды (объектіні) түсіру тәртібін, шолғындағы сарбаздың міндеті мен іс-әрекеттерін, АК-74 автоматын жартылай бөлшектеу мен жинау бойынша жаттығулар өткізуді, қарудан ату мен жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдерін зерделеу.
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – бақылау жүргізу тәсілдерін, жергілікті жердің сұлбасын жасауды, сұлбаға нысананы (объектіні) түсіруді; – сарбаздың шолғындағы іс-әрекеттері мен бақылау нәтижелері туралы баяндауды;

	– АҚ-74 автоматын жартылай бөлшектеу мен жинауды орындауды; – қарудан ату кезіндегі қауіпсіздік іс-шараларын; – автомат бөліктері мен тетіктерінің жұмысын; – қарудан ату тәсілдерін; – жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдерін білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – тактикалық және ату дайындығының негізгі ережелерін білетін және іс жүзінде орындай алатын болады. Кейбір оқушылар: – сарбаздың өртүрлі жағдайларда, бақылаушы және шолғыншы ретіндегі, АҚ-74 автоматын жартылай бөлшектеу мен жинау, ату мен жарықшақты қол гранаталарын лақтыруға дайындық кезіндегі іс-әрекеттері мен тәсілдері туралы ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: • сарбаз-бақылаушы; • бүркемелеу; • бақылау нәтижелері туралы баяндау; • орын таңдау; • бақылау аспаптары; • бағдарлар; • шартты атаулар; • жергілікті заттар; • баспана; • норматив; • автоматты жартылай бөлшектеу; • автоматты жинау; • оқтау кезіндегі бөліктер мен тетіктердің жағдайы; • ату кезіндегі бөліктер мен тетіктердің жұмысы; • атуға дайындау; • атуды жүргізу; • атуды тоқтату; • жарықшақты қол гранатасы және жарықшақты гранаталарды лақтыру; • жарықшақты қол гранатасын қуаттау.
Құндылықтарды дарыту	Сабақ оқушылардың тактикалық және ату дайындығы бойынша жан-жақты білім алуына, қазақстандық патриотизм мен өзінің әскери дайындығы үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, орыс тілі, физика, химия, құқық негіздері	
Мұның алдындағы білім	Тактикалық дайындық туралы қажетті білімді меңгереді, сарбаздың шабуылдаушы және қорғаныс ұрысындағы іс-әрекеттерін біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы 9.00 – 9.10	1. Ұйымдастыру сәті. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, оқу-материалдық базаны (оқу орындарының дайындығын) тексеру. 2. Білімді өзектендіру. Тактикалық дайындық бойынша мұның алдындағы сабақтардың тақырыптарын жаңа тақырыппен байланыстыратын қысқаша сюжет ұсынылады. Сауалнама жүргізіледі, онда оқушылар тақтада ұсынылған сұрақтарға жауап береді. Кілт сөздерді пайдалану: қорғаныс; қарсылас; «Радияциялық қауіптілік!»; «Химиялық дабыл!»; «Бөлімше, ұрысқа!»; «Әуе нысанасы»; шабуыл; «Тіке шабуылға дайындал!»; өрістетілген сап; «Шабуылға – алға!»; траншея. Сөздердің мағынасын әңгімелеу: «Қорғаныстағы сарбаз»; «Шабуылдағы сарбаз». Мұғалім қорытынды жасайды.	Оқулық, дәптер
Сабақтың ортасы 9.10–12.50	3. Үшінші күнгі сабақ тақырыптарынан, мақсаттары мен мәселелерінен хабардар ету. Оқушыларды 5 командаға бөлу. Жаңа материалды зерделеу (оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді). Талқылауға арналған тақырыптар (команда атауы): №1 команда. «Бақылаушы сарбаз».	Оқулық, дәптер

	№2 команда. «Шолушы сарбаз»; №3 команда. «Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары»; №4 команда. «АК-74 (винтовкасы) атуға ыңғайлануға жаттығу» №5 команда. «Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдері». 4. Тапсырма Әрбір команда өз командасының атауы бойынша постер жасайды (оқулықты, қосымша ақпарат дереккөздерін пайдаланады). 5. Постерді көрсету: №1 команда. «Бақылаушы сарбаз» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. – басқа командалар постерді тыңдайды және толықтырады (нақтылайды); – оқушылар оқулық мәтінін пайдалана отырып, өз толықтыруларын дәлелдейді. Жалпы талқылау 6. Әрбір командаға өз командаларының құрамында мынадай сұрақтарды пысықтау ұсынылады: – бақылауға үшін орын таңдау, оны жабдықтау және бүркемелеу; – бақылау секторында жергілікті жерді қарап шығу, жергілікті жердің сұлбасын жасау тәртібі; – жергілікті жер сұлбасына 2-3 нысананы (объектіні) түсіру және бақылау журналында жазбалар жүргізу; – бақылаушының бөлімше командиріне баяндауды жүргізуі. Командалардың спикерлері жергілікті жердің сұлбасын жасаудың, сұлбаға нысаналарды (объектілерді) түсірудің және командирге баяндаудың дәлдігіне назар аударулары тиіс.	
--	--	--

	7. «Джигсо» әдісімен жұмыс. Әрбір команданың спикерлері басқа командалардың (оқу топтарының) мүшелеріне проблемалық мәселелерді қалай шешкендерін түсіндіре отырып, өз нәтижелерін ұсынады. 8. Қателіктерді түзеу бойынша жеке жұмысы, оқушылардың жергілікті жердің сұлбасын жасау мен сұлбаға нысаналарды (объектілерді) түсіру бойынша іс-тәжірибелік жұмысы. 9. Жұптық жұмыс. Оқушылар бір-бірінің қателіктерін түзейді, жергілікті жердің сұлбасын жасау мен сұлбаға нысаналарды (объектілерді) түсіру процесі жүреді. 10. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы. Үзіліс – 10 мин. 11. №2 команда. «Шолушы сарбаз» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. Бұдан кейін жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі. 12. Іс-тәжірибелік жұмыс Тапсырма, мынадай сұрақтарды пысықтау: – шолғыншының жауынгерлік тапсырманы тиянақтауы; – қозғалыс кезінде жергілікті жер мен жергілікті заттарды қарап-тексеру. Мұғалім әрбір командаға оқушылар жергілікті жерді қарап-тексеруді орындай отырып, бір тактикалық жағдайдан басқасына (жергілікті жердің жағдайлары мен қарсыластың объектілері (нысаналары) өзгереді) өтетіндей арнаулы жағдай жасайды. Командалардың спикерлері тапсырманың орындалу нәтижелері туралы баяндауды жүзеге асырады.	
--	---	--

	13. Командалардың тапсырманы орындау, қателіктерді түзеу бойынша жұмысын талқылау. 14. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы. Үзіліс – 10 мин. 15. №3 команда. «Калашников автоматын жартылай бөлшектеу мен жинастыру бойынша жаттығулар». Постер бойынша жалпы талқылау, талдау жүргізіледі: – қарумен жұмыс істеген кезде қауіпсіздік іс-шараларының сақталуына назар аударылады; – қажет болған жағдайда, мұғалім Калашников автоматын жартылай бөлшектеу мен жинастыру бойынша үлгілі орындалған жұмысты көрсетеді. 16. Іс-тәжірибелік жұмыс Тапсырма, сұрақтарды пысықтау: – Калашников автоматын жартылай бөлшектеу мен жинастыру бойынша жаттығулар өткізу. №12, №13 нормативтерін орындау. Мұғалім әрбір командаға әрбір оқушының автоматты қарап-тексеруді, қауіпсіздік іс-шараларын сақтаумен автоматты жартылай бөлшектеу мен жинастыруды, №12, №13 нормативтерді орындауы үшін АК-74 автоматы бар оқу орнын береді. Командалардың спикерлері тапсырманың орындалу нәтижелері туралы баяндауды жүзеге асырады. Үзіліс – 10 мин. 17. №4 команда. «АК-74 (винтовкасы) атуға ыңғайлануға жаттығу» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. Постер бойынша жалпы талқылау, талдау жасау жүргізіледі:	
--	--	--

	а) қарумен жұмыс жасаған кезде қауіпсіздік іс-шараларының сақталуына назар аударылады; ө) қажет болған жағдайда мұғалім үлгілі орындалған элементтерді көрсетеді және түсіндіреді: – жатып ататын жағдайға орналасу; – нысанаға алу; – патрондары бар оқжатар және оны сөмкеге салу; – атуға дайындау, атуды жүргізу және тоқтату. 18. Іс-тәжірибелік жұмыс Тапсырма, сұрақтарды пысықтау: – жатып ататын жағдайды иелену; – нысанаға алу; – патрондары бар оқжатар және оны сөмкеге салу; – атуға дайындау (тізерлеп отырып ату, тұрып ату жағдайлары); – атуды жүргізу; – атуды тоқтату. 19. Жұптық жұмыс. Оқушылар бір-бірінің қателіктерін түзейді, қарудан атуға дайындық бойынша іс-тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру процесі жүреді. Командалардың спикерлері оқушылардың іс-тәжірибелік жұмысының барлық элементтерін орындаудың дұрыстығына назар аударулары тиіс. 20. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы. Үзіліс – 10 мин. 21. №5 команда. «Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдері» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. 22. Іс-тәжірибелік жұмыс. Өрбір командаға өз командаларының құрамында мынадай тәсілдерді пысықтау ұсынылады: – гранатаны орнында тұрып лақтыру;	
--	---	--

	– гранатаны тізерлеп отырып лақтыру; – гранатаны жерде жатып лақтыру; – гранатаны қозғалыста лақтыру; – гранатаны оқпанадан лақтыру. Мұғалім әрбір командаға оқушылар жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдерін орындай отырып, тиісті шеберліктер мен дағдыларды меңгеретіндей, арнаулы жағдай жасайды. Тапсырманың орындалу нәтижелері туралы баяндауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы 12.50 – 13.00	18. Рефлексия: 1. Сендерді сабақтың қандай кезеңі ойлануға, бақылауға үйретті? 2. Сендер өз білімдеріңді сабақтың қандай кезеңінде қолданып көрдіңдер? 3. Сендер сабақтың соңында қандай көңіл күйде болдыңдар? 19. Үй тапсырмасы: §7-11 пысықтау, сұрақтар мен тапсырмалар.	

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері — мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі”	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:
Сынып:	
Сабақтың тақырыбы:	§12. Әскери бөлім (бөлімше) әскери қызметшілерінің орналасуы, өмірі мен тұрмысы. §13. Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері. §14. Сақшының міндеттері. §15. Бекеттегі сақшының міндеттері мен іс-әрекеттері.

Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Ату бойынша іс-тәжірибелік жаттығуларды орындау, әскери бөлімшенің орналасуымен және тұрмысымен, тәуліктік нарядтың, қарауыл қызметі мен күзет орнындағы сақшының міндеттерімен танысу
Сабақтың мақсаты	Қарудан ату бойынша жаттығуларды орындауға үйрету, әскери бөлімшенің тұрғын үй-жайымен, рота бойынша тәуліктік нарядтың әскери қызметін, әскери бөлімнің қарауыл мен сақшы қызметін ұйымдастырумен таныстыру
Бағалау өлшем-шарттары	Барлық оқушылар: – қарудан (пневматикалық винтовкадан) ату бойынша жаттығуларды орындау тәртібін; – әскери бөлімшенің орналасуын, өмірі мен тұрмысын ұйымдастыруды; – бөлімшенің тәуліктік нарядының әскери қызметін ұйымдастыруды; – әскери бөлімнің қарауыл қызметі мен күзет орнындағы сақшы қызметінің тағайындалуы мен ұйымдастырылуын білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – қарудан атуды орындау тәртібін білетін және орындай алатын, әскери қызметшілерді орналастыру, тәуліктік нарядтың, қарауыл қызметі мен күзет орнындағы сақшы қызметін ұйымдастыру мен тәртібін білетін болады. Кейбір оқушылар: – әскери бөлім, бөлімше әскери қызметшілерінің өмірі мен тұрмысы, тәуліктік нарядтың, қарауыл қызметі мен күзет орнындағы сақшы қызметін ұйымдастыру туралы ақпаратқа талдау жасай алады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: • әскери бөлім; • әскери қызметшілерді орналастыру; • ақпараттық тәрбие жұмысы; • қаруды сақтау; • оқу қалашығы; • спорттық база; • жауынгерлік асхана; • ротаның тәуліктік наряды; • рота бойынша күндізгі кезекші; • еркін ауысымның тәуліктік кезекшісі;

	• қарауылдық қызмет; • қарауыл; • бекет; • сақшы; • автоматты оқтау; • автомат оғын алып тастау; • бекеттегі сақшы; • күзеттің техникалық құралдары; • бекет табелі.	
Құндылық-тарды дарыту	Сабақ оқушылардың ату дайындығы бойынша білім алуына, әскери қызмет негіздері бойынша шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге бағытталған.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, орыс тілі, физика, химия, құқық негіздері	
Мұның алдындағы білім	Ату қаруынан ату бойынша қажетті шеберліктерді меңгереді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғыларының қағидаларын біледі.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы 9.00 – 9.20	1. Ұйымдастыру сәті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, оқу-материалдық базаны (оқу орнының дайындығын) тексеру. 2. Білімді өзектендіру Өтілген материалды қайталау. Кумулятивті әңгімелесу. Сендер қарудан (пневматикалық винтовкадан) ату тәсілдері туралы не білесіңдер? Қарудан (пневматикалық винтовкадан) көздеудің ерекшеліктері қандай? Атуға дайындалу кезіндегі іс-әрекеттерінің тәртібі туралы әңгімелендер. Сендер атуды орындау ерекшеліктері туралы не білесіңдер? Атуды тоқтату бойынша іс-әрекеттерінің кезектілігі қандай?	Оқулық, дәптер Мысалдары бар карточкалар

	Қарудан атуды жүргізу кезінде қауіпсіздіктің қандай іс-шараларын сақтау қажет? Мұғалім қорытынды жасайды.	
Сабақтың ортасы 9.20-12.50	3. Төртінші күнгі сабақтың тақырыбы, мақсаттары мен мәселелерінен хабардар ету 4. Автоматтан (пневматикалық винтовкадан) ату. 1. Мұғалім ату қаруынан (пневматикалық винтовкадан) атуды жүргізген кездегі қауіпсіздік іс-шаралары жөнінде нұсқама өткізеді. 2. Қауіпсіздік іс-шараларын сақтаумен қарудан іс жүзінде (пневматикалық винтовкадан) атуды ұйымдастырады. Үзіліс – 10 мин. 5. Оқушыларды 4 командаға бөлу. Жаңа материалды зерделеу (оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді). Талқылауға арналған тақырыптар (команданың аты): №1 команда. «Әскери бөлім (бөлімше) әскери қызметшілерінің орналасуы, өмірі мен тұрмысы». №2 команда. «Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері». №3 команда. «Сақшының міндеттері». №4 команда. «Бекеттегі сақшының міндеттері мен іс-әрекеттері». 6. Тапсырма Әрбір команда өз командасының аты бойынша постер құрастырады (оқушылар оқулықты, басқа да қосымша ақпарат дереккөздерін пайдаланады). 7. Постерлер көрсетілімі: – №1 команда өз жұмысын ұсынады; – басқа командалар постерді көреді және толықтырады (нақтылайды);	Оқулық, дәптер Әскери бөлімнің (әскери бөлімшенің), әскери жоғары оқу орнының орналасуы. тир, пневматикалық винтовка Әскери бөлімнің (әскери бөлімшенің), әскери жоғары оқу орнының орналасуы.

	– оқушылар өз толықтыруларын оқулық мәтінін пайдалана отырып, дәлелдейді. 8. «Әскери бөлім (бөлімше) әскери қызметшілерінің орналасуы, өмірі мен тұрмысы» тақырыбы бойынша қорытындылар жасау: – берілген тапсырма бойынша әрбір команданың постері тыңдалады; – әрбір командаға уақыт беріледі; – жалпы пікірталас, командалардың жұмысына талдау жасау, мұғалімнің қорытынды жасауы. Әскери бөлімше аумағында ротаның орналасқан жеріне бару мен Қазақстан әскери қызметшілерінің өмірімен және тұрмысымен көрнекті түрде танысудың ұйымдас- тырылуы мүмкін. Үзіліс – 10 мин. 9. №2 команда. «Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері» тақырыбындағы өз жұмысын ұсынады. Жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі. 10. Мұғалім оқу топтарына командаларды іс жүзінде орындауды ұсынады: – Рота «Түр!»; – Рота «Тік түр!»; – «Рота бойынша кезекші шық!». Рота бойынша кезекшінің басшылығымен командалар (бөлімшелер) құрамында міндеттерді іс жүзінде орындау: – рота бойынша тәуліктік кезекшінің; – бос ауысым тәуліктік кезекшісінің; – рота бойынша тәуліктік нарядтың жабдықтары және жарақталуымен танысу. Әскери бөлімшенің аумағында (рота орналасқан жерде) оқушы-	
--	--	--

	ларды Қазақстан әскери қызметшілерінің өмірімен және тұрмысымен көрнекті түрде таныстыру болуы мүмкін. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы. Үзіліс – 10 мин. 11. №3 команда. «Сақшының міндеттері» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. Жалпы талқылау, постер талдау 12. Әрбір командаға өз командаларының құрамында мынадай мәселелерді пысықтау ұсынылады: – күзет қызметінің тағайындалуы мен міндеттері; – сақшының міндеттері; – күзет орны жабдықтары мен жарақталуы; – сақшының күзет орнына шабуыл жасалған кездегі іс-әрекеттері. Командалардың спикерлері пысықталған мәселелердің мазмұндылығына назар аударулары тиіс. 13. «Джигсо» әдісімен жұмыс. Әрбір команданың спикерлері басқа командалардың (оқу топтарының) мүшелеріне өздерінің қандай мәселелерді меңгергендерін түсіндіре отырып, өз нәтижелерін көрсетеді. Әскери бөлімше аумағында (қарауылды дайындауға арналған қарауыл оқу қалашығында) оқушыларды мыналармен таныстыру болуы мүмкін: – күзет қызметінің тағайындауымен және міндетімен, сақшының міндеттерімен; – күзет орны жабдықтарымен және жарақталуымен; – қару қолдану тәртібімен; – сақшының күзет орнына шабуыл жасалған кездегі іс-әрекеттерімен.	
--	--	--

	Мұғалімнің жалпы қорытындылауы. Үзіліс – 10 мин. 14. №4 команда. «Бекеттегі сақшының міндеттері мен іс-әрекеттері» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. Жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі. 15. Іс-тәжірибелік жұмыс Тапсырма – мәселелерді зерделеу (пысықтау): – қаруды (автоматты) оқтау тәртібі; – автоматты оқтаудан шығару тәртібі; – бекеттегі сақшы қаруының жағдайы; – сақшының күзет орнын қабылдауы мен тапсыруы, күзет орнында өрт шыққан және өз күзет орнына жақын жерде немесе көрші күзет орнында тәртіп бұзылған кездегі іс-әрекеттері. Мұғалім әрбір командаға оқушылар посттағы сақшының міндеттері мен іс-әрекеттерін орындау шеберлігін қалыптастыру үшін арнаулы жағдай жасайды. Тапсырманың орындалу нәтижелері туралы баяндама жасауды жүзеге асыру. Әскери бөлімше аумағында (қарауылды дайындауға арналған оқу қарауылдық қалашықта) әскери қызметшілердің сақшының күзет орнындағы іс-әрекеттері көрнекті түрде көрсетілуі мүмкін: – автоматты оқтау; – автомат оғын алып тастау; – бекеттегі сақшы; – күзеттің техникалық құралдары; – бекеттер табелі. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы.	
--	---	--

Сабақтың соңы	16. Рефлексия: «Чемодан» тәсілі 17. Үй тапсырмасы: §12–15, сұрақтар мен тапсырмалар.	
---------------	--	--

Ұзақмерзімді жоспарлау тарауы: “Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпы әскери жарғылары”	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің Т.А.Ә.:	
Сынып:		
Сабақтың тақырыбы	§16. Әскери сәлемдесу. §17. Саптан шығу және сапқа қайта тұру. §18. Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар. §19. Бөлімшенің сабы. §20. Азимут бойынша қозғалыс.	
Оқытудың бұл сабақта қол жеткізілетін мақсаттары (оқу жоспарына сілтеме)	Әскери қызметшінің саптық тәсілдерді жеке және бөлімше құрамында орындау әрекеттеріне, сондай-ақ жергілікті жерде азимут бойынша қозғалысты жүзеге асыруына үйрету.	
Сабақтың мақсаты	Әскери сәлемдесу тәсілдерін, бастыққа келу мен одан қайтып кетуді, қарумен бір орындағы тәсілдерді, бөлімшенің жорықтық және өрістетілген сапқа тұруын, сондай-ақ жергілікті жерде азимуттар бойынша қозғалуды жүзеге асыруды іс жүзінде орындайды.	
Бағалау өлшем шарттары	Барлық оқушылар: – бір орында және қозғалыста әскери сәлемдесу тәсілдерін орындауды; – бастыққа келуді және одан қайтып кетуді; – «Автоматты кеудеге!», «Қарумен сапқа тұр!», «Қаруды қой!», «Қаруға!» командаларын орындау тәсілдерін;	

	– бөлімшенің өрістетілген және жорықтық сапқа тұру, бөлімшенің жазылуы мен жиналуын, бөлімшенің өрістетілген саптан жорықтық сапқа және кері сапқа тұру тәртібін; – Адрианов тұсбағары бойынша көкжиек тұстары мен магнитті азимуттарды анықтау тәсілдерін, жергілікті жерде магнитті азимут бойынша қозғалуды жүзеге асыруды білетін болады. Оқушылардың көпшілігі: – жеке және бөлімше құрамында саптық тәсілдерді білетін және іс жүзінде орындай алатын, сондай-ақ көкжиек тұстарын өздігінен анықтай және таныс емес жердегі қозғалысты жүзеге асыра алатын болады. Кейбір оқушылар: – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының Саптық жарғысы қағидаларына талдау жасай, жергілікті жерде бағдарланудың әртүрлі құралдары мен тәсілдерін қолдана, көкжиек тұстарын анықтай, қозғалыс маршрутын жасай және таныс емес жерде магнитті азимут бойынша қозғалысты жүзеге асыра алатын болады.
Тілдік міндеттер	Оқушылар: қарастырылатын мәселелердің мәнін ашатын ақпараттан мысалдар келтіре алады. Пәндік лексика мен терминология: • әскери сәлемдесу; • сап; • бөлімше; • саптық адым; • жорықтық адым; • саптан шығу; • бастыққа келу; • «Автоматты кеудеге!»; • «Қарумен сапқа тұр!»; • «Қаруды қой!»; • «Қаруға!»; • қарумен саптық қалып; • қайта сапқа тұру; • өрістетілген сап; • жорықтық сап; • бір қатарлы сап; • екі қатарлы сап; • азимут; • тұсбағар; • бағыт; • меридиандар.

Құндылық-тарды дарыту	Сабақ оқушылардың саптық дайындық бойынша білім алуына, әскери топография бойынша шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыруға, қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге бағытталған.	
Пәнаралық байланыс	Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, орыс тілі, физика, химия, құқық негіздері	
Мұның алдындағы білім	Саптық дайындық пен әскери топография бойынша қажетті білімді меңгерген.	
Сабақтың барысы		
Сабақтың кезеңдері	Сабақтағы қызметтің ұсынылатын түрлері	Ресурстар
Сабақтың басталуы 9.00 – 9.10	Ұйымдастыру сөті Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, оқу-материалдық базаны (оқу орнының дайындығын) тексеру. Білімді өзектендіру Өткен материалды қайталау. «Миға шабуыл» әдісі: – сап; – қатар; – машиналар сызығы; – қаптал; – маңдайшеп; – саптың тыл жағы; – аралық; – арақашықтық; – саптың ені; – сап тереңдігі; – екі қатарлы сап; – лек; – өрістетілген сап; – жорықтық сап; – бағыттаушы; – тұйықтаушы; – азимут; – магнитті азимут; – бағдар; – магнитті меридиандар. Мұғалім қорытынды жасайды.	Оқулық, дәптер
Сабақтың ортасы 9.10-12.50	3. Сабақтың тақырыбынан. Мақсаттары мен мәселелерінен хабардар ету. Оқушыларды 5 командаға бөлу.	Оқулық, дәптерлер

	Жаңа материалды зерделеу (оқушылар оқулық мәтінімен жұмыс істейді). Талқылауға арналған тақырыптар (команданың аты): №1 команда. «Әскери сәлемдесу». №2 команда. «Саптан шығу және сапқа қайта түру»; №3 команда. «Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар»; №4 команда. «Бөлімшенің сабы». №5 команда. «Азимут бойынша қозғалыс». 4. Тапсырма Әрбір команда өз командасының аты бойынша постер жасайды (оқулықты пайдаланады). 5. Постерлердің көрсетілімі: – №1 команда «Әскери сәлемдесулер» тақырыбына өз жұмысының постерін жасайды; – басқа командалар әскери сәлемдесу әрекеттерін тыңдайды, көреді және толықтырады (нақтылайды); – оқушылар оқулық мәтінін пайдалана отырып, өз толықтыруларын дәлелдейді. 6. Барлық командалар әскери сәлемдесу тәсілдерін пысықтайды. Бір орында және қозғалыс кезіндегі (қарумен, қарусыз, сапта) әскери сәлемдесу тәсілдерін көрсетеді. 7. «Әскери сәлемдесулер» тақырыбы бойынша қорытындылар жасау: – әрбір команда тапсырылған тақырып бойынша әскери сәлемдесу тәсілдерін іс жүзінде көрсетеді; – әрбір командаға уақыт беріледі; – жалпы пікірталас, командалардың іс-әрекеттеріне талдау жасау, мұғалімнің қорытынды жасауы. Үзіліс – 5 мин.	
--	--	--

	8. №2 команда. «Саптан шығу және сапқа қайта тұру» тақырыбына өз жұмысының постерін жасайды. Жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі. 9. Мұғалім оқу топтарына бастыққа келу мен одан кетуді, командаларды іс жүзінде орындап көруді ұсынады: – «Саптан шық (Саптан ... адымға шық)»; – «Маған кел (Маған жүгіре кел)»; – «Сапқа тұр». – «Қатардағы жауынгер (Тегі) ! Сапқа тұр» Жалпы пікірталас, саптық тәсілдер мен командир командаларын орындауды талдау, мұғалімнің қорытынды жасауы (қайталанатын қателіктерге назар аударады). Үзіліс – 5 мин. 10. №3 команда. «Саптық тәсілдер және қарумен қозғалыс» тақырыбы бойынша өз жұмысының постерінін жасайды . Жалпы талқылау, постерді талдау. 11. Әрбір командаға өз командаларының құрамында мынадай мәселелерді пысықтау ұсынылады: – бір орында тұрып қарумен тәсілдер орындау; а) «Автоматты кеуде-ГЕ!» командасы бойынша автоматты «иыққа» жағдайынан «кеудеге» жағдайына ауыстыру; ө) «Иыққа!» командасы бойынша автоматты «кеудеге» жағдайынан «иыққа» жағдайына ауыстыру; б) «Бауды – БОСАТ (ТАРТ)» командасы бойынша бауды босату (тарту); в) «Қаруды – АРҚА-ҒА» командасы бойынша қаруды «иыққа»	
--	---	--

	жағдайынан «арқаға» жағдайына ауыстыру; г) «Қаруды – ИЫҚ-ҚА» командасы бойынша қаруды «арқаға» жағдайынан «иыққа» жағдайына ауыстыру; д) «ҚАРУДЫ – ТҮЗЕ», «Бөлімше, ҚАРУДЫ жерге - қой», «Бөлімше – ҚАРУҒА», «ҚАРУ АЛ». Командалардың спикерлері командаларды орындаудың дәлдігіне назар аударулары тиіс. 12. «Джигсо» әдісімен жұмыс. Әрбір команданың спикерлері басқа командалардың (оқу топтарының) мүшелеріне түсіндіре отырып, өз нәтижелерін ұсынады, саптық тәсілдер мен жоғарыда көрсетілген командалар бойынша қарумен жүруді үлгілі орындауды көрсетеді. 13. Әркімнің қателіктерді түзету бойынша жеке жұмысы, оқушылардың команда бойынша саптық тәсілдер мен қарумен жүруді іс жүзінде орындауы. 14. Жұптық жұмыс. Оқушылар бір-бірінің қателіктерін түзейді, саптық тәсілдер мен қарумен жүруді орындау бойынша іс-тәжірибелік шеберліктер мен дағдыларды қалыптастыру процесі жүреді. 15. Мұғалімнің жалпы қорытындылауы. Үзіліс – 5 мин. 16. №4 команда. «Бөлімшенің сабы» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. Жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі. 17. Іс-тәжірибелік жұмыс Оқушылар тапсырманы орындайды, мына мәселелерді пысықтайды:	
--	---	--

	1. Бөлімшенің өрістетілген және жорықтық сапқа тұруы. Командаларды орындау: – «Бөлімше, бір қатарға (екі қатарға) – САПТАЛ!»; – «ТҮЗЕЛ» немесе «Солға – ТҮЗЕЛ»; – «ТІК ТҮР»; – «ЕРКІН ТҮР»; – «ЖИНАҚТАЛ»; – «Бөлімше - ТАРА»; – «Бөлімше – МАҒАН КЕЛ». 2. Бөлімшенің жазылуы және жиналуы. Командаларды орындау: – «Бөлімше, оңға (солға, ортадан бастап) (осынша) адымға жа-ЗЫЛ (жүгіре жа-ЗЫЛ)»; – «Бөлімше, оңға (солға, ортаға қарай) жи –НАЛ (жүгіре жи-НАЛ)»; – «АДЫМДАП (саптық адыммен, жүгіре) - БАС»; – «Адымдамай - БАС»; – «Бөлімше, оң (сол) иыққа қарай алға, адымдап - БАС», жүріп келе жатқанда – «Бөлімше, оң (сол) иыққа қарай алға - БАС»; – «ТУРА»; – «Бөлімше - ТОҚТА»; – «Бөлімше, бірінші-екіншіге САНАЛ». 3. Бөлімшенің өрістетілген саптан жорықтық сапқа және керісінше тұруы. – «Бөлімше, ОҢ-ҒА»; – «Бөлімше, СОЛ-ҒА»; – «Бөлімше, екі лекпен адымдап – БАС» (жүру кезінде – «БАС»); – «ТУРА» немесе «Бөлімше – ТОҚТА»; – «Бөлімше, бір лекпен адымдап – БАС» (жүру кезінде – «БАС»); – «Бөлімше, оң (сол) иыққа қарай алға – БАС», «ТУРА»;	
--	---	--

	– «Бөлімше, менің соңымнан – БАС (жүгіре – БАС)». Мұғалім әрбір командаға бөлімше ретінде құрылған оқу топтарының (командаларының) барлық үш мәселені бір мезгілде орындауы үшін оқу орнын белгілейді. Бөлімше бір мәселені орындағаннан кейін (бір мәселені орындап көруге уақыт бөлінген болуы тиіс) бөлімше оқу орнын ауыстыруды жүргізеді (сағат тілі бойынша). Тапсырманы орындау нәтижелері туралы баяндауды жүзеге асыру. Үзіліс – 5 мин. 18. №5 команда. «Азимут бойынша қозғалыс» тақырыбы бойынша өз жұмысын ұсынады. Жалпы талқылау, постер бойынша талдау жүргізіледі. 19. Іс-тәжірибелік жұмыс Оқушылар тапсырманы орындайды, мәселелерді пысықтайды: 1. Көкжиек тұстары мен магнитті азимуттарды анықтау. Командалар Адрианов тұсбағарының көмегімен магнитті азимут бағытын анықтайды. 2. Азимут бойынша қозғалыс. Мұғалім әрбір командаға азимут бойынша қозғалысқа арналған маршрут сұлбасын таратады. Оқушылар маршрут сұлбасын зерделейді және жергілікті жердің бағдарлары бойынша маршрутпен жүруді жүзеге асырады. 20. Оқушыларды «Азимут бойынша қозғалыс» мәселесі бойынша оқыту мен жаттығуы үшін арнаулы оқу орнын жасау ұсынылады. Қозғалыс маршруты 5-6 бұрылысты (иықты) құрауы тиіс. Бірбірінен қашықтау, шамамен 50-60 метр жердегі бағдарларды	
--	--	--

	белгілеу керек. Олардың арасындағы арақашықтықты (метр адым жұптарымен) және магнитті азимутты анықтау. Маршрут сызбасының бірнеше нұсқасын жасау (оқу топтарының санына қарай). Оқушылар дайындалған сұлбаға ие бола отырып, тұсбағармен бағдарлануға, қозғалыс маршруты – магнитті азимутты келесі бағдарға дейін анықтауға, оларды метрге аудару ды ескерумен, адымдар жұптарын есептеуге, қозғалыс кезінде бағытты ұстап отыруға үйренеді. Тапсырманың орындалу нәтижелері туралы баяндауды жүзеге асыру.	
Сабақтың соңы	21. Рефлексия: Мен ... білдім Менің топ жұмысына қосқан үлесім ... Мағансөті түспеді Мағансөті түсті Мен өздігімнен ... үйрендім Командадағы жолдастарымның көмегімен ... үйрендім 19. Үй тапсырмасы: §16–20 сұрақтар мен тапсырмалар.	
Саралау. Сіз қолдауды қандай тәсілмен көбірек көрсеткіңіз келеді? Сіз басқаларымен салыстырғанда неғұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасын сақтау

• Оқытудың жеке қарқынын таңдау мүмкіндігі; • меңгерілетін оқу курсының тереңдету немесе алға озу мүмкіндігі – егер оқушыда жоғары ынталану байқалса, ол тақырыпты ақпараттың қосымша дереккөздерін пайдалана отырып, зерделей алады; • топтағы жұмыс – рөлдерді бөлу, орындалатын жұмысты, тапсырманы таңдау	Мұғалім тарапынан бағалау: – ауызша сауалнама, кері байланысты ұсынумен карточкалар бойынша ПБ өлшемшарттары бойынша бағалау; – “бір минуттық эссе”.	– Оқушыларға сабақта қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау бойынша нұсқама; – сергектік минуты; – қызметті алмастыру; – сабақ барысында қауіпсіздік техникасы іс-шараларын сақтау
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаты немесе оқу мақсаттары нақты және қолжетімді болды ма? Оқушылардың барлығы да оқыту мақсаттарына қол жеткізді ме? Егер оқушылар мақсатқа әлі де болса қол жеткізбеген болса, сіз оның неліктен екендігі туралы ойландыңыз ба? Сабақта жіктеу дұрыс жүргізілді ме? Сіз сабақ кезеңдерінің уақытын тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан шығып кету болды ма және де неліктен?		
Сабақтың бұл тарауын рефлексия үшін пайдаланыңыздар. Бұл бағаншадағы маңызды мәні бар сұрақтарға жауап беріңдер.		

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
“Алғашқы әскери және технологиялық дайындық” бойынша 10-сыныпқа арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар	5
Кіріспе сабақ	13

I-БӨЛІМ. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық

I тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері — мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі

§ 1. Мемлекет қорғанысының Конституциялық негіздері	18
§ 2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери рәміздері	23
§ 3. Экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке тигізетін салдары	28
I тарау бойынша бағалау сұрақтары	32

II тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары

§ 4. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлерінің және әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	36
§ 5. Әскери қызметшілер және олардың арасындағы өзара қатынастар	41
§ 6. Әскери тәртіп, оның мәні мен маңызы	45
II тарау бойынша бағалау сұрақтары	51

III тарау. Тактикалық дайындық

§ 7. Мотоатқыштар бөлімшесін ұйымдастыру және ұрыстық мүмкіндіктері	56
III тарау бойынша бағалау сұрақтары	60

IV тарау. Атыс дайындығы

§ 8. Калашников автоматы мен қол пулеметі	64
§ 9. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинастыру	68
§ 10. Калашников автоматын (қол оқшашарын) атуға дайындау	72
§ 11. Жарықшақты қол гранаталары	75
IV тарау бойынша бағалау сұрақтары	79

V тарау. Саптық дайындық

§ 12. Сап және оның элементтері. Саптық қалып	84
§ 13. Орнында тұрып бұрылулар. Саптық және жорықтық адым	88
V тарау бойынша бақылау сұрақтары	92

VI тарау. Әскери топография

§ 14. Жергілікті жерде картасыз бағдарлау	97
§ 15. Магниттік азимутты анықтау	101
VI тарау бойынша бағалау сұрақтары	105

VII тарау. Әскери роботтық техникалардың негіздері

§ 16. Әскери роботты техникалардың негіздері	111
§ 17. Роботтарды басқару алгоритмі	115
§ 18. Роботтарға арналған тапсырмалар	119
VII тарау бойынша бағалау сұрақтары	122

VIII тарау. Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері

§ 19. Шаруашылық объектісінің азаматтық қорғанысы	125
§ 20. Ядролық қару және оның сипаттамасы	129
§ 21. Химиялық қару	133

§ 22. Биологиялық (бактериологиялық) қару	137
§ 23. Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары	142
§ 24. Теріні қорғаудың жеке құралдары	146
§ 25. Ұжымдық қорғану құралдары	150
§ 26. Эвакуациялау және халықты бөліп жайғастыру	153
§ 27. Террорлық қауіп-қатер кезіндегі тұрғындардың қауіпсіздігі	158
§ 28. Табиғи апат аймақтарындағы тұрғындардың әрекеттері	163
§ 29. Жарақат алу, қан кету және күйік шалу кезінде көрсетілетін алғашқы медициналық көмек	168
§ 30. Түрлі қайғылы оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек	172
VIII тарау бойынша бағалау сұрақтары	177
I тоқсан бойынша қорытынды бақылау сұрақтары	181
II тоқсан бойынша қорытынды бақылау сұрақтары	184
III тоқсан бойынша қорытынды бақылау сұрақтары	188
IV тоқсан бойынша қорытынды бақылау сұрақтары	193

II-БӨЛІМ. Далалық оқу жиыны

§ 1. Әскери бөлімнің (бөлімшенің) қару-жарағы мен әскери техникасы.	199
§ 2. Бөлімшенің ұрыстық және жорықтық орналасу тәртібі.	—
§ 3. Қорғанудың дербес құралдарын қолдануға жаттығу.	—
§ 4. Ұрыстағы сарбаздың әрекеттері.	—
§ 5. Қорғаныстағы сарбаз.	206
§ 6. Шабуылдағы сарбаз.	—
§ 7. Бақылаушы сарбаз.	211
§ 8. Шолушы сарбаз.	—
§ 9. Калашников автоматын жартылай бөлшектеу және жинақтау жаттығулары.	—
§ 10. АК-74 (винтовкасы) атуға ыңғайлануға жаттығу.	—
§ 11. Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру тәсілдері.	—
§ 12. Әскери бөлім (бөлімше) әскери қызметшілерінің орналасуы, өмірі мен тұрмысы.	218
§ 13. Рота бойынша тәуліктік кезекшінің міндеттері.	—
§ 14. Сақшының міндеттері.	—
§ 15. Бекеттегі сақшының міндеттері мен іс-әрекеттері.	—
§ 16. Әскери сәлемдесу.	225
§ 17. Саптан шығу және сапқа қайта тұру.	—
§ 18. Саптық тәсілдер және қарумен орындалатын іс-қимылдар.	—
§ 19. Бөлімшенің сабы.	—
§ 20. Азимут бойынша қозғалыс.	—

Учебно-методическое издание

Майхиев Даурен Кулибекулы

АЛҒАШҚЫ ӨСКЕРІ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ

Методическое руководство

Пособие для учителей 10 классов общеобразовательных школ
(на казахском языке)

Редакторы *Г. Садықова*

Көркемдеуші редакторы *А. Ақыл*

Техникалық редакторы *Л. Садықова*

Корректоры *Ж. Баймағамбетова*

Компьютерде беттеген *З. Мұшірова*

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz